

**Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысы. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім), Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" 1999 жылғы 1 сәуірдегі және "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу ( мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесі бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002 жылғы 25 шілдедегі  
N 832 қаулысымен  
бекітілді

**Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік (мерзімдік және жылдық) нысандарын жүргізу жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесі**

*Ескерту. Мәтіндегі "Тапсырыс", "Тапсырысты", "Тапсырыстың", "Тапсырысқа", "Тапсырыстар", "Тапсырыстарды", "Тапсырысын" деген сөздер "Хабарлама (Тапсырыс)", "Хабарламаны (Тапсырысты)", "Хабарламаның (Тапсырыстың)", "Хабарламаға (Тапсырысқа)", "Хабарламалар (Тапсырыстар)", "Хабарламаларды (Тапсырыстарды)", "Хабарламасын (Тапсырысын)", "Сатып алуға арналған тапсырыс" деген сөздер "Міндеттемелерді тіркеу туралы хабарлама (Тапсырыс)" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

## **1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексіне (Жалпы бөлім), "Бюджет жүйесі туралы" (бұдан әрі - бюджет жүйесі туралы заң) 1999 жылғы 1 сәуірдегі және "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңдарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже бюджет жүйесі туралы заңда белгіленген кезендерге сәйкес бюджеттің атқарылу рәсімдерін анықтайды.

3. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі қаржылық рәсімдер - мемлекеттік мекемелер өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын және қолданылып жүрген заң актілеріне сәйкес бекітілген республикалық және жергілікті бюджеттерге атқаруға бағытталған іс-әрекеттер.

4. Бюджетті атқару жөніндегі қаржылық рәсімдер сол сияқты бюджет жүйесі туралы заңға сәйкес алдағы қаржы жылының 1-тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспарының және тиісті қаржы жылының 1-тоқсанына арналған жергілікті бюджетті қаржыландыру жиынтық жоспарының атқарылуына қолданылады.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен оның аумақтық бөлімшелерінің бюджеттің атқарылу процесіндегі іс-әрекеттері, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп жүргізу және республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы жөнінде есептілікті жасау тәртібі Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен анықталады.

## **2-бөлім. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың актілерді дайындау рәсімдері**

**1-тарау. Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін дайындау және бекіту рәсімдері**

6. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңы бекітілгеннен кейін бес жұмыс күнінің ішінде оның іске асырылуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің актісі қабылданады.

7. Республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің актісі (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің актісі) :

кірістердің, алынған ресми трансферттердің көлемдерін, республикалық бюджеттен берілген несиелердің қайтарылуын, бюджеттің шығындарын, несиелері мен тапшылығын (профицитін), республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыруды (профицитті пайдалануды);

функционалдық топтар, ішкі функциялар, республикалық бюджеттік бағдарламалар, бағдарламалар және кіші бағдарламалар әкімшілері бойынша

республикалық бюджеттің шекті шығыстарының тізбесін;

< \* >

республикалық инвестициялық жобалардың тізбесін;

мемлекеттік мекемелерге республикалық бюджет туралы заңды іске асыру жөніндегі тапсырмаларды қамтиды.

*Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 қаулысымен .*

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің актісін әзірлеуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (бұдан әрі - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі) жүзеге асырады.

< \* >

*Ескерту. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

**2-тарау. Мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органдардың актісін дайындау және бекіту рәсімдері**

9. Тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті бекіту туралы мәслихаттың шешімі қабылданғаннан кейін жеті жұмыс күнінің ішінде жергілікті атқарушы орган оның іске асырылуы туралы актіні қабылдайды.

10. Тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті бекіту туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның актісі (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органның актісі):

кірістердің, алынған ресми трансферттердің көлемдерін, жергілікті бюджеттен берілген несиелердің қайтарылуын, бюджеттің шығындарын, несиелері мен тапшылығын (профицитін), жергілікті бюджеттің тапшылығын қаржыландыруды (профицитті пайдалануды);

функционалдық топтар, ішкі функциялар, жергілікті бюджеттік бағдарламалар, бағдарламалар және кіші бағдарламалар әкімшілері бойынша жергілікті бюджеттің шекті шығыстарының тізбесін;

жергілікті ағымдағы бюджеттік бағдарламалар және кіші бағдарламалар, дамытудың бюджеттік бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесін;

жергілікті инвестициялық жобалардың тізбесін; <\*>

мемлекеттік мекемелерге тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті бекіту туралы мәслихаттың шешімін іске асыру жөніндегі тапсырмаларды қ а м т и д ы .

*Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

11. Жергілікті бюджетті атқару барысында жергілікті атқарушы органның актісіне өзгерістер ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті бекіту туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның бекітілген актісінің көрсеткіштері өзгерген жағдайда енгізіледі.

### **3-тарау. Бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту және нақтылау рәсімдері**

12. Бюджеттік бағдарламалардың паспорты (бұдан әрі - паспорт) бюджеттік бағдарламалардың мониторингін қамтамасыз ету, іске асыруды бағалау және тиімділігі бақылау, сондай-ақ бюджеттің атқарылу сатысында бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуды бақылау мақсатында әзірленеді және бекітіледі.

Егер Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен шартқа (келісімге) сәйкес үкіметтік сыртқы заемның қаражаты бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі болып табылса, онда оның паспортында міндетті түрде жылдар бойынша бөле отырып үкіметтік заемның жалпы құны қосымша көрсетіледі.

< \* >

*Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 қаулысымен .*

13. Паспорт күтілетін нәтижелер көрсетіле отырып, мақсатын және мерзімдері, ресурстары және іс-шаралардың атқарушылары бойынша келісілген кешенін анықтайды. Бұл ретте бағдарламаның мақсаты елдің экономикалық дамуының стратегиялық басымдықтары ескеріле отырып, қойылуы тиіс.

14. Бюджеттік бағдарламаның объективтік мониторингін, оның тиімді іске асырылуын бағалауды және тиімділігін бақылауды қамтамасыз ету үшін паспорт бюджеттік бағдарлама туралы толық ақпаратты қамтуы тиіс.

15. Паспортты тиісті қаржы жылына арналған республикалық немесе жергілікті бюджетте көзделген әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша жыл сайын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері әзірлейді.

16. Паспорттарды Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесімен анықталған нысан бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын және республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін әзірлеу сатысында әзірленген жобалардың негізінде Үкімет немесе жергілікті атқарушы орган бекітеді. Бұл ретте, бюджеттердің жобаларын тиісті бюджет комиссиясында Қазақстан Республикасының Үкіметінде, жергілікті атқарушы органда, Қазақстан Республикасының Парламентінде және мәслихаттарда қарау нәтижелері ескеріледі.

17. Паспорттар Қазақстан Республикасы Үкіметінің кесімі және жергілікті атқарушы органдардың кесімдері қабылданғаннан кейін, бірақ қаржы жылының басталуынан кешіктірмей он жұмыс күні ішінде бекітілуі тиіс. <\*>

Мәслихаттар тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттер бекітілгенге дейін жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу сатысында әзірленген паспорттардың жобалары жергілікті бюджеттерді атқару үшін

п а й д а л а н ы л а д ы .

*Ескерту. 17-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

1 8 . < \* >

*Ескерту. 18-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

18-1. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын нақтылауды бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімі негізінде Бюджет комиссиясы қ а р а й д ы .

Б ю д ж е т к о м и с с и я с ы :

негізінде бағдарлама іске асырылатын нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге байланысты бюджеттік бағдарлама паспорттының өзгерістерін;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті актілерінің негізінде мемлекеттік органдарды қайта ұйымдастыруға байланысты бюджеттік бағдарлама паспорттының өзгерістерін қарамайды.

Мұндай жағдайда бюджеттік бағдарламаның паспорттына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының немесе жергілікті атқарушы орган шешімінің жобасын заңнамада белгіленген тәртіппен бюджеттік бағдарламаның әкімшісі әзірлейді.

*Ескерту. 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

*Ескерту. 18-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 қаулысымен .*

### **3-бөлім. Қаржыландыру жоспарларын жасау және бекіту**

19. Бюджетті атқару үшін қаржыландырудың мынадай түрлері жасалады: мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері және төлемдері бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландырудың ж о с п а р л а р ы ;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелері және төлемдері бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру ж о с п а р л а р ы ;

қаржыландырудың жиынтық жоспары.

20. Мәслихат тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті бекіткенге дейін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) қаржыландыру жоспарлары тиісті қаржы жылына арналған жылдық жергілікті бюджет жоспарының 1/4 бөлігі шегінде қалыптасады.

21. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің міндеттемелері мен

төлемдері бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландырудың жоспарлары, мемлекеттік мекеменің міндеттемелері мен төлемдері бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарлары және қаржыландырудың жиынтық жоспарлары республикалық бюджет туралы заңға және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерді бекіту туралы мәслихаттардың шешімдеріне, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың актілеріне, паспорттарға, Бірыңғай бюджеті сыныптамаға, Шоттардың бірыңғай стандарттық жоспарына сәйкес және осы Ережеде белгіленген тәртіппен ә з і р л е н е д і .

22. Мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарлары (бұдан әрі - мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша қаржыландырудың жоспары) және мемлекеттік мекеменің төлемдері бойынша (бұдан әрі - төлемдері бойынша қаржыландырудың жоспары) бюджетті атқару жөніндегі мемлекеттік мекеменің негізгі құжаттары болып табылады.

23. Мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша қаржыландыру жоспары қаражаттың көлемдерін анықтайды, оның шегінде мемлекеттік мекеме бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген іс-шараларды іске асыру үшін міндеттемелер қабылдауға құқығы бар.

Мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша қаржыландыру жоспарының сомасын ай сайын бөлу тиісті ағымдағы жыл ішінде оның паспорттында көзделген әрбір бюджеттік бағдарлама және кіші бағдарлама бойынша іс-шараларды іске асыру мерзімдеріне сәйкес міндеттемелерді қабылдау мерзімдеріне сәйкес келуі тиіс.

24. Мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша қаржыландыру жоспары мемлекеттік мекемелердің бюджеттік бағдарламаның паспорттында көзделген іс-шараларды жүргізумен байланысты міндеттемелерді қабылдауына рұқсаттар беру үшін, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері бойынша бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспарын қалыптастыру үшін пайдаланылады.

25. Мемлекеттік мекеменің төлемдері бойынша қаржыландыру жоспары қаражаттың көлемдерін анықтайды, олардың шегінде мемлекеттік мекеменің бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген іс-шараларды іске асыру үшін қабылданатын міндеттемелер бойынша төлемдер жүргізуге құқығы б а р .

Мемлекеттік мекеменің төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарының жылдық сомасын ай сайын бөлу паспортта көзделген әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша іс-шараларды іске асыру мерзімдеріне

сәйкес тиісті қаржы жылы ішінде алынатын тауарлар, (жұмыстар және қызметтер) бойынша төлемдерді жүзеге асыру мерзімдеріне сәйкес келуі тиіс.

26. 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекеме міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын:

республикалық немесе жергілікті бюджеттерді бекіту немесе нақтылау кезінде болған өзгерістерді ескере отырып, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімінде ұсынылған бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстар есептемесінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы Заңын іске асыру туралы Үкіметтің және жергілікті атқарушы органдар актілерінің және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерді бекіту туралы шешімнің (бұдан әрі - есептеме);

бюджеттік бағдарламалардың кіші бағдарламалары бойынша іс-шараларды іске асыру мерзімдері, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына (бұдан әрі - мемлекеттік сатып алу туралы заң) сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарды жүргізу, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушілермен шарттар жасасу сияқты бюджеттік бағдарламалар паспорттарының көрсеткіштерін, сандық көрсеткіштерді ескере  
о т ы р ы п ;

бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) нормативтік құқықтық негіздеріне сәйкес;

мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы Заңын іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың актілеріне және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерді бекіту туралы мәслихаттың шешімдерінде берілген тапсырмаларды іске асыруына байланысты нормативтік құқықтық актілерге сәйкес;

Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы шығыстарының экономикалық сыныптамасына (бұдан әрі - шығыстардың экономикалық сыныптамасы ) сәйкес;

шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымына сәйкес әзірлейді.

27. Мемлекеттік мекеменің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларына, сондай-ақ оларға есептемелерге мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға, және ол бас бухгалтер қол қояды және оның мөрімен расталады, одан кейін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне беріледі.

28. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын жасаудың

дұрыстығы үшін және оларды бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілеріне уақтылы тапсырмағаны үшін жауап береді.

29. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі міндеттемелері және төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларын 3 және 4-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандар бойынша қаржыландыру жоспарларын тиісінше міндеттемелер және төлемдер бойынша мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарын жинақтау жолымен бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қалыптастырады.

30. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің міндеттемелері және төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың актілерімен бекітілген бюджеттік бағдарламалар және кіші бағдарламалар бойынша сомаға сәйкес келуі тиіс.

31. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелері және төлемдері бойынша ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарлары қаржыландырудың тиісті жиынтық жоспарларын қалыптастыру үшін пайдаланылады. < \* >

*Ескерту. 31-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

31-1. Міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын қалыптастыру үшін Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті жылға арналған бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы кесімі қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде бюджеттік бағдарламалардың, кіші бағдарламалардың әкімшілері және бірыңғай бюджеттік сыныптама шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бөлінісінде республикалық бюджеттің шығыстарына арналған жылдық бюджеттік тағайындаулардың жиынтығын бекітеді және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне береді. < \* >

*Ескерту. 31-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

*Ескерту. 31-1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 қаулысымен .*

32. Мемлекеттік мекеменің міндеттемелері және төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бірінші басшысы немесе оларға уәкілеттік берген тұлға бекітеді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы болмаған жағдайда, Мемлекеттік мекеменің міндеттемелері және төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларын оларға осындай міндеттемелерді жүктеу туралы бұйрыққа сәйкес оның жауапты тұлғалары бекітеді.



33. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кесімі қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша бекітілген жоспарларды, олар бойынша Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен келісілген жылдық соманы, оларға есептеулерді, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің бекітілген қаржыландыру жоспарларын Қаржы министрлігіне береді.

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарлары Қаржы министрлігі белгілеген форматта қағаз және электрондық түрде, ал мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарлары - магниттік түрде ғана беріледі.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жергілікті атқарушы органның кесімі қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша бекітілген жоспарларды, оларға есептеулерді тиісті жергілікті уәкілетті органға береді.

Барлық деңгейдегі қаржыландыру жоспарларының шынайылығына, ресімделу дұрыстығына және уақытылы берілуіне бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жауап береді. < \* >

*Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен*

34. Қаржыландыру жиынтық жоспарының мынадай құрылымы бар:  
бюджетке түсетін түсімдердің жиынтық жоспары:  
к і р і с т е р ;  
алынған ресми трансферттер;  
н е с и е л е р д і қ а й т а р у ;

бастапқы қаржы жылына арналған бюджет қаражатының бос қалдықтарын ескере отырып, бюджеттің тапшылығын қаржыландыру көздері;  
міндеттемелері және төлемдері бойынша қаржыландырудың жиынтық ж о с п а р ы :

ш ы ғ ы н д а р ;  
н е с и е л е р ;

үкіметтік борышты өтеу немесе жергілікті атқарушы органның борышын ө т е у .

35. Қаржы министрлігі және жергілікті уәкілетті органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың тиісті қаржы жылына арналған актісі бекітілгеннен кейін екі аптаның ішінде қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді.

36. Бюджетке түсетін түсімдердің жиынтық жоспары заң актілеріне сәйкес бюджетке төленетін төлемдердің мерзімдері, алдағы жылы бюджетке түсетін түсімдердің серпіні, мемлекеттік бағалы қағаздардың табыстылық серпінінің талдауы және бағалы қағаздар рыногында сұраным және ұсыныс деңгейі, 5-қосымшаға сәйкес белгіленген нысанда жасалған заемдар туралы несиелік келісімдері мен шарттарының (келісім-шарттарының) жағдайлары негізге алына отырып республикалық бюджетке түсетін түсімдер жоспарларының негізінде ж а с а л а д ы . < \* >

*Ескерту. 36-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

36-1. Республикалық бюджетке түсетін түсімдер жоспарлары республикалық бюджетке түсетін түсімдер жоспарларының жобаларына негіздей отырып, 5-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстардың, Астана, Алматы қалаларының бөлінісінде қалыптастырылады. < \* >

*Ескерту. 36-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

37. Міндеттемелері және төлемдері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарлары 6 және 7-қосымшаларға сәйкес белгіленген нысандар бойынша мынадай тәртіппен қалыптасады:

міндеттемелері және төлемдері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарлары Қаржы министрлігіне және жергілікті уәкілетті органдарға бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынған міндеттемелері мен төлемдері бойынша бекітілген тиісті қаржыландыру жоспарының сомасы болып табылады;

бюджеттік бағдарламалардың, бағдарламалар және кіші бағдарламалар әкімшілері бойынша міндеттемелері және төлемдері бойынша қаржыландыру жиынтық жоспарларының жылдық сомасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың актісімен бекітілген сомаға бюджеттік бағдарламалардың, кіші бағдарламалардың әкімшілері және Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың бағдарламалары мен шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бөлінісінде республикалық бюджеттің шығыстарына арналған жылдық бюджеттік тағайындаулар жиынтығының сомасына сәйкес келеді; < \* >

жоғары тұрған бюджеттерден төмен тұрғандарға берілетін ресми трансферттердің және несиелердің жылдық сомасын ай сайынғы бөлу мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінің ұсыныстары бойынша көзделеді;

жоғары тұрған бюджеттерден төмен тұрғандарға берілетін ресми трансферттердің сомасы және несиелерді қайтару жоғары тұрған бюджеттердің түсімдері жөніндегі жиынтық жоспарындағы сияқты сондай көлемдерде және

сол айларда төмен тұрған бюджеттердің міндеттемелері және төлемдері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында ескеріледі;

бюджетке түсетін түсімдердің жиынтық жоспары және төлемдері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бюджетке түсетін ақша түсімдерінің күтілетін көлемін ескере отырып, жыл басынан үдемелі өсу қорытындысымен жыл бойынша және айлар бойынша теңдестірілуі тиіс, бұл ретте өсу қорытындысымен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының жылдық сомасын айлар бойынша бөлу көлемі өсу қорытындысымен бюджетке түсетін жиынтық түсімдердің жиынтық жоспарының сомасын айлар бойынша бөлу көлемінен аспауы тиіс. <\*>

*Ескерту. 37-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

38. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары республикалық бюджеттен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ресми трансферттердің бекітілген сомасын, республикалық бюджеттен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджетіне берілетін бюджеттік несиелер сомасын, республикалық бюджеттен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджетіне бұрын берілген несиені қайтару сомасын ай сайын бөлуді тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде Қаржы министрлігіне береді.

39. Аудандардың (қалалардың) жергілікті уәкілетті органдары облыстық бюджеттен аудандардың (қалалардың) бюджетіне берілетін ресми трансферттердің сомасын бөлуді облыстық бюджеттер бекітілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде облыстардың жергілікті уәкілетті органына береді.

39-1. Мемлекет алдында салық міндеттемелерінің орындалуын салықтық бақылауды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган және кеден ісіне басшылық етуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің кесімі қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Қаржы министрлігіне 5-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республикалық бюджетке түсетін түсімдер жоспарларының жобаларын және оларға есептеулерді ұсынады.  
< \* >

*Ескерту. 39-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

39-2. Қаржы министрлігі осы Ереженің 35-тармағында көрсетілген мерзімге дейін екі жұмыс күнінде мемлекет алдында салық міндеттемелерінің орындалуын салықтық бақылауды қамтамасыз ететін мемлекеттік органға және кеден ісіне басшылық етуді жүзеге асыратын орталық атқарушы органға олар жіберген тиісті түсімдер жоспарларының жобалары қабылданбаған жағдайда себептерінің негіздемесімен республикалық бюджетке түсетін түсімдердің

жиынтық жоспарын қалыптастыру үшін берілген республикалық бюджетке түсетін түсімдер жоспарларының жобаларын жібереді. <\*>

*Ескерту. 39-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*

қ а у л ы с ы м е н

40. Қаржы министрлігі және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары республикалық бюджет туралы заңмен және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерді бекіту туралы мәслихаттардың шешімдерімен бекітілген көлем шегіндегі бюджеттік алымдардың сомасын бөлуді тиісті бюджеттер бекітілгеннен кейін жеті жұмыс күні ішінде облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың (қалалардың) жергілікті уәкілетті органдарына ұсынады.

41. Республикалық бюджет бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын және республикалық бюджетке түсетін түсімдердің жоспарларын Қаржы министрлігінің бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға, жергілікті бюджеттер бойынша - тиісті жергілікті уәкілетті органның бірінші басшысы бекітеді, олардың әзірленуіне жауапты бөлімшенің бірінші басшысы қол қояды және олардың мөрімен расталады. <\*>

Қаржы министрлігінің немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның және жергілікті уәкілетті органдардың бірінші басшылары болмаған жағдайда, қаржыландырудың жиынтық жоспарын оларға міндеттерді жүктеу туралы бұйрыққа сәйкес жауапты тұлғалар бекітеді.

*Ескерту. 41-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816* қаулысымен .

42. Қаржы министрлігі және жергілікті уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне шығыстардың ведомстволық және экономикалық сыныптамасы бойынша қаржыландыру жиынтық жоспарларының бекітілген сомасын, ал бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері - ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге береді.

43. Жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджетті қаржыландыру жиынтық жоспарының бір данасын ол бекітілгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде қазынашылықтың аумақтық органына ұсынады.

Жергілікті бюджетті қаржыландырудың жиынтық жоспарын қазынашылықтың аумақтық органдарына уақытылы беруге тиісті уәкілетті жергілікті органның басшысы береді.

44. Қаржыландырудың жиынтық жоспары бекітілгеннен кейін Қаржы министрлігі мемлекет алдында салық міндеттемелерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз ететін мемлекеттік органға және кеден ісіне басшылық етуді жүзеге асыратын орталық атқарушы органға республикалық бюджетке түсетін түсімдердің жоспарын жібереді. <\*>

*Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*

қ а у л ы с ы м е н

45. Мемлекеттік мекеме қаржыландырудың жиынтық жоспарын бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде бекітілген мемлекеттік мекеменің міндеттемелері және төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларын қазынашылықтың аумақтық, органына жібереді. < \* >

*Ескерту. 45-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

46. Қазынашылықтың аумақтық органдарына бекітілген мемлекеттік мекеменің міндеттемелері және төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларын уақытылы ұсынуға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті мемлекеттік мекеменің басшысы жауап береді.

**4-бөлім. Бюджетке түсетін түсімдер бойынша және мемлекеттік мекемелердің түсімдері бойынша бюджеттің атқарылу рәсімдері**

**4-тарау. Ұлттық валютада түсетін түсімдер бойынша бюджеттің атқарылу рәсімдері**

47. Бюджет жүйесі туралы заңға, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне , республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңына және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерді бекіту туралы мәслихаттардың шешімдеріне және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілеріне сәйкес ұлттық валютада бюджетке түсетін түсімдер Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының бекітілген кірістер сыныптамасы кодтарына сәйкес Бірыңғай қазынашылық шотына (бұдан әрі - БҚШ) есептеледі.

48. БҚШ-ға бюджеттен түсетін түсімдерді аудару Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі (бұдан әрі - ҚҰБ) белгілеген нысанда төлем құжатының негізінде жүзеге асырылады. "Бюджеттік сыныптама кодтары" жолындағы деректемелерді төлеушілерге Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен аумақтық салық органдары жеткізеді.

49. Қаржы министрлігі облыстық, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен алынатын бюджеттік алымдарды республикалық бюджетке аударудың күн сайынғы мөлшерін анықтайды.

Облыстың жергілікті уәкілетті органы аудандық (қалалық) бюджеттен алынатын бюджеттік алымдарды тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджетті бекіту туралы мәслихаттың шешімімен бекітілген соманың шегінде облыстық бюджетке аудару сомасын анықтайды, бюджеттік алымдарды күн сайын аударудың ақпаратын қазынашылықтың тиісті аумақтық органына ж е т к і з е д і .

50. Қаржы министрлігі:

күн сайын уақыттың нақты режимінде заңдарда белгіленген тәртіппен

Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы (бұдан әрі - ҚБЕО) арқылы екінші деңгейдегі банктерден және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан бюджетке түсетін түсімдер бойынша электронды төлем құжаттарын қабылдайды;

күн сайын белгіленген тәртіппен кірістерді бөлудің нормативтері бойынша республикалық бюджет пен облыстардың, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің арасындағы бюджетке түсетін іс жүзіндегі түсімдерді бөлуді жүргізеді;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы Жарлығымен (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы) белгіленген тізбе бойынша шикізат секторы ұйымдарынан (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша) (бұдан әрі - шикізат секторының ұйымдары) республикалық бюджетке түсетін бекітілген жылдық көлеммен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына оларға бекітілген жергілікті бюджетке түсетін

тоқсандағы көлемнен үдемелі қорытындымен асып түсетін салық және бюджетке төленетін өзге де төлемдердің бөлігін аударды; <\*>

шикізат секторы ұйымдарынан жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдердің бекітілген тоқсандық көлемдері болмаған жағдайда республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жылдық сомалар шегінде түсімдердің бөлігін аударды

< \* >

*Ескерту. 50-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

51. Қазынашылықтың аумақтық органы кірістерді бөлудің нормативтері бойынша облыстық бюджет пен аудандардың (қалалардың) бюджеттері арасындағы облыстың бюджетіне түсетін іс жүзіндегі түсімдерді бөлуді жүргізеді .

Егер, тиісті қаржы жылының басына дейін облыстық бюджет бекітілмеген жағдайда, бөлу алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджет туралы мәслихаттың шешімімен белгіленген кірістерді бөлудің нормативтері бойынша жүргізіледі .

52. Бюджетке артық төленген, қате немесе дұрыс түспеген соманы қайтару, аумақтық салық органдарының арасында кірістердің бір сыныптама кодынан екіншісіне түсімдерді көшіру (бұдан әрі - қайтару және/немесе көшіру) Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен аумақтық салық органдары қорытындыларының және төлем құжаттарының негізінде жүргізіледі.

Қайтаруға немесе көшіруге арналған құжаттар аудан, қала бойынша Бірыңғай бюджеттік сыныптама бюджеттің кіріс сыныптамасының тиісті ішкі сыныбы бойынша жылдың басынан бастап іс жүзінде түскен сома шегінде қабылданады.

Егер, бюджет кірістерінің тиісті сыныптама ерекшелігі (ішкі сыныбы) бойынша қаланың, ауданның бюджетіне түсетін түсімдердің іс жүзіндегі көлемі қайтаруды немесе көшіруді жүзеге асыруға жол бермесе, онда аумақтық салық органы тұтастай алғанда облыс бойынша бюджет кірістерінің тиісті сыныптама ерекшелігі (ішкі сыныбы) бойынша жылдың басынан бастап бюджетке түскен іс жүзіндегі түсімдердің сомасы шегінде қайтаруды және көшіруді жүзеге асыруға арналған жоғары тұрған салық органының шешімін тиісті аумақтық қазынашылық органына ұсынады. Егер, қайтару немесе көшіру сомасы тұтастай алғанда облыс бойынша бюджет кірістерінің тиісті ерекшелігі (ішкі сыныбы) бойынша жылдың басынан бастап бюджетке іс жүзінде түскен түсімдердің сомасы артық болса, онда қайтару немесе көшіру тұтастай алғанда республика бойынша бюджет кірістерінің тиісті ерекшелігімен (ішкі сыныбымен) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің рұқсаты бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте, бюджет кірістерінің осы сыныптама ерекшелігі (ішкі сыныбы) бойынша дебеттік қалдықтарға жол беріледі. <\*>

*Ескерту. 52-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

#### **5-тарау. Шетел валютасында түскен түсімдер бойынша бюджеттің атқарылу рәсімдері**

53. Шетел валютасындағы бюджетке түсетін түсімдер ҚҰБ келісім бойынша Қаржы министрлігі анықтайтын тәртіппен Қаржы министрлігінің ҚҰБ шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарына есептеледі. <\*>

*Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

54. Қаржы министрлігінің шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарынан кейіннен БҚШ аударып отырып, шетел валютасын айырбастауды ҚҰБ келісім бойынша Қаржы министрлігі анықтайтын тәртіппен ҚҰБ жүргізеді.  
< \* >

*Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

55. Несие шотынан мемлекеттік (үкіметтік) сыртқы заемдар қаражатын алу бюджетті атқару кезінде мынадай түрде:

инвестициялық жобаның арнайы шотына аударған кезде Бірыңғай бюджеттік сыныптама кірістерінің бюджеттік сыныптамасына сәйкес түсімдер түрінде;

берушіге тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) аударған кезде Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы кірістерінің сыныптамасына (бұдан әрі - кірістер сыныптамасына) сәйкес түсімдер түрінде ескеріледі .

56. Осы Ережеде көзделген инвестициялық жобаның арнайы шотына қаражатты аударуды заем туралы шарттың (келісімнің) ережелеріне сәйкес несие

шотынан алуға арналған бюджеттік бағдарлама әкімшісінің өтінімі негізінде  
Үкіметке заем қаражатын немесе кепілдер беретін шетел несие берушісі немесе  
д о н о р ж ү р г і з е д і .

57. Инвестициялық жобаның арнайы шотына осы шоттан бұрын жүргізілген  
шығыс операциялары бойынша қаражатты қайтару жағдайларын қоспағанда,  
заем туралы шарттың (келісімнің) ережелеріне сәйкес көрсетілген шотты  
толықтыруға арналған мемлекеттік заем қаражатынан басқа, өзге қаражат  
е с е п т е л е а л м а й д ы .

58. Шоттарға инвестициялық жобаның арнайы шотының валютасынан  
өзгешеленетін валютада тек инвестициялық жобаның арнайы шотынан  
айырбасталған қаражат қана есептеледі.<\*>

*Ескерту. 58-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

59. Шоттан осы шоттардан бұрын жүргізілген шығыс операциялары бойынша  
қаражатты қайтару жағдайларын қоспағанда, ұлттық немесе шетел  
валюталарындағы инвестициялық жобалармен байланысты бюджеттік  
бағдарламалар (кіші бағдарламалар) қаржыландырылады.

*Ескерту. 59-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

60. Бюджетке түсетін түсімдер қолма-қол ақшаның тиісті бақылау  
шоттарында көрсетіледі.

#### **6-тарау. Зат түріндегі түсімдер бойынша бюджеттің атқарылу рәсімдері**

61. Зат түрінде бюджетке түсетін түсімдер заң актілеріне сәйкес  
қазынашылық органдарында ашылған бюджеттік шоттарда ақшалай нысанда  
к ө р с е т і л е д і .

62. Бюджетте зат түріндегі түсімдерді көрсету үшін заңдарда бюджеттердің  
алдында тауар немесе зат түріндегі міндеттемелерді орындайтын заңды және  
жеке тұлғалардың тізбесі және бюджет алдындағы міндеттемелердің сомасы  
а н ы қ т а л а д ы .

63. Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес зат түрінде бюджеттердің  
алдында міндеттемелерді орындайтын заңды тұлғалар (бұдан әрі - заңды тұлға)  
қазынашылықтың аумақтық органдарына олардың бюджет алдындағы  
міндеттемелерді орындағанын растайтын олардың мемлекеттік мекемелерге  
жеткізіп берген тауарлары (жұмыстары, қызметтері) бойынша төлеуге шот  
т ү р і н д е ұ с ы н а д ы .

64. Қазынашылықтың аумақтық органдары мемлекеттік мекемелерге  
тауарларды (жұмыстарды және қызметтерді) заңды тұлғалардың бюджет  
алдындағы міндеттемелерін растайтын беруі бойынша ақы төлеуге берілген  
Шоттың негізінде оларды Қаржы министрлігінде ашылған шотта көрсетеді.

**7-тарау. Мемлекеттік мекемелердің түсімдері бойынша операцияларды көрсету  
рәсімдері**



65. Мемлекеттік мекемелер заң актілеріне сәйкес ақылы қызметті, демеушілік және қайырымдылық көмекті іске асырудан түскен қаражатты алады және депозиттік қаражатқа иелік етеді.

66. Мемлекеттік мекемелерін ақылы қызметті, демеушілік және қайырымдылық көмекті іске асырудан түскен қаражат, депозиттік қаражат Бірыңғай шоттар жоспарының стандарттарына сәйкес тиісті шоттарға есептеледі.

67. Ақылы қызмет, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуден түскен қаражатты аудару "Ақша төлемі мен аударымы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

68. Төлеу құжатында ақылы қызметті, демеушілік және қайырымдылық көмекті іске асырудан алынған қаражатты, депозиттік қаражатты алушының деректемелері төлеушілерге дейін мемлекеттік мекемелерге жеткізіледі.

69. Мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтерді іске асырудан түскен қаражаты (бұдан әрі - ақылы қызметтен түсетін қаражат), демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін қаражат, депозиттік қаражат берушіден аудару арқылы, не қолма-қол ақшаны мемлекеттік мекеменің кассасына тікелей енгізуі арқылы түседі.

70. Ақылы қызмет демеушілік және қайырымдылық көмектің және депозиттік қаражаттың қаражаты есебінен қате жүргізілген төлемдерді қайтару (бұдан әрі - қалпына келтіру) бюджетке қаражатты өтеу жолымен жүзеге асырылады.

71. Мемлекеттік мекеменің қолма-қол ақшасын кассаға қабылдауды мемлекеттік мекеменің басшысы тағайындаған жауапты тұлға жүзеге асырады. Қолма-қол ақшаны қабылдау туралы төлеушілерге мемлекеттік мекеме төлеу құжаттарымен бірдей сақтайтын қолма-қол ақшаның тағайындалуын көрсете отырып, кассалық кіріс ордерлеріне белгіленген үлгідегі түбіртектер немесе түбіртек түбіршектері беріледі. Мемлекеттік мекеме кассаға қабылдаған қолма-қол ақша қабылданған күннен бастап үш банктік күннен кешіктірілмей БҚШ-ның тиісті шоттарына есептелуі тиіс.

Мемлекеттік мекемелерге кассадан қолма-қол ақшаны оларды тиісті шоттарға алдын ала тапсырмастан жұмсауға тиым салынады.

72. Ақылы қызметтен, демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен қаражатты және депозиттік қаражатты аудару және қолма-қол ақшаны БҚШ-ның тиісті шоттарына есептеу үшін төлем құжаттарының дұрыс ресімделуіне мемлекеттік мекеменің басшысы мен бас бухгалтері жауап береді.

73. Бюджетке түсетін түсімдер қолма-қол ақшаның тиісті бақылау шоттарында (бұдан әрі - ҚБШ) көрсетіледі.

## **5-бөлім. Рұқсаттар беру, міндеттемелер қабылдау, төлемдерді жүзеге асыру рәсімдері**

Шығыстары бойынша бюджеттің атқарылуы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы актілеріне және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерді бекіту туралы шешімдерге, бекітілген бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына, Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына және қаржыландырудың жиынтық жоспарына, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері және төлемдері бойынша тиісті қаржыландыру жоспарларына және оларға есептемелерге сәйкес жүзеге асырылады.

### **8-тарау. Бюджетке ақша түсімдерінің күтіліп отырған көлемін анықтау**

74. Қаржы министрлігі және жергілікті уәкілетті орган кезеңдер бойынша ағымдағы қаржы жылына бюджетке ақшалай түсімдердің күтіліп отырған көлемін мына деректер негізінде айқындайды:

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің статистикалық деректері;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен анықталған валюта айырбасының рыноктық бағамы; <\*>

капитал рыногында сатылатын мемлекеттік бағалы қағаздардың пайыздық ставкасы;

тиісті қаржы жылына арналған, бекітілген немесе нақтыланған бюджет; үкіметтік заемдар туралы келісімдер (негізгі үкіметтік борышты өтеу, үкіметтік борышқа қызмет көрсету кестесі);

жеке және заңды тұлғаларды бюджет қаражаты есебінен кредиттеу туралы келісімдер (бюджет алдындағы борыштың негізгі сомасын өтеу, сыйақыларды (мүдделерді) төлеу кестесі);

мемлекеттік меншікті жекешелендіру кестелері туралы ақпарат;

тиісті бюджеттердің ҚБШ-дағы қаражаттардың қалдығын;

келесі айлардағы бюджетке түсетін түсімдердің ай сайынғы жоспарын.

*Ескерту. 74-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

75. Бюджетке түсетін ақшалай түсімдердің күтіліп отырған көлемі Қаржы министрлігі мен жергілікті уәкілетті орган осы Ереженің 9-тарауының 5-Бөліміне сәйкес рұқсаттар берудің жалпы сомасын анықтау және төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын жүргізу үшін пайдаланылады.

76. Қаржы министрлігі және жергілікті уәкілетті орган:

республикалық және тиісті жергілікті бюджеттерге ақша түсімдерінің күтіліп отырған көлемін ай сайын нақтылайды;

ағымдағы айдың аяғында тиісті бюджеттердің міндеттемелері бойынша

жиынтық қаржыландыру жоспарына сәйкес келесі айда мемлекеттік мекемелер қабылдайтын көлемін нақтылайды;

төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкес алдағы айлары төлемдер жүргізу үшін алдағы айларда бюджетке ақша түсімдерінен күтіліп отырған көлемі жеткіліксіз болған жағдайда мемлекеттік мүлікті жекешелендіру, қарыз алу және бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сату арқылы ақша таратудың процесін ұйымдастырады;

мемлекеттік мүлікті жекешелендіру, қарыз алу және бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында мемлекеттік бағалы қағаздарды сату арқылы ақша тарту процесін ұйымдастыру мүмкін болмаған жағдайда осы Ереженің 5 және 6-Бөлімдерінде белгіленген тәртіпте қабылдаған міндеттемелерді және жасалған төлемдерді ескере отырып, тиісті бюджеттерді қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне ақпарат береді. <\*>

*Ескерту. 76-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

#### **9-тарау. Рұқсаттар беру рәсімдері**

77. Қаржы министрлігі және жергілікті уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылының бірінші және соңғы айын қоспағанда, ай сайын ағымдағы айдың 10-күніне дейін:

тиісті бюджеттерге ақшаның күтілетін түсу көлемін ескере отырып, тиісті бюджеттердің бекітілген паспорттары және міндеттемелері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарлары болған кезде 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне рұқсаттар береді; <\*>

Ағымдағы қаржы жылының бірінші айында Қаржы министрлігі және жергілікті уәкілетті орган қаржыландырудың жиынтық жоспарларының бекітілуіне қарай бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне рұқсаттар береді. <\*>

Ағымдағы қаржы жылының соңғы айында Қаржы министрлігі және жергілікті уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылының 20 желтоқсанына дейін тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне рұқсаттар бере алады. <\*>

Ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың шешімдеріне сәйкес Қаржы министрлігі және жергілікті уәкілетті орган ағымдағы айдың 10-күнінен кейін, ал ағымдағы қаржы жылының соңғы айында ағымдағы қаржы жылының 20 желтоқсанынан кейін рұқсаттар бере алады. <\*>

оларды Қаржы министрлігінің аумақтық органдары арқылы бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілеріне жеткізеді.

9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджет қаражатын мақсатқа сай пайдаланбағаны үшін нұсқамалар түсуіне қарай Қаржы министрлігі және жергілікті уәкілетті орган тиісті бюджеттердің міндеттемелері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкес бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілеріне рұқсаттар береді.

*Ескерту. 77-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

78. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қаржы министрлігі және жергілікті уәкілетті орган оларға рұқсаттар бергеннен кейін үш жұмыс күні ішінде 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге рұқсаттар береді.

Мемлекеттік мекемелерге рұқсаттар бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің міндеттемелері бойынша қаржыландыру жоспарына, паспорттарына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің рұқсаттары шегінде беріледі және қазынашылықтың аумақтық органдарына жеткізіледі.

79. Қазақстан Республикасының орталық сайлау комиссиясы "Сайлаулар жүргізу" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес рұқсат б е р е д і .

8 0 . < \* >

*Ескерту. 80-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

81. Есепті кезеңде қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) жөніндегі рұқсаттардан басқа рұқсаттар ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанына дейін әрекет етеді.

#### **10-тарау. Міндеттемелерді қабылдау және тіркеу рәсімдері**

82. Мемлекетке қызмет көрсететін заңды және жеке тұлғалардың алдындағы мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік бюджет есебінен (бұдан әрі - бюджет қаражатын алушылар) міндеттемелері Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес қабылданады.

83. Бекітілген паспорттарға сәйкес бюджет қаражатының пайдаланылуын бақылау және бюджеттік бағдарламалардың, міндеттемелері бойынша қаржыландыру жоспарлардың және мемлекеттік мекемелерге берілген рұқсаттардың бекітілген сомадан тыс міндеттемелерін қабылдауға жол бермеу мақсатында мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушілермен жасасқан шарттарына (бұдан әрі - берушілер) қабылданған міндеттемелерді тіркеуді жүргізеді.

8 4 . < \* >

*Ескерту. 84-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

*Ескерту. 84-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320*

85. Міндеттемелерді тіркеу рәсімі шығыстардың мынадай топтасуын көздейді :

бірінші топ - өтеусіз негізде мемлекеттік мекеме мен жеке тұлғалардың - бюджет қаражатын алушының арасындағы азаматтық құқықтардың және міндеттемелердің туындауына әкеп соқтыратын шығыстардың түрлері;

екінші топ - стипендияларды, зейнетақыларды және жәрдемақыларды қоса алғанда, оның қызметкерлерінен басқа, мемлекеттік мекеме мен бюджет қаражатының алушыларының арасындағы шарт жасалмайтын азаматтық құқықтар мен міндеттемелердің туындауына әкеп соқтыратын шығыстардың түрлері ;

үшінші топ - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) алуға арналған шарттарды (бұдан әрі - шарт) жасаса отырып және көрсетілген шарттың талаптарына сәйкес "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-1-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алу мәні болып табылмайтын тауарларды (жұмыстарды және қызметтерді) сатып алуға міндеттемелерді қоса алғанда, өтеусіз негізде мемлекеттік мекеме мен бюджет қаражатын алушылардың арасындағы азаматтық құқықтар мен міндеттемелердің туындауына әкеп соқтыратын шығыстардың түрлері; <\*>

төртінші топ - Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде қайтарымды негізде шарт жасасу жолымен және көрсетілген шарттың ережелеріне сәйкес Қаржы министрлігі немесе жергілікті уәкілетті орган мен бюджет қаражатын алушылардың арасында азаматтық құқықтар мен міндеттемелердің туындауына әкеп соқтыратын шығыстардың түрлері . <\*>

шығыстардың бесінші тобы - шарттар жасалмастан, олардың арасында бюджетаралық қатынастар туындайтын, жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке бөлінген Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын қоса алғанда, ресми трансферттер. <\*>

Мемлекеттік талаптар тізілімі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар талаптарының тізілімін қамтиды, олар уәкілетті орган мемлекеттік кредиттер бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты бюджеттен берілген кредиттер бойынша бюджетке қаражатты және бюджеттен алынған қаражатты қайтару жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органның талаптарын тіркеуді жүргізетін құжат болып табылады .

*Ескерту. 85-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 , 2004.10.27. N 1101 қаулыларымен.*

85-1. Мемлекеттік мекемелердің шығыстардың бірінші және екінші топтары

бойынша міндеттемелерін тіркеуді жүзеге асыру рәсімі мемлекеттік мекемелердің ақы төлеуге шоттарын, ал үшінші және төртінші топтар бойынша - 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекеме ұсынатын Міндеттемелерді тіркеуге арналған өтінімді және 12-1, 12-2, 12-3, 12-4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша бюджет қаражатын алушылар алдындағы Міндеттемелерді тіркеу туралы хабарламаны (Тапсырысты) (бұдан әрі - Өтінім және Хабарлама (Тапсырыс) бекітуге негізделеді.

Ерекше және өзге ағымдағы шығындарды жүзеге асыру, атқару құжаттарын орындау, сондай-ақ шығындарды жабуға заңды тұлғаларға ағымдағы трансферттерді, заңды тұлғаларға мақсатты ағымдағы трансферттерді, заңды тұлғаларға күрделі трансферттерді, өзге де күрделі трансферттерді мемлекеттік мекемелер тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) берушілерге немесе үш миллион теңгеден асатын сомаға бюджет қаражатын алушыларға бөлу кезінде аумақтық қазынашылық органдары мемлекеттік мекеменің ақы төлеуге шотының негізінде 12-1, 12-2, 12-3, 12-4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Өтінімді және Хабарламаны (Тапсырысты) қалыптастырады

*Ескерту. Жаңа 85-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 қаулысымен .*

86. Шарт жасасуды талап ететін шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша шығыстардың тізбесін және олар бойынша шарттар жасасуды талап етпейтін шығыстардың тізбесін Қаржы министрлігі белгілейді. <\*>

*Ескерту. 86-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

87. Бірінші және екінші топтардың міндеттемелерін тіркеу қазынашылықтың аумақтық органдары оны Өтінім түрінде қабылдау жолымен мемлекеттік мекемелердің ақы төлеуге берілген Шотының негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, мемлекеттік мекеме оны Ақы төлеуге шот қалыптастыру кезінде пайдалану үшін Өтінімге нөмір береді. <\*>

*Ескерту. 87-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

88. Үшінші топтың шығыстары бойынша міндеттемелерді тіркеу мемлекеттік мекеме мемлекеттік сатып алу туралы заңға сәйкес мемлекеттік сатып алу рәсімдерін мемлекеттік мекеме жүргізгеннен кейін басталады. <\*>

Мемлекеттік сатып алу мәні болып табылмайтын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуға үшінші топтың шығыстары бойынша міндеттемелерді тіркеу мемлекеттік мекеме бюджет қаражатын алушымен шарт жасасқаннан кейін басталады. <\*>

Мемлекеттік сатып алу жөніндегі рәсімдерге дайындалу кезінде конкурстың міндетті шарттарының құрамына рәсімдердің қатысушыларына сатып алынатын тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) ұсынылатын бағалардың негізі туралы

талаптар

енгізілуі

тиіс.

*Ескерту. 88-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 ,  
2004.10.27. N 1101 қаулыларымен.*

88-1. Төртінші топтың шығыстары бойынша қабылданған міндеттемелерді тіркеу мыналарға бюджеттік кредит беру кезінде жүзеге асырылады:

бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жүргізген конкурстық іріктеудің нәтижелері бойынша екінші деңгейдегі банкті немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға ҚҰБ лицензиясы бар ұйымдарға. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар осы Ережеде анықталады;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде "Қазақстанның Даму Банкі" жабық акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Қазақстанның Даму Банкі);

бюджеттік бағдарламаның әкімшісі екінші деңгейдегі банктердің, банктік операциялардың жекелеген түрлеріне ҚҰБ лицензиясы бар ұйымдар арасында кредит шарттарын жасасуды, кредит беруді, міндеттемелерді орындаудың және кредиттерді қайтарудың мониторингін жүзеге асыруды қоса алғанда агент қызметтерін көрсетуге конкурс өткізгеннен кейін Қазақстан Республикасының азаматтарын. Қазақстан Республикасының азаматтарына кредит беру жөніндегі агенттер "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес анықталады;

үкіметтік сыртқы қарыздардың қаражаты есебінен инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде шаруашылық жүргізуші субъектілерді - Қазақстан Республикасының резиденттерін;

мәслихат жергілікті атқарушы орган кредит, оған қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерді қабылдағаны туралы шешімді бекіткеннен кейін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде жергілікті атқарушы органға. <\*>

*Ескерту. 88-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен.*

88-2. Шығыстардың бесінші тобының міндеттемелерін тіркеу Өтінім ретінде аумақтық қазынашылық органдарының төлеуге арналған шотты қабылдауы арқылы жүргізіледі. <\*>

*Ескерту. 88-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101 қаулысымен.*

89. Мемлекеттік мекеменің тиісті берушімен немесе бюджет ақшасын алушымен шарттар (бұдан әрі - Шарт) жасасуы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және мемлекеттік сатып алу туралы заңға сәйкес мынадай деректемелерді ескере отырып, берілген рұқсаттар шегінде жүзеге асырылады:

шарт бойынша міндеттемелердің қатысушылары;  
тараптардың толық атауы және мекен-жайлары;

бюджеттік бағдарламаның атауы;

ш а р т ж а с а с у м ә н і ;

тараптардың міндеттемелерін атқару нәтижелерін кім қабылдайтыны;

міндеттемелерді мерзімінен бұрын атқару мүмкіндіктері туралы;

міндеттемелерді атқару барысы туралы ақпаратты беру туралы;

міндеттемелерді атқарудың бір қалыптылығын талап ету;

ақшалай міндеттемелердің мөлшері;

төлемдер мен есептемелерді жүзеге асыру тәртібі және тәсілдері;

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (бұдан әрі - СТН), жеке бірегей коды, банктік бірегей коды және тараптардың толық мекен-жайы;

шарт бойынша міндеттемелерді атқару күні немесе ол атқарылуы тиіс уақыт кезеңі, бұл ретте шарт бойынша міндеттемелерді атқару мерзімдері бюджеттік бағдарлама паспортында көрсетілген бюджеттік бағдарламаның кіші бағдарламасы және бюджеттік бағдарламаларды орындау нәтижелері бойынша іс-шараларды іске асыру мерзімдеріне сәйкес келуі тиіс;

шарт бойынша міндеттемені орындау орны;

Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен үкіметтік сыртқы заем жөніндегі шарт (келісім) шеңберінде қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан асатын Шартты жасасу кезінде шарт шеңберінде сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны (бұдан әрі - Шарт сомасы), сомаларды тиісті қаржы жылдарына бөле отырып, Шарттың жалпы сомасы көрсетіледі, валютада және немесе өтінімнің жалпы сомасының пайыздарында алдын ала төлеу мөлшерін көрсете отырып, ақы төлеудің схемасы және шарты; <\*>

сандық (табиғи) және құндық түрде орындалатын жұмыстар мен қызметтердің көлемі. Құндық түрде орындалатын жұмыстар мен қызметтердің айлар бойынша көлемдері тиісті бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларындағы көрсетілген сомаларға сәйкес келуі тиіс;

шарттың ережелерін орындау үшін тараптардың жауапкершілігі;

орындалған жұмыстардың (берулердің, көрсетілген қызметтердің) кесімін міндетті жасауды көздейтін шарт;

тараптардың оның шарттарын орындамау кезіндегі іс-әрекеті және шарттың екінші тарапының айыппұл мен өсімақыны бюджетке есептеуі;

Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен үкіметтік сыртқы заем жөніндегі шарттың (келісімнің) шеңберінде мемлекеттік мекеме мен тауарларды (жұмыстарды және қызметтерді) берушінің арасында жасалған Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі бір қаржы жылынан асқан кезде Шарт бойынша міндеттемелердің сомасы мемлекеттік мекемеге жыл сайын бөлінетін рұқсаттардың шегінде тиісті қаржы жылдарына бөлінеді.



*Ескерту. 89-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

*Ескерту. 89-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 қаулысымен .*

89-1. Агенттік келісім мыналарды қамтуы тиіс:  
тараптардың толық атауы мен мекен-жайлары;  
бюджеттік бағдарламаның атауы;  
агенттік келісімді жасасу мәні;  
агент функцияларының, ол орындайтын жұмыстар мен қызметтердің құрамы  
м е н м а з м ұ н ы ;  
агент орындайтын жұмыстар мен қызметтердің құны;  
жұмыстар мен қызметтерді орындау мерзімі;  
жобаны қаржыландыру жөніндегі төлемдер мен есеп айырысуларды,  
бюджеттік кредитті беру мен қаражатты бюджетке қайтаруды (қайтарымды  
қаржыландырған жағдайда) жүзеге асырудың тәртібі мен тәсілдері;  
бюджет қаражатын агент шотына аудару кестесі;  
агенттің бюджет қаражатын пайдалануды растайтын құжаттарды беру тізбесі,  
т ә р т і б і ж ә н е м е р з і м і ;  
қаржы агентінің қызметтеріне ақы төлеу көздері мен тәртібі;  
агенттік келісім тараптарының өзара міндеттемелері;  
тараптардың агенттік келісімнің шарттарын орындамағаны немесе тиісінше  
орындамағаны үшін жауапкершілігі. <\*>

*Ескерту. 89-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*  
қ а у л ы с ы м е н .

90. Осы Ережеде мынадай түсініктер пайдаланылады:  
кредит беруші - Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті  
а т қ а р у ш ы о р г а н д а р ;  
бюджеттік несие - мерзімділік, ақылық және қайтарымдылық жағдайларында  
тиісті бюджеттерден кредит берушілер ұсынатын, сондай-ақ мемлекеттік  
кепілдік жөніндегі міндеттемелерді орындауға оқшауландырылатын ақшалар; <\*>  
>  
заем алушы - тиісті бюджет алдында кредитті қайтару жөнінде тікелей  
міндеттемелері бар бюджет қаражатынан кредит алушы; <\*>  
банк-заемшы - Даму Банкі, банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге  
асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар, түпкі  
заемшыларды одан әрі несиелендіру үшін тиісті бюджеттерден бюджеттік кредит  
алатын екінші деңгейдегі банк немесе ұйым; <\*>  
түпкі заемшы - банк-заемшы арқылы бюджеттік кредит алатын заңды немесе  
ж е к е т ұ л ғ а ;  
Агент - екінші деңгейдегі банк, банктік операциялардың жекелеген түрлерін  
жүзеге асыруға ҚҰБ лицензиясы бар ұйым немесе агенттік келісімнің негізінде

Қазақстан Республикасы Үкіметінің (жергілікті атқарушы органның) актісіне республикалық бюджет туралы заңға және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес қайтарымды негізде бюджеттен жеке және заңды тұлғаларды, төмен тұрған бюджеттерді қаржыландыру үшін тағайындалған бюджеттік бағдарламалар бойынша төртінші топтың (бұдан әрі - кредит алушылар) міндеттемелерін тіркеу үшін Қаржы министрлігі мен жергілікті атқарушы органдар арасында шарт жасалады, ал банктер-қатысушылар арасындағы конкурстың нәтижелері бойынша:

кредиторлар мен банктер-заемшылар;

банктер-заемшылар және түпкі заемшылар арасында шарт жасалады.

Бюджеттік кредит беру оларды түпкі заемшыларға кейіннен бере отырып банк-заемшыларға бюджеттік кредит беру жолымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың кредиттерін банк-заемшыларға беру жөніндегі рәсімдер осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Республикалық бюджет ақшаларының есебінен бюджеттік кредиттер беру туралы шарттар (келісімдер) жасасу Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

Жергілікті бюджет ақшаларының есебінен бюджеттік кредиттер беру туралы шарттар (келісімдер) жасасу жергілікті атқарушы орган атынан әкім немесе оларды ауыстыратын тұлға жүзеге асырады.

Кредитор мен кредит алушы арасындағы шартта мыналар: шарт бойынша міндеттеменің қатысушылары - кредитор және кредит алушы; толық атауы, СТН, және тараптардың мекен-жайы; бюджеттік бағдарламаның атауы; шарт жасасудың мақсаты; ақшалай міндеттеменің (кредиттің) мөлшері; кредит валютасы; кредит беру нысаны; сыйақы ставкасы; борыштың негізгі сомасын өтеу мерзімі; борыштың негізгі сомасын өтеу кестесі және сыйақы; міндеттемелерді кредит алушылардың мерзімінен бұрын пайдалану мүмкіндігі туралы;

кредит қайтарымдылығын қамтамасыз ету;

борыштың негізгі сомасын өтеу және сыйақы төлеу жөніндегі жеңілдік кезеңінің болуы (болмауы);

кредитті қамтамасыз ету (кепіл түрі);

шарт талаптарын орындағаны үшін тараптардың жауапкершілігі;  
оның талаптарын тараптар орындамаған кезде іс-әрекеттер және айыппұл мен  
шарттың екінші тарабының өсімін есептеу ескеріледі.

Б ұ л р е т т е :

бюджеттік бағдарламаның атауы, шарт жасасудың мақсаты, ақшалай  
міндеттемелердің (кредиттің) мөлшері паспортқа сәйкес көрсетіледі;

бюджеттік кредиттің мөлшері абсолюттік шамада қалай болса, сомада да,  
шетелдік валютадағы баламалы анықталған сомада айқындалуы мүмкін;

кредит валютасы ұлттық валютада айқындалады;

кредит беру нысаны төлемдерді жүзеге асыру тәсіліне және тәртібіне тәуелді  
б о л а д ы ;

бюджеттік кредиттер тіркелмеген (құбылмалы), және сыйақының тіркелген  
ставкасы болып берілуі мүмкін;

Тіркелген сыйақы ставкасы - мөлшері бюджет кредитінің бүкіл мерзіміне  
өзгеріссіз белгіленетін сыйақы ставкасы. <\*>

Өзгермелі сыйақы ставкасы - капитал рыноктарындағы конъюнктураға  
байланысты өзгертін сыйақы ставкасы; <\*>

Бюджет кредитінің мерзімі бюджет кредитін қарыз алушының шотына  
аударған күннен бастап есептеледі. <\*>

Республикалық бюджет қаражаты есебінен кредит бойынша жоғарыда  
аталған шарттың талаптары жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен -  
жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
ш е ш і м д е р і м е н а н ы қ т а л а д ы .

Мемлекеттік мекемелерді қайта ұйымдастыру және тарату кезінде құқық  
мирасқорлары Қаржы министрлігінің органдарында тіркелген шартқа өзгерістер  
е н г і з у г е ө т і н і м б е р е д і .

*Ескерту. 90-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

91. Шарттың сомасы мемлекеттік мекеменің қабылдаған міндеттемелерін  
және жылдың басталуынан тиісті айдағы кері қайтаруды шегеріп тастағаннан  
кейін және Қазақстан Республикасы Бірыңғай бюджеттік жіктемесі  
шығыстарының бюджеттік жіктемесінің тиісті кодтары бойынша мемлекеттік  
мекемелерге бөлінген рұқсаттардың мөлшерінен аспауы тиіс.

Егер Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен үкіметтік сыртқы заем  
жөніндегі шарттың (келісімнің) шеңберінде мемлекеттік мекеме мен тауарларды  
(жұмыстар мен қызметтерді) берушілер арасындағы Шарт бір қаржы жылынан  
асатын мерзімге жасалса, онда міндеттемелерді тіркеу ағымдағы қаржы жылына  
арналған Шарт шеңберінде міндеттемелердің мөлшеріне сәйкес мемлекеттік  
мекемеге берілген рұқсаттардың шегінде жүзеге асырылады. <\*>

Егер бір бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) орындау үшін

Шарттар бірнеше берушілермен жасалса, мұндай шарттардың жалпы сомасы берілген рұқсаттардың сомасынан аспайды, оның шегінде осы бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша шарттар жасасуға жол беріледі.

Шарт сомасының берілген рұқсаттардың сомасынан асып түсуі қосымша сомаға рұқсаттар беру жолымен бюджеттік бағдарлама және кіші бағдарлама жөніндегі мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша қаржыландыру жоспары шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшелігі бойынша сомалар шегінде жол беріледі.

Қосымша сомаға рұқсаттар жылдың басынан бастап ағымдағы айға арналған тиісті кодтар бойынша мемлекеттік мекемеге берілген рұқсаттарды шегере отырып, бағдарлама, кіші бағдарлама және мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша қаржыландыру жоспары шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшелігі бойынша сомалар шегінде берілуі мүмкін.

Егер бағдарлама, кіші бағдарлама кодтары және жылдың басынан бастап ағымдағы айға арналған тиісті кодтар бойынша мемлекеттік мекемеге берілген рұқсаттарды шегере отырып, бағдарлама, кіші бағдарлама және мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша қаржыландыру жоспары шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшелігі бойынша сома қосымша сомаға рұқсаттар беруге мүмкіндік бермесе, онда осы Ережеде белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныс енгізіледі.

*Ескерту. 91-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

*Ескерту. 91-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 қаулысымен .*

92. Бірінші және екінші топтардың шығыстары бойынша мемлекеттік мекеме қазынашылықтың аумақтық органдарына Ақы төлеуге шот ұсынады.

93. Екінші және үшінші топтардың шығыстары бойынша мемлекеттік мекеме қазынашылықтың аумақтық органдарына тауарлардың (жұмыстар мен қызметтердің) бір және одан көп атаулары үшін бюджет қаражатын әрбір алушыға жеке Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік жіктемесінің әрбір коды бойынша өтінімді (мекеме/бағдарлама/кіші бағдарлама/ерекшелік), сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы шартты немесе Қаржы министрлігі (жергілікті уәкілетті орган) мен несие алушы арасында жасалған шартты береді.

Қазынашылық органдары Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен және осы ережеге сәйкес Өтінімді және шартты тексереді.

94. Өтінімді қалыптастыру мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерін тіркеудің бірінші сатысы болып табылады. Өтінімдерді нөмірлеуді мемлекеттік мекемелер жүзеге асырады.

95. Өтінімнің бірінші бөлімінде мынадай деректемелер:  
мемлекеттік мекеменің коды;

мемлекеттік мекеме берген Өтінімнің нөмірі:

с а н а т ы :

01 - республикалық бюджет;

02 - облыстық бюджет және Астана және Алматы қалаларының бюджеттері;

03 - аудандық (қалалық) бюджет;

05 - а р н а й ы ;

қ а р ж ы л а н д ы р у к ө з і :

1 - үкіметтік сыртқы заемның қаражатынан басқа, бюджеттің есебінен;

2 - үкіметтік сыртқы заемдардың есебінен;

мемлекеттік мекеменің атауы;

шығыстардың сипаттамасы;

бюджеттік сыныптаманың кодтары (мекеме/бағдарлама/кіші бағдарлама)  
е р е к ш е л і к ) ;

тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушінің коды, атауы, СТН-і және мекен-жайы, беруші банктің (бюджет қаражатын алушының) атауы және БСК; <

\*

>

бір бірлік үшін атауы, саны, бағасы және тауарлар (жұмыстар, қызметтер) топтарының жалпы құны және Өтінімнің жалпы сомасы көрсетіледі.

Өтінімнің жалпы сомасы жылдың басынан бастап тиісті айға қабылданған міндеттемелер мен қайтарып алулардың сомасын шегере отырып және Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы шығыстарының бюджеттік сыныптамасының тиісті кодтары бойынша мемлекеттік мекемелерге берілген рұқсаттардан аспауы тиіс.

*Ескерту. 95-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 , 2004.10.27. N 1101 қаулыларымен.*

96. Өтінімнің бірінші бөлімінің "Шығыстардың сипаттамасы" алаңында Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі бекіткен экономикалық сыныптаманың құрылымына сәйкес келетін шығындардың түрі, тауардың (жұмыстар мен қызметтердің) шығу тегі туралы ақпарат мемлекеттік сатып алу туралы заңға сәйкес және заем туралы шарттың (келісімнің) ережелеріне сәйкес мемлекеттік сатып алудың тәсілдері келтіріледі, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушінің немесе бюджет қаражатын алушының ЖБК.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің (жергілікті атқарушы органдардың) шешімдеріне сәйкес мемлекеттік мекемелер міндеттемелер қабылдаған жағдайда мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерін тіркеу үшін Өтінімдер қалыптастырған кезде сол сияқты Қазақстан Республикасы Үкіметінің (жергілікті атқарушы органдардың) шешімінің нөмірі және күні "Шығыстардың сипаттамасы" алаңында көрсетіледі.

*Ескерту. 96-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

*Ескерту. 96-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 қаулысымен .*

97. Өтінімнің "Төлемдер кестесі" бөлімінің "Негіздеме-құжат" алаңында құжаттың атауы көрсетіледі, оның негізінде төлем жүргізіледі.

Мұндай құжаттар Шарт, берушінің алынған тауарлар (жұмыстар және қызметтер) үшін төлемдерін жүзеге асыруға арналған шот-фактурасы, тауарды, орындалған жұмыстарды және/немесе көрсетілген қызметтерді қабылдау-беру актісі, қолма-қол ақы төлеу нысаны кезінде төлемдерді жүзеге асыруға арналған чек және оның негізінде мемлекеттік мекеме ақы төлеуге шотты қалыптастыратын басқа да құжаттар болуы мүмкін. <\*>

*Ескерту. 97-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101 қаулысымен .*

98. Өтінімнің "Төлемдер кестесі" бөлімінің "Төлем күні" және "Сомасы" алаңдарында төлемнің жоспарланған күні мен сомасы көрсетіледі. "Сомасы" бағанындағы жалпы сома Өтінімнің жалпы сомасына сәйкес келуі тиіс.

99. Өтінімнің "Төлемдер кестесі" бөлімінің "Өтінімнің %" алаңында қажет болған кезде түпкі төлемнің сомасы көрсетіледі. Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беру туралы шарттың ережелеріне сәйкес валютамен және Өтінімнің жалпы сомасының пайыздарымен алдын ала төлеудің мөлшері көрсетіледі .

Алдын ала төлеу шығыстардың экономикалық сыныптамасының мынадай ерекшеліктері үшін мүмкін .

100. Үшінші топтың қабылданған міндеттемелерін төлеу үшін:

Ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 процентінен аспайтын мөлшерде шығыстардың экономикалық сыныптамасының мынадай ерекшеліктері үшін алдын ала ақы төлеуге рұқсат етіледі:

131 "Тамақ өнімдерін сатып алу",

132 "Дәрі-дәрмектерді және медициналық сипаттағы өзге де құралдарды с а т ы п а л у " ,

134 "Мүліктік керек-жарақ заттарын және басқа пішімдік және арнайы киім-кешектерді сатып алу, тігу және жөндеу",

135 "Ерекше жабдықтар мен материалдарды сатып алу",

139 "Өзге тауарларды сатып алу",

411 "Активтерді сатып алу",

412 "Ғимараттар мен үй-жайларды сатып алу";

138 "Үй-жайларды жалға алуға ақы төлеу", 141 "Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу" және 144 "Электр энергиясы үшін ақы төлеу", 145 "Жылу үшін ақы төлеу" шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері үшін алдын ала ақы төлеуге рұқсат етілмейді;

145 "Жылу үшін ақы төлеу" шығыстардың экономикалық сыныптамасының

ерекшелігі бойынша алдын ала ақы төлеу ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 30 процентінен аспайтын мөлшерде отын сатып алу бөлігінде ғана рұқсат етіледі;

жоғарыда санамаланған тізбеге кірмейтін шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша Ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 30 процентінен аспайтын мөлшерде алдын ала ақы төлеуге рұқсат етіледі;

*Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен*

100-1. Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру үшін астықты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі астықты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландырудың арнайы тәртібін белгілеуі мүмкін. <\*>

*Ескерту. 100-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.12. N 522 қаулысымен*

101. Өтінімге мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға және/немесе бас бухгалтері қол қояды, олар оның дұрыс ресімделуіне жауап береді. Өтінім мемлекеттік мекеменің мөрімен куәландырылады.

Бірінші басшы немесе ол уәкілеттік берген тұлға және/немесе бас бухгалтер болмаған жағдайда бірінші басшының оларға міндеттер жүктеу туралы бұйрығына сәйкес жауапты тұлғалар қол қояды.

102. Мемлекеттік мекеме қол қойылған және мөрмен куәландырған шартты және Өтінімді Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен қазынашылықтың тиісті органдарына беріледі. Тауарды (жұмысты, қызметті) бір көзден сатып алған жағдайда мемлекеттік мекеме мемлекеттік сатып алу туралы заңға сәйкес бір көзден сатып алуға рұқсат туралы мемлекеттік сатып алу жөніндегі тиісті уәкілетті органның басшысының қолымен хат береді.

Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен үкіметтік сыртқы заем туралы шарт (келісім) шеңберінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуға арналған міндеттемелерді тіркеу кезінде мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық органына 12-5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген өтінімді береді.

*Ескерту. 102-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 қаулысымен*

102-1. Берушіні таңдау үшін негіз болып табылған сапаның, көлемнің өзгермеуі шартымен және басқа шарттарда Шарттың сомасын бағаны азайту бөлігінде азайтқан жағдайда мемлекеттік мекеме Қаржы министрлігінің аумақтық органына азайту сомасына арналған негізгі Шартқа қосымша келісімді және бұрын орындалған міндеттемелерді ескере отырып, Шарттың жаңа





а т а у ы н ы ң ;

"Саны" және "Бағасы" жолдарының деректемелерімен Шарт бойынша орындалатын жұмыстардың және қызметтердің бірлігі үшін сан (заттай) және күн түріндегі көлемінің;

"Сомасы" жолының деректемелерімен Шарт бойынша орындалатын жұмыстардың күн түріндегі көлемінің;

"Төлемдер кестесі" бөлімінің "Төлеу күні" жолының деректемелерімен Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері мен төлеу кестесінің;

Тауарларға (жұмыстар мен қызметтерге) ақы төлеу схемасы мен шарттарының, бұдан басқа, "Төлемдер кестесі" бөлімінің "Негіздемелік құжат" жолының деректемелерімен Шарт бойынша тауарларды (орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді) беру актісінің міндетті түрде жасалуын көздейтін ш а р т т а р ы н ы ң ;

"Басшының қолы" бөлімінің деректемелерімен бірінші басшының (ол уәкілеттік берген тұлғаның) және бас бухгалтердің (уәкілетті тұлғаның) қолдарының үлгілері мен мемлекеттік мекеменің мөрі бедерінің және мемлекеттік мекеме атынан Шартқа қол қойған тұлғаның деректері мен Ш а р т т а ғ ы м ө р б е д е р і н і ң ;

берілген рұқсаттар немесе олардың қалдық сомасымен Шарт сомасының с ә й к е с т і г і н т е к с е р е д і .

Бұдан басқа, үшінші топтың міндеттемелерін тіркеу кезінде берушіні жүргізуге мемлекеттік мекеменің Өтінімі негізінде қалыптасқан Қазынашылық комитетінің деректерімен берушілер туралы деректердің сәйкестігі тексеріледі.

Егер жоғарыда санамаланған шарттардың біреуі орындалмаса, онда аумақтық қазынашылық органы Өтінімді қайтару себебін көрсете отырып, қатені жою үшін орындамастан мемлекеттік мекемеге қайтарады. <\*>

*Ескерту. 105-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101 қ а у л ы с ы м е н .*

106. Аумақтық қазынашылық органдары осы Ереженің 105-тармағында санамаланған шарттарды мемлекеттік мекеме сақтаған кезде Міндеттемелерді тіркеуге арналған өтінімді қабылдайды және оның негізінде Хабарлама ( Та п с ы р ы с ) қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

*Ескерту. 106-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101 қ а у л ы с ы м е н .*

107. Хабарламаны (Тапсырысты) қалыптастыру мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерін тіркеудің екінші сатысы болып табылады. Мемлекеттік мекемелердің Өтінімдері негізінде Хабарлама (Тапсырыс) қалыптастырылады.

108. Хабарлама (Тапсырыс) республикалық бюджет туралы заңның және ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерді бекіту туралы

мәслихаттардың шешімдерінің шеңберінде және бюджеттік бағдарламаның паспортына, міндеттемелер мен төлемдер жөніндегі қаржыландырудың егжей-тегжейлі жоспарына, берілген рұқсаттарға және Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес қабылданатын мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерін тіркеуді растайтын құжат болып табылады.

109. Мемлекеттік мекеме осы Ереженің 85-1-тармағында көзделген құжаттарды аумақтық қазынашылық органына берген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық органы 12-1, 12-2, 12-3, 12-4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша төрт данада тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушінің немесе бюджет қаражатын алушының атауын, СТН-ін және ЖБК-сін көрсете отырып Хабарлама (Тапсырыс) қалыптастырды.

Барлық даналарға аумақтық қазынашылық органының жауапты орындаушысы бұрыштама қояды, оның бірінші басшысы күнін көрсете отырып қол қояды және мөрмен расталады. 12-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Хабарламаның (Тапсырыстың) төртінші данасы және шарттың көшірмесі аумақтық қазынашылық органында қалады, бірінші, екінші, үшінші даналары 12-1, 12-2, 12-3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша мемлекеттік мекемеге б е р і л е д і .

*Ескерту. 109-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

*Ескерту. 109-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 қаулысымен .*

110. Хабарламаның (Тапсырыстың) алынған даналарына мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы және бас бухгалтер қол қояды және мемлекеттік мекеменің м ө р і м е н р а с т а л а д ы .

Мемлекеттік мекеме Хабарламаның (Тапсырыстың) бірінші және екінші даналарын 12-1, 12-2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) тиісті берушіге немесе бюджет қаражатын алушыға б е р е д і .

Егер Хабарламаның (Тапсырыстың) сомасы үш миллионнан асатын болса, онда Хабарламаның (Тапсырыстың) бірінші данасын 12-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) беруші немесе бюджет қаражатын алушы екінші деңгейдегі банкке немесе оның банктік шоты ашылған банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға береді.

Мемлекеттік мекемелер ақы төлеуге шотты қалыптастыру кезінде "төлемнің тағайындалуы" деген бағанда оның негізінде ақшаны аудару жүзеге асырылатын құжаттың атауынан, нөмірі мен күнінен басқа, Хабарламаның (Тапсырыстың) нөмірі мен күнін, сондай-ақ төлемнің "ағымдағы" немесе "түпкі" мәртебесін к ө р с е т е д і .

Хабарламаның (Тапсырыстың) екінші данасын тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруші немесе бюджет қаражатын алушы 12-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды түпкі беру (жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету) кезінде басшының қолын қойып және бюджет қаралатын берушінің немесе алушының мөрін басып, мемлекеттік мекемеге береді.

*Ескерту. 110-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 қаулысымен .*

*Ескерту. 110-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101 қаулысымен .*

1 1 1 . < \* >

*Ескерту. 111-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен*

112. Хабарламаларды (Тапсырыстарды) мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері және тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) түпкі төлеу кезіндегі төлемдер жөніндегі қаржыландыру жоспарын орындау бойынша бухгалтерлік есепті жүргізу үшін пайдаланады.

*Ескерту. 112-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 қаулысымен .*

**11-тарау. Төлемдерді ұлттық және шетел валютасында ақы төлеудің қолма-қол емес және қолма-қол түрінде жүзеге асыру рәсімдері**

113. Бюджет қаражатының есебінен, осы Ережеде айтылған ақылы қызметтерден, демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін қаражаттың және депозиттік қаражаттың есебінен төлемдерді ақы төлеудің қолма-қол емес және қолма-қол түрінде жүзеге асыру рәсімдері Ақы төлеуге шоттары және төлем құжаттарын қалыптастыру мен бекітуді қамтиды.

114. Ақы төлеуге шот - мемлекеттік мекемелер қабылдаған және қазынашылық органдары тіркеген міндеттемелердің орындалғанын растайтын құжат, оның негізінде қазынашылық органдары ақы төлеудің қолма-қол емес және қолма-қол түрінде төлемдерді жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекеме - ақшаны жіберуші - Ақы төлеуге шотты белгіленген нысанның бланкілерінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлемнің негізділігін растайтын тиісті құжаттарды міндетті қоса бере отырып, екі данада Қазынашылықтың аумақтық органдарына ұсынады.

Ақы төлеуге шот қолдар мен мөр бедерінің үлгілеріне сәйкес мемлекеттік мекеменің уәкілетті органдарының және оның мөр бедерін қамтуы тиіс.

Ақы төлеуге шотты онда көрсетілген күнінен он күнтізбелік күн ішінде қазынашылық органдары қабылдауы мүмкін. <\*>

Ақы төлеуге шот мемлекеттік мекеме оны аумақтық қазынашылық органына ұсынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде орындалады. <\*>

Ақы төлеуге ағымдағы шот - бұл алдын ала төлеуді қоса алғанда, мемлекеттік

мекемелердің тиісті міндеттемесін аралық төлеуді жүзеге асыру үшін қалыптастырылатын ақы төлеуге шот.

Ақы төлеуге түпкі шот - бұл мемлекеттік мекеменің тиісті міндеттемесін түпкі төлеуді жүзеге асыру үшін қалыптастырылатын ақы төлеуге шот.

*Ескерту. 114-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 қаулысымен .*

*Ескерту. 114-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101 қаулысымен .*

115. Ақы төлеуге шотты мынадай құжаттардың: міндеттемелердің бірінші тобы үшін Қаржы министрлігі белгілеген нысандар бойынша мемлекеттік мекеменің төлем және есеп-төлем ведомостерінің;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің стипендияларды, мемлекеттік білім және студенттік несиелерді аударуын қоспағанда, бюджет қаражатын алушының шот-фактурасының және міндеттемелердің үшінші тобы үшін орындалған жұмыстар актісінің;

кредитордың банк-заемшылардың қаражатын алуға арналған өтінімі; міндеттемелердің төртінші тобы үшін заем туралы шарттың (келісімнің) ережелеріне сәйкес республикадан тыс жерде ашылған банктік шоттар арқылы тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін ақы төлеу қажет болған жағдайда, кредит шотынан көшірменің;

міндеттемелердің төртінші тобы үшін тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) ақы төлеу кезінде заем туралы шарттың (келісімнің) ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде ашылған банк шоттары арқылы тауарларға (жұмыстар мен қызметтерге) ақы төлеу қажет болған жағдайда инвестициялық жобаның арнайы шотынан көшірменің;

оны ұсынған жағдайда, инкассалық өкімнің; қолма-қол ақы төлеу нысаны болған кезде төлемдерді жүзеге асыру үшін чектердің негізінде белгіленген 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұлттық валютада мемлекеттік мекемелер қалыптастырады.

116. Ақы төлеуге шоттарда міндетті тәртіппен мынадай деректемелер көрсетіледі:

ақы төлеуге шоттың нөмірі;

Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы бойынша мемлекеттік мекеменің коды, ҚҰБ белгілеген ақшаны жіберушінің коды, салық төлеушінің толық атауы және СТН;

мемлекеттік мекемеге есеп-кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын қазынашылық органының атауы;

қаржыландыру көзі:

1 - үкіметтік сыртқы заемдардың қаражатынан басқа, бюджеттің есебінен,

2 - үкіметтік сыртқы заемдардың есебінен;

3 - ақылы қызметтерден түсетін қаражаттың есебінен,  
4 - демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін қаражаттың есебінен,  
5 - депозиттік қаражаттың есебінен,  
8 - ерекше шығыстардың есебінен,  
S - есептік кезеңде бюджеттік бағдарламалардың шығыстарына жұмсалатын бюджет қаражатының есебінен,  
I - Қаржы министрлігінің Қазынашылық жүйесінде ашылған аккредитивтің есебінен ;

с а н а т :

01 - республикалық бюджет,  
02 - облыстық бюджет және Астана және Алматы қалаларының бюджеттері,  
03 - аудандық (қалалық) бюджет,  
05 - а р н а й ы ;  
Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың кодында мыналар:  
бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды (үш белгі),  
бюджеттік бағдарламаның коды (үш белгі),  
бюджеттік кіші бағдарламаның коды (үш белгі),  
бюджет қаражатының есебінен төлемдерді жүзеге асыру үшін - шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің коды (үш белгі),  
немесе ақылы қызметтерден түсетін қаражаттың есебінен төлемдерді жүзеге асыру кезінде :

ақылы қызметтер түрінің коды (екі белгі);  
тиісті Өтінім нөмірлері және күндері; <\*>  
берушінің толық атауы, ҚҰБ белгілеген бенефициардың коды, салық төлеушінің тіркеу нөмірі;  
банктің атауы және коды (банктік сәйкестендіру коды), банк шотының коды (жеке сәйкестендіру коды), делдал банктің (банктік сәйкестендіру коды) және делдалдың банктік шотының коды (жеке сәйкестендіру коды);  
Бірыңғай бюджеттік сыныптама шығыстарының жіктеу коды;  
ҚҰБ бекіткен Бірыңғай төлемді тағайындаудың сыныптаушысына сәйкес төлемді тағайындаудың коды;  
тиісті Хабарлама бойынша соңғысы төлеген ақы төлеуге шоттың нөмірі мен күні ; < \* >

тауардың (жұмыстардың, қызметтердің) атауы;  
тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өлшем бірліктері;  
Хабарламаға (Тапсырысқа) сәйкес тауардың әрбір түрінің (жұмыстың, қызметтің) саны, бір бірлігі үшін немесе тауарлардың (жұмыстар мен қызметтердің) тобы үшін бағасы, тауардың (жұмыстың, қызметтің) әрбір түрі бойынша немесе тауарлардың (жұмыстар мен қызметтердің) әрбір тобы

бойынша теңгедегі құны және ағымдағы және түпкі төлемнің сомалары көрсетіледі. < \* >

Ақы төлеуге шоттың "Тауардың (жұмыстың және қызметтің) атауы" алаңында қосымша мыналар:

төлемді жүргізу үшін негіз болып табылатын құжаттың түрі (орындалған жұмыстардың кесімі, шот-фактура, чек, инкассалық өкім және т.с.с.);

төлем жүргізу үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы; < \* >

төлемді жүзеге асырудың мақсаты көрсетіледі.

Ақы төлеуге шоттың "Қазынашылық жүргізді" алаңында төлемді жүзеге асырудың күні, ал мемлекеттік (үкіметтік) сыртқы заемның қаражаты есебінен операцияны жүргізген жағдайда - қаражатты несие шотынан алу көрсетіледі. < \* >

Ақы төлеуге көрсетілген шығыстардың бюджеттік жіктелімінің коды Өтінімде және Хабарламада (Тапсырыста) көрсетілген шығыстардың бюджеттік жіктелімінің кодына ұқсас болуы тиіс, ақы төлеуге шотта көрсетілген төлемді іске асыру мақсаты бюджет шығыстарының экономикалық ерекшелігі құрылымы шығыстарының тізбесіне сәйкес келуі тиіс.

Төлемнің тағайындауында міндетті түрде мемлекеттік мекеме мен бюджет қаражатын алушы арасындағы Шарттың және мемлекеттік мекеменің Хабарламасының (Тапсырысының) нөмірлері мен күні, сондай-ақ "ағымдағы" немесе "түпкі" түрінде ақы төлеуге шоттың мәртебесі көрсетіледі.

*Ескерту. 116-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 , 2004.03.15. N 320 , 2004.10.27. N 1101 қаулыларымен.*

117. Ақы төлеуге шотта төлемдерді шетел валютасында жүзеге асыру үшін тауардың (жұмыстар мен қызметтердің) әрбір түрінің бірлігі үшін немесе тауарлардың (жұмыстар мен қызметтердің) тобы үшін бағасы, ондағы құны және жалпы сомасы төлем күніне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен анықталған валюта айырбасының рыноктық бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі. < \* >

*Ескерту. 117-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 , 2004.10.27. N 1101 қаулыларымен.*

118. Ақы төлеуге шотта бюджетке түсетін түсімдерді және міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорына аудару бойынша сома тұтастай теңгеде көрсетіледі, тиындармен түпкі есеп айырысу жылына бір рет желтоқсан айында жүргізіледі.

119. Барлық топтардың тіркелген міндеттемелері бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме Ақы төлеуге шотты, шығыстардың бюджеттік сыныптамасының нөмірі, күні, коды, сомасы көрсетілген, мемлекеттік мекеме басшысының қолы қойылған және мөрі басылған Ақы төлеуге шоттардың

тізілімін Қаржы министрлігінің органдарын ұсынады. <\*>

Бұдан басқа, тауарларды беруге (жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге) түпкі ақы төлеу кезінде мемлекеттік мекеме Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органына, басшының қолын қойып және бюджет қаражатын берушінің немесе алушының мөрін басып, 12-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Хабарламаның (Тапсырыстың) екінші данасын береді. <\*>

Жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме Хабарламаның (Тапсырыстың) бірінші данасының көшірмесін тиісті жергілікті бюджеттердің атқарылуы жөніндегі бухгалтерлік есепті жүргізу үшін жергілікті уәкілетті органға береді.<\*>

*Ескерту. 119-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 , 2004.03.15. N 320 , 2004.10.27. N 1101 қаулыларымен.*

120. Бірінші топтың қабылданған міндеттемелері бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін Ақы төлеуге шотқа міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару үшін - белгіленген тәртіппен екі данада Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес қалыптастырылған мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің тізімі қоса беріледі. <\*>

Жоғарыда санамаланған тізімдердің жасалуының және қалыптастырылуының дұрыстығына мемлекеттік мекеменің басшысы жауап береді.

Міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару жөніндегі тізімнің бір данасында оның қабылданғандығы туралы қазынашылықтың аумақтық органы қызметкерлерінің белгісі қойылады және мемлекеттік мекемеге қайтарылады.

*Ескерту. 120-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 , 2004.10.27. N 1101 қаулыларымен.*

121. Субсидияларды төлеуді жүзеге асыру үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазынашылық органдарына Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген құжаттарды береді. <\*>

Субсидияларды төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды. < \* >

Заңды тұлғалардың шығындарын жабуға байланысты қабылданған міндеттемелер бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына сәйкес Ақы төлеуге шотқа бюджеттік бағдарламаны және кіші бағдарламаны орындауға пайдаланылған жалпы сома туралы ақпарат, сондай-ақ заңды тұлғалардың кірістері есебінен бюджеттік бағдарламаның және кіші бағдарламаның жалпы құнын жабуға пайдаланылған сома туралы ақпарат қоса беріледі.

*Ескерту. 121-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

122. Шетел валютасындағы төлемдерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекемелер ақы төлеуге арналған шоттан басқа, 13-1 және 14-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Шетел валютасын айырбастауға және аударуға өтінім б е р е д і . < \* >

Шетел валютасында төлемдерді жүргізу мемлекеттік мекеменің сыртқы экономикалық қызметімен байланысты және бюджеттік бағдарламаның паспортында сипатталған іс-шараларға сәйкес жүзеге асырылады.

*Ескерту. 122-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қ а у л ы с ы м е н .*

123. Қазынашылық органдары Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен: мемлекеттік мекемелердің Ақы төлеуге шоттарының тізіліміне сәйкес ақы төлеуге шотты қабылдайды, сол жақ жоғарғы бұрышына жауапты қабылдайтын қызметкер қол қояды, ағымдағы күнді көрсетеді және тиісінше мөртабан басады; < \* >

"Тауардың (жұмыстар мен қызметтердің) атауы" жолында нөмірі көрсетілетін Хабарламаның (Тапсырыстың) деректері бар шығыстардың бюджеттік сыныптамасының кодтары бойынша ақы төлеуге шоттың деректерін с а л ы с т ы р а д ы ; < \* >

берушінің деректерін тексереді; осы Ереженің 5-бөлімінің 11-тармағында санамаланған мемлекеттік мекемелер ұсынған құжаттарды тексереді.

Алдын ала төлеу нысанында төлемдерді жүзеге асыру үшін қазынашылық органдарына Ақы төлеуге шот қана ұсынылады.

Белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде ақы төлеуге шоттарды аумақтық қазынашылық органдары Ақы төлеуге шоттардың тізіліміне сәйкес мемлекеттік мекемелерден оларды қабылдаған күннен бастап үш банктік күн ішінде орындайды. Осы нормалар сақталмаған жағдайда, жою үшін қатесі көрсетіліп, аумақтық қазынашылық органының бірінші басшысының қолы қойылған хатымен ақы төлеуге шоттар мемлекеттік мекемеге қайтарылады. <\*>

*Ескерту. 123-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101 қ а у л ы с ы м е н .*

124. Ақылы қызметтерден, демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін қаражаттың, депозиттік қаражаттың есебінен барлық топтардың қабылданған міндеттемелері бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін төлем құжаттары тиісті ҚБШ бос қалдықтардың шегінде қазынашылықтың аумақтық органдарында, ал үкіметтік борышқа, республикалық бюджеттен несиелендіруге және ресми трансферттерге байланысты міндеттемелер бойынша - Қазынашылық комитетінде қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

Тиісті ҚБШ ақша жетпеген жағдайда қазынашылық органдары Қазақстан



Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен анықталған бюджет шығыстарының басым бағыттарына сәйкес немесе төлем құжаттары түсімдерінің кезектілігі тәртібімен анықталған басымдықтарға сай төлемдердің пакеттерін қалыптастырады.

125. Қазынашылық комитеті қалыптастырылған төлемдерді оларға белгіленген тәртіппен тауар және заттай түрде бюджетке түсетін түсімдердің есебінен жүзеге асырылатын төлемдерді қоспағанда, ҚБШ-тен қаражатты бюджет қаражатын алушылардың тиісті банк шоттарына аудару үшін төлем жүйесіне жібереді.

1 2 6 . < \* >

*Ескерту. 126-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

127. Мемлекеттік мекемелердің жалақысы бойынша және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша төлемдерді жүргізу кезінде төлем құжатымен бірге Қазақстан Республикасының төлем жүйесіне мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің тізімі беріледі.

128. Төлемдерді жүргізгеннен және төлем жүйесі расталғаннан кейін жүргізілген операциялар туралы ақпарат Шоттардың бірыңғай стандартты жоспарына сәйкес тиісті ҚБШ-да көрсетіледі.

129. Келесі банк күні төлем жүргізу күні көрсетіле отырып, Ақы төлеуге шоттың екінші данасын және бір күнде жүргізілген төлемдер бойынша қалыптастырылған есептерді қазынашылықтың аумақтық органының жауапты атқарушысының қолымен және мөртабанымен куәландырылады және мемлекеттік мекемеге беріледі.

Түпкі" мәртебесі бар ақы төлеуге шот жүргізу кезінде аумақтық қазынашылық органдары 12-3, 12-4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Хабарламаның (Тапсырыстың) қосымша даналарын қалыптастырады. 12-3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Хабарламаның (Тапсырыстың) бір данасына аумақтық қазынашылық органының бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға қол қояды, мөрмен расталады, орындалған және қазынашылық органдарында тіркелген мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерін есепке алуды жүргізу үшін мемлекеттік мекемеге беріледі. 12-4-қосымшаға сәйкес Хабарламаның (Тапсырыстың) екінші данасы аумақтық қазынашылық органының жауапты орындаушысының қолымен және мөртабанымен расталады және мемлекеттік мекемелердің орындалған міндеттемелерін жабу үшін аумақтық қазынашылық органында қалады.

*Ескерту. 129-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 қаулысымен .*

130. Дұрыс жүргізілмеген төлемдерді қалпына келтіру және берушілердің мемлекеттік мекемелерге ағымдағы жылдың дебиторлық берешегін өтеуі (бұдан

әрі - қалпына келтіру) бір қаржы жылы шегінде Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы шығыстардың бюджеттік сыныптамасының тиісті кодтары бойынша орындалмаған міндеттемелердің сомасын арттыру және кассалық шығыстарды азайту жолымен жүзеге асырылады. <\*>

Қалпына келтіруге арналған төлем құжатын қазынашылықтың аумақтық органы тиісті мемлекеттік мекемеге береді.

Бюджет шотына арналған қалпына келтіруді жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме қалпына келтіруге арналған төлем құжатын алған күннен бастап 3 күннің ішінде қазынашылықтың аумақтық органына негіздемелік-хатты әкеліп береді.

Өткен жылдардың дебиторлық берешегін өтеу сомасы Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен кірістердің бюджеттік сыныптамасының тиісті коды бойынша бюджетке есептеледі.<\*>

*Ескерту. 130-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

131. "Сайлауларды өткізу" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша төлемдер Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

132. Қаржы министрлігі және оның аумақтық органдары жүргізілетін төлемдердің сомалары тиісті бюджеттік бағдарлама, кіші бағдарлама, ерекшелік бойынша қабылданған міндеттемелерге сәйкес келмеген жағдайда мемлекеттік мекемелерді қаржыландыруды тоқтатады.

133. Мемлекеттік мекемелердің кассалары арқылы ақы төлеудің қолма-қол түріндегі төлемдер Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **12-тарау. Инкассалық өкімдерді орындау рәсімдері**

134. Мемлекеттік мекемелердің шотынан олардың келісімінсіз ақша алу Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздемелер бойынша кассалық өкімдерді пайдалана отырып жүргізіледі.

Инкассалық өкім салық қызметі және кеден органдарының инкассалық өкімдерді беру жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген нормалардың негізінде атқарушы құжаттардың түпнұсқаларын не олардың көшірмелері қоса беріле отырып Қаржы министрлігінің аумақтық органына ұсынылады.

Инкассалық өкімде төлем тағайындауы көрсетіледі және ақша жіберушінің келісімінсіз ақша алу құқығын көздейтін заң актісіне сілтеме жасалады.

135. Ақшаны жіберушінің келісімінсіз ақша алу үшін инкассалық өкім соттардың атқарушы парақтары немесе шешімдері, үкімдері, анықтаулары және қаулылары бойынша берілетін атқарушы парақтарының немесе бұйрықтарының немесе ақшаны өндіріп алу туралы сот бұйрығының негізінде көрсетіледі.

136. Салық берешегінің сомасын өндіріп алуға арналған инкассалық өкім

бірінші кезектегі тәртіппен және көрсетілген өкімді алған күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірілмей бюджеттік сыныптаманың тиісті коды бойынша бөлінген лимиттердің қалдығы шегінде орындалады.

137. Мемлекеттік мекемелерге қойылған талаптарды қанағаттандыруды ағымдағы қаржы жылына бөлінген бюджет қаражатының есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес инкассалық өкім қойылған шығыстардың сыныптамасының бағдарламасы, кіші бағдарламасы және бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының 155 ерекшелігі бойынша - атқару құжаттары бойынша, салық және кеден органдарының инкассалық өкімдері бойынша - шығыстардың бюджеттік сыныптамасының тиісті кодтары бойынша ақылы қызметтерден мемлекеттік мекемелер алатын қаражаттың есебінен соңғысы жүргізеді.

138. Атқарушы құжаттар бойынша инкассалық өкімді алып Қаржы министрлігінің аумақтық органдары үш банк күні ішінде атына өкім қойылған мемлекеттік мекемені (бұдан әрі - Борышкер), ал соңғысы - өзінің жоғары тұрған мекемесін - бюджеттік бағдарламалардың әкімшісін (егер Борышкер бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болмаса) жазбаша хабардар етеді.

Қабылданған міндеттемелерді не бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының 155 ерекшелігі бойынша ақылы қызметтерді көрсетуден түсетін қаражатты шегере отырып берілген рұқсаттар болған кезде Қаржы министрлігінің аумақтық органдары Борышкерді хабардар еткен күннен бастап нұсқау ережелерімен өзге мерзім қойылмаса, нұсқау акцептінен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей өкімді орындайды.

Болмаған жағдайда, бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының 155 ерекшелігі бойынша бөлінген рұқсаттарды шегере отырып жоспарлы сомалар (бұдан әрі - жоспардың қалдығы) болған кезде Қаржы министрлігінің аумақтық органдары өкімді орындайды.

155 ерекшелік бойынша жоспарлы сомалар жетіспеген не жоқ болған жағдайда инкассалық өкімнің атқарылуы шығыстардың экономикалық сыныптамасының осы ерекшелігі бойынша мемлекеттік мекеменің міндеттері мен төлемдері жөнінде қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу жолымен мүмкін болады.

139. Үшінші тұлғалар үшін бюджетке түсетін төлемдер бойынша салық органдарының инкассалық өкімдерін қабылдау тіркелген шарттар болған кезде ғана жүзеге асырылады. Үшінші тұлғалар үшін бюджетке түсетін төлемдер бойынша салық органдарының инкассалық өкімдері бөлінген лимиттер қалдығының (не ол болмаған жағдайда бөлінген бюджет қаражатының) және оған шарт жасалған және мемлекеттік мекеменің дебитор алдындағы берешегі пайда болған шығыстардың тиісті ерекшелігі бойынша ақылы қызметтердің

шоты бойынша бос қаражаттың және мемлекеттік мекеменің дебитормен салыстыру актісінің шегінде орындалады.

139-1. Атқарушы құжаттар бойынша, салық және кеден органдарының инкассалық өкімдері аумақтық қазынашылық органдарында инкассалық өкімдерді тіркеу журналына тіркеледі. <\*>

*Ескерту. 139-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101 қаулысымен.*

**13-тарау. Міндеттемелерді қабылдау және тіркеу және құпиялық грифі бар төлемдері жүзеге асыру рәсімдері**

140. Өздеріне қаржыландырудың ерекше тәртібі белгіленген мемлекеттік органдардың міндеттемелерін қабылдау мен төлемдерді жүзеге асыру Қаржы министрлігі тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп анықтаған тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

**14-тарау. Бюджеттік алуларды аудару тәртібі**

141. Қазынашылықтың аумақтық органы күн сайын тиісті бюджетке күн сайын түсетін түсімдер туралы ақпараттың негізінде 14-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бюджеттік алулар туралы анықтаманы қалыптастырады және оны тиісті жергілікті уәкілетті органға жеткізеді.

Облыстың, Астана, Алматы қалаларының жергілікті уәкілетті органы күн сайын Облыстық бюджеттен, Астана, Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алулар туралы анықтаманың негізінде жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен төлемдерді жүзеге асырғанға дейін Қазынашылықтың аумақтық органына ақы төлеуге шот табыс етеді.

Бюджеттік алулар республикалық бюджет туралы заңда және міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына сәйкес бюджеттік алуларды айлар бойынша бөлуде белгіленген соманың шегінде қаржы жылының ішінде жүргізіледі. Бір айдың ішінде республикалық бюджетке аударуға жататын бюджеттік алулар сомасы міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық, жоспарында анықталған бюджеттік алулардың сомасынан асқан жағдайда осы Ережеде белгіленген тәртіппен міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгерістер енгізіледі.

Тиісті жергілікті бюджеттің кіріс бөлігі жете атқарылмаған жағдайда республикалық бюджетке бюджеттік алулар Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен келісілген тиісті бюджеттің кіріс бөлігінің атқарылу процентіне тепе-тең жүргізіледі.

Тиісті жергілікті бюджеттің ҚБШ қаражат және жергілікті бюджеттің қаржыландырудың жиынтық жоспарында анықталған бюджеттік алулар бойынша жоспарлы тағайындаулар болған кезде қаржы жылының ағымдағы

айында бюджеттік алуларды республикалық бюджетке мерзімінен бұрын  
а у д а р у ғ а ж о л б е р і л е д і .

Ағымдағы қаржы жылында бюджеттік алулар бойынша түпкі есеп айырысу  
ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ағымдағы  
қаржы жылында тиісті жергілікті бюджеттерге іс жүзінде қалыптасқан  
түсімдерді ескере отырып, есептік кезеңде жүргізіледі.<\*>

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ай сайын бюджеттік алулардың  
жете төленбеген сомаларын айқындайды және үш күн мерзімде оларды тиісті  
аумақтық қазынашылық органдарына хабарлайды.

Аумақтық қазынашылық органдары Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігінен өткен айдың соңындағы есеп айырысулар бойынша бюджеттік  
алулардың жете төленбегені туралы ақпарат алғаннан кейін ағымдағы күннің  
басында жете төленбеген соманы қоса алғанда, ағымдағы күн үшін аударуға  
жататын бюджеттік алулар туралы анықтама жасайды. Бұл ретте күн сайын ақы  
төлеуге шоттың сомасы ағымдағы күннің басында тиісті жергілікті бюджеттің  
қолма-қол ақшасының бақылау шотындағы қалдықтарының 50 пайызынан төмен  
болмауы тиіс. Өткен ай ішінде жете төленбеген мөлшерді қалпына келтіргеннен  
кейін бюджеттік алулар дағдылы тәртіппен жүргізіледі.

Аумақтық қазынашылық органдары тиісті жергілікті уәкілетті орган қол  
қойған рұқсаттар мен аудандардың (қалалардың) бюджетінен облыстық  
бюджетке бюджеттік алуларды аударуға арналған ақы төлеуге шоттардың  
негізінде аудандардың (қалалардың) бюджеттерінен облыстық бюджеттерге  
берілетін бюджеттік алулар бойынша қолданыстағы заңнамада көзделген  
рәсімдерді о р ы н д а й д ы . < \* >

*Ескерту. 141-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*  
қ а у л ы с ы м е н .

*Ескерту. 141-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101*  
қ а у л ы с ы м е н .

142. Бюджеттік алулардың сомасын есептеу кезінде бір күннің қорытындысы  
б о й ы н ш а м ы н а л а р д ы ң :

жергілікті инвестициялық жобаларға берілген кредиттер бойынша  
с ы й а қ ы л а р д ы ң ( м ү д д е л е р д і ң ) ;

бұрын жергілікті бюджеттен алынған пайдаланылмаған қаражаттың  
қ а й т а р ы л у ы н ы ң түсімі ескеріледі. < \* >

*Ескерту. 142-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*  
қ а у л ы с ы м е н .

142-1. Бюджеттік алулардың толық және уақытылы аударылуын бақылауды  
аумақтық қазынашылық органдары жүзеге асырады. < \* >

*Ескерту. 142-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

**15-тарау. Мемлекеттік мекемелердің кассалары арқылы қолма-қол ақшаны пайдалану рәсімдері**

143. Қаржы министрлігі мемлекеттік мекемелердің кассалары арқылы қолма-қол ақшаны пайдалану үшін:

тиісті шектеумен қолма-қол ақшаны пайдалана отырып, төлем жүргізу рұқсат етілетін шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесін;

қолма-қол ақшаны алуға шектеу қойылмайтын шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесін;

қолма-қол ақшаны қабылдау, беру және кассалық құжаттарды ресімдеу тәртібін ;

мемлекеттік мекемелердің кассасындағы қолма-қол ақша қалдығының лимитін ;

қолма-қол ақшаның кассада сақталу мерзімін анықтайды.

**16-тарау. Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне және стипендиаттарға жалақы, стипендия және басқа ақша төлемдерін төлеудің рәсімдері**

144. Алушыларға жалақы, стипендиялар және басқа ақшалай төлемдерді ( бұдан әрі - ақшалай төлемдер) төлеуді алушы олардың сомаларын салымдар бойынша дербес шоттарына немесе карт-шоттарға есептеу жолымен алушының таңдауы бойынша екінші деңгейдегі банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекемелер ағымдағы айдың 25-і күніне дейін қызметкерлердің жалақысын есептеуді жүзеге асырады, ал қаржы жылының соңғы айында - 20-сы күніне дейін жалақының есептелген сомасына арналған ақы төлеуге шоттарды жасайды және ағымдағы ай аяқталғанға дейінгі үш жұмыс күнінің ішінде оларды аумақтық қазынашылық органдарына ұсынады. <\*>

*Ескерту. 144-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101 қаулысымен .*

145. Ақшалай төлемдерді алушы Банк/Агентпен салымдар бойынша дербес шоттарына немесе карт-шоттарға есептеу жолымен оған тиесілі соманы төлеу жөнінде шарт жасайды .

Шарт екі данада жасалады, оның біреуі алушыда қалады, ал екіншісі Банк/Агентте қалады .

Банк/Агент жалақыны, стипендияны алушыға қызметтерді ұсыну жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру тәртібін, сондай-ақ Банк/Агенттің карточкаларын пайдалану тәртібін толық түсіндіреді.

Банк/Агенттің ақшалай төлемдерді және басқа ақшалай төлемдерді салымдар бойынша дербес шоттарына немесе алушылардың карт-шоттарына есепке алу

жөніндегі қаржылық қызметтері мемлекеттік бюджеттен төленеді.

146. Алушы Банк/Агентте ашылған салымдар бойынша дербес шотының нөмірлерін немесе карт-шоттардың нөмірлерін, Шарттың нөмірлерін және күнін және Банк/Агенттің деректемелерін көрсете отырып, тиесілі ақшалай төлемдердің сомаларын аударуға өтініш ұсынады.

147. Мемлекеттік мекеме Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен алушыларға қызмет көрсету бойынша әрбір Банк/Агентпен Агенттік келісім жасасады және оған қол қою құқығы бар лауазымды тұлғалар қолдарының үлгілері және мөр бедері бар құжатты ұсынады.

148. Мемлекеттік мекеменің басшысы ақша алушыларды жалақыны, стипендияларды салымдар бойынша дербес шоттарына немесе карт-шоттарына аудару туралы ақпараттандыратын жауапты тұлғаларды анықтайды.

149. Алушыларға қызмет көрсету жөніндегі агенттік келісім жасасқаннан кейін мемлекеттік мекеме Банк/Агенттермен келісілген нысан бойынша ақшалай төлемдердің тиесілі сомасын салымдар бойынша дербес шоттарға немесе карт-шоттарға есепке алу үшін өтініш берген өз қызметкерлерінің тізімдерін қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

150. Ақшалай төлемдерді салымдар бойынша дербес шоттарға немесе карт-шоттарға аудару тәртібін Қаржы министрлігі белгілейді.

150-1. Аумақтық қазынашылық органының басшысы бекіткен және аумақтық қазынашылық органының әрбір жауапты орындаушысына жеке жасалған мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету кестесіне сәйкес аумақтық қазынашылық органдары жалақы төлеу жөніндегі операцияларды жүзеге а с ы р а д ы .

< \* >

*Ескерту. 150-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101 қаулысымен.*

**17-тарау. Үкіметтік сыртқы заемдардың қаражаты есебінен қаржы операцияларын жүзеге асыру тәртібі**

151. Үкіметтік сыртқы заемдардың қаражаты есебінен қаржы операцияларын жүзеге асыру тәртібін сипаттау үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

несие шоты - заем туралы шарттың (келісімнің) ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі заемының сомасы көрсетілетін шот, оның есебіне Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялық жобаны қаржыландыру мақсатында үкіметтік сыртқы заемның қаражатын алуға құқылы;

уәкілетті банк - Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі, онда инвестициялық жобаның арнайы шотына қызмет көрсетіледі;

шетелдік несие берушінің арнайы міндеттемесі - заем туралы шарт (келісім) шеңберінде жасалған келісім-шарттың ережелерін орындау үшін бюджеттік бағдарламаның әкімшісі осы банкте ашқан аккредитивті қамтамасыз ету

мақсатында заем туралы шарттың (келісімнің) талаптарына сәйкес екінші деңгейдегі банкке берілетін шетелдік несие берушінің кепілдігі.

152. Несие шотынан үкіметтік сыртқы заемдардың есебінен қаржы операцияларын нысан бойынша және заем туралы шартта (келісімде) көзделген қаржы рәсімдеріне сәйкес, сондай-ақ осы ережеге сәйкес шетелдік несие берушінің атына жіберілген қаражатты алуға арналған өтінімдердің негізінде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жүзеге асырады. Бұл ретте үкіметтік сыртқы заемдардың қаражатын бюджеттік бағдарламаның әкімшісі тиісті заем туралы шартта (келісімде) көзделмеген мақсаттарға ала алмайды.

153. Несие шотынан қарыз алуға арналған өтінімдерге қолдардың екі топтары бұрыштама қояды, онда бірінші тобы Қаржы министрлігіне, ал қолдардың екінші тобы бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне бекітілген. Бұл ретте қолдардың бірінші тобының мәртебесі бюджеттік бағдарламалардың шеңберінде үкіметтік сыртқы заемы қаражатының пайдаланылуын реттеумен және олардың мақсатты пайдаланылуын бақылаумен, қолдардың екінші тобының мәртебесі - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың мақсатты пайдаланылуына толық жауап берумен анықталады.

154. Бірінші топтың қолын алу үшін несие шотынан үкіметтік сыртқы заем қаражатын алуға өтінімде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі қаражатты алуға өтініммен бірге Қаржы министрлігіне:

төлемнің тағайындалуын көрсете отырып ілеспе хатты;

заем туралы шарт (келісім) шеңберінде жасалған келісім-шарттар бойынша төлемдерді жүргізген жағдайда құжаттардың көшірмесін, олардың негізінде осы келісім-шарттарға сәйкес ақы төлеу жүргізіледі, олар бойынша бастапқы ақы төлеуді жүргізу кезінде осы келісім-шарттардың көшірмесін, сондай-ақ егер бұл заем туралы шарт (келісім) бойынша рәсімдерде көзделсе келісім-шарттарды жасасуға шетелдік несие берушінің ресми мақұлдауының көшірмесін;

келісім-шарттар жасамастан жүргізілетін шығыстар бойынша бір жолғы төлемдерді жүргізген жағдайда бастапқы құжаттардың көшірмелерін ( шот-фактуралар, үстеме, кіріс кассалық ордерлері, түбіртектер, қолхаттар және т . с . с . ) ;

заем туралы шарт (келісім) бойынша қабылданған қаржы рәсімдеріне сәйкес шетелдік несие берушіге беруге міндетті құжаттардың көшірмелерін;

15-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша берілген рұқсаттар туралы анықтаманы ;

Қаржы министрлігінің сұрау салуы бойынша есеп беретін сомалар жөніндегі қосымша ақпаратты табыс етеді.

155. Қаржы министрлігі 10 күннің ішінде несие шотынан үкіметтік сыртқы заемның қаражатын алуға арналған өтінімнің заемдар туралы шарттардың (



келісімдердің) талаптарына, сондай-ақ бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне бөлінген тиісті кезеңге арналған рұқсатқа сәйкестігін тексереді, қол қояды және шетелдік несие берушіге беру үшін оны бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне қ а й т а р а д ы .

156. Егер уәкілетті банкте ашылған аккредитив арқылы үкіметтік сыртқы заемдардың қаражаты есебінен қаржы операцияларын жүзеге асыру үшін шетелдік несие берушінің арнайы міндеттемесін алу қажет болған жағдайда, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қаржы министрлігіне заем туралы шартта (келісімде) көзделген қаржы ресімдеріне сәйкес нысан бойынша арнайы міндеттеме алуға өтінімді табыс етеді.

157. Шетелдік несие берушінің арнайы міндеттемелерін алуға арналған өтінімге бюджеттік бағдарлама әкімшісінің Қаржы министрлігіне мынадай қ ұ ж а т т а р д ы :

жүргізілген аккредитивті операцияның тағайындалуын көрсете отырып ілеспе х а т т ы ;

заем туралы шарттың (келісімнің) шеңберінде жасалған келісім-шарттың көшірмесін, оған сәйкес ақы төлеу аккредитив арқылы жүргізілуі тиіс;

келісім-шартты жасасуға арналған шетелдік несие берушінің ресми ма қ ұ л д а у ы н ы ң кө ш і р м е с і н ;

уәкілетті банкте ашылған аккредитивтің көшірмесін;

заем туралы шарт (келісім) бойынша қабылданған қаржы ресурстарына сәйкес шетелдік несие берушіге ұсынуға міндетті өзге құжаттардың кө ш і р м е л е р і н ;

және Қаржы министрлігінің сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ұсынуымен ғана осы Ереженің 153-155-тармақтарына сәйкес ұқсас тәртіппен б ұ р ы ш т а м а қ о й ы л а д ы .

158. Несие шотынан аванс беру қаражаты ретінде үкіметтік сыртқы заемдар қаражатының түсуі жөніндегі операцияны және бұл қаражатты кейіннен жұмсауды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жүзеге асырады.

1 5 9 . Е г е р :

жүргізілетін қаржы операциясы заем туралы шарттың (келісімнің) немесе заем туралы шарттың (келісімнің) шеңберінде жасалған келісім-шарттың е р е ж е л е р і н е қ а й ш ы к е л г е н ;

тиісті рұқсатпен республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін бекітілген лимиттер жоқ болған немесе аз б о л ғ а н ;

бюджеттік бағдарлама әкімшісі Қазақстан Республикасының заңдарында немесе заем туралы шартта (келісімде) көзделген тиісті ережелер мен ресімдерді

б ұ з ғ а н ;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілері оларды жойғанға дейін жүргізілетін қаржы операциялары жөніндегі құжаттарда сәйкессіздіктер мен қателер бар болған жағдайда несие шотынан қаражатты алуға арналған немесе 153-155 және 157-тармақтарға сәйкес қол қою үшін бюджеттік бағдарлама әкімшісінің ұсынған шетелдік несие берушінің арнайы міндеттемесін алуға арналған өтінімді Қаржы министрлігі қабылдамауға құқылы.

Бұдан басқа, Қаржы министрлігі жоғарыда аталған жағдайларда несие шотынан қаражат алуға арналған өтінімге тиісті түзетулер енгізуге немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінен түзетулер енгізуді талап етуге құқылы.

**17-1-тарау. Ресми трансферттерді төмен тұрған бюджеттерге беру рәсімдері**

*Ескерту. 17-1-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101 қаулысымен .*

159-1. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар резервінің қаражатын қоса алғанда, ресми трансферттерді тиісті бюджеттік бағдарламаның әкімшісі белгіленген тәртіппен бекітілген төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына және Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен актіге сәйкес трансферттердің жалпы сомасын төмен тұрған бюджеттерге бөлу арқылы төмен тұрған бюджеттерге аударды .

Аудару ақы төлеуге шот негізінде және төлем мақсатын белгілеу үшін Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың "Жоғары тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер" кірістерінің 4-санаттағы, 02-сыныптағы кодтарын қолдана отырып, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі беретін деректемелер бойынша жүргізіледі.

159-2. Субвенцияларды және олардың есебінен төмен тұрған бюджет бағдарламаларының әкімшісі олардың бірінші және екінші топтарына жататын шығыстарды жүзеге асыратын басқа да трансферттерді аудару жоғары тұрған бюджет бағдарламалары әкімшісінің ақы төлеуге шоты негізінде жүргізіледі. Олардың есебінен төмен тұрған бюджет бағдарламаларының әкімшісі үшінші топқа жататын шығыстарды жүзеге асыратын мақсатты инвестициялық трансферттерді аударуды төмен тұрған бюджет бағдарламалары әкімшісінің төлемнің негізділігін растайтын тиісті құжаттардың көшірмелерін міндетті түрде қоса бере отырып, ақы төлеуге шот негізінде де жоғары тұрған бюджет бағдарламаларының әкімшісі жүргізеді.

159-3. Жоғары тұрған бюджет бағдарламалары әкімшісі трансферттерінің есебінен іске асырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша төмен

тұрған бюджет бағдарламалары әкімшілерінің шығыстары осы Ережемен белгіленген тәртіппен бірінші, екінші және үшінші топтардың шығыстары үшін олардың біріне тиістілігіне сәйкес жүзеге асырылады.

### **18-тарау. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың несиелерді беру жөніндегі ресімдері**

160. Осы бюджеттердің қарыз алуы болып табылатын республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерді бюджеттік несиелендіру "Қазақстан Республикасының үкіметтік қарыз алуын және жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуын жүзеге асыру ережесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 маусымдағы N 874 және Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдалану ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулыларымен сәйкес анықталады.

*Ескерту. 160-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

160-1. Даму Банкінің бюджеттік кредит беру тәртібі мен шарты "Қазақстанның Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 қыркүйектегі N 1187 қаулысымен бекітілген Даму Банкінің Кредит саясаты туралы меморандумына және осы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде анықталады.

*Ескерту. 160-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*

қ а у л ы с ы м е н

161. Бюджеттік несиелендірудің міндетті шарты несие берушінің мүддесін қорғауды қамтамасыз ету, несие тәуекелінің туындауын барынша болдырмау б о л ы п т а б ы л а д ы .

Берілген бюджеттік несиелердің талап етілетін тиімділігіне және республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламаларды (бұдан әрі - тиісті бюджеттік бағдарламаларды) іске асыру кезінде олардың уақытылы қайтарылуына қол жеткізу мақсатында, банк-заемшыға қойылатын мәселелерді шешумен қатар нақтылы бюджеттік бағдарламалардың сипатына тәуелді несие б е р у ш і н і ң т а л а п т а р ы :

түпкі заемшыларды бюджеттік несиелендіру кезінде банк-заемшылардың тиісті кірістерді алу мүмкіндігі мәселелерін шешуді қарайды.

Қарыз алушы-банктерге түпкі қарыз алушыларға бюджеттік кредит беру нәтижесінде туындаған операциялық шығыстарды бюджет кредитінің есебінен ө т е у жү р г і з і л м е й д і . < \* >

*Ескерту. 161-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

162. Республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген бюджеттік несиелендірудің негізгі бағыттары:

республикалық және жергілікті жобаларды іске асыру;  
экономиканың салаларын мемлекеттік қаржылай қолдау;  
шағын кәсіпкерлікті аймақтық қолдау бағдарламасын орындау болып  
т а б ы л а д ы .

163. Нысан бойынша берілген бюджеттік несие:  
барлық бюджеттік несиенің сомасын заемшының шотына біржолғы аудару  
арқылы ұсынылатын мерзімнен тыс несие не оның төлем құжаттарын біржолғы  
т ө л е у ;

несиелік желілер - аудару кестесіне сәйкес заемшының шотына бюджеттік  
несие сомасын кезеңдік аудару арқылы берілетін несие не оның төлем  
құжаттарын біржолғы төлеу болып бөлінеді.

Бюджеттік несиелендіру кезінде несие беруші мен банк-заемшы заң  
актілеріне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес  
несиелерді берудің басқа да нысандарын пайдалана алады.

164. Мерзімдеріне байланысты бюджеттік несиелерді беру:  
қысқа мерзімді - 1 жылға дейінгі мерзімді несие;  
орта мерзімді - 1 жылдан жоғары, бірақ 3 жылдан артық емес мерзімдегі  
н е с и е ;

ұзақ мерзімді - 3 жылдан жоғары мерзімдегі несие болып бөлінеді.

164-1. Ұлттық валютадағы сыйақы ставкасы өтеуге дейін бюджет кредитінің  
мерзіміне тең мерзіммен Қаржы министрлігі эмиссиялаған ұлттық валютадағы  
мемлекеттік орта мерзімді индекстелмейтін бағалы қағаздар бойынша бағалы  
қағаздардың ұйымдасқан қайталама рыногындағы операциялардың нәтижелері  
бойынша алдағы тоқсанда қалыптасқан кірістіліктің орта өлшемдік ставкасына  
тең болып белгіленеді. <\*>

*Ескерту. 164-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*  
қ а у л ы с ы м е н .

164-2. Шетел валютасындағы сыйақы ставкасы өтеуге дейін бюджет  
кредитінің мерзіміне тең мерзіммен Қаржы министрлігі эмиссиялаған ұлттық  
валютадағы мемлекеттік орта мерзімді индекстелмейтін бағалы қағаздар  
бойынша бағалы қағаздардың ұйымдасқан қайталама рыногындағы  
операциялардың нәтижелері бойынша алдағы тоқсанда қалыптасқан кірістіліктің  
орта өлшемдік ставкасына тең болып белгіленеді. <\*>

*Ескерту. 164-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*  
қ а у л ы с ы м е н .

164-3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 шілдедегі N 889  
Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға  
арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы шеңберінде жүзеге  
асырылатын бюджеттік кредит беру кезіндегі сыйақы ставкасының мөлшері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен анықталады. <\*>

*Ескерту. 164-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*

қ а у л ы с ы м е н

164-4. Қазақстан Республикасының азаматтарына кредит беру кезінде сыйақы ставкасының мөлшері 164-1, 164-2-тармақтарға сәйкес анықталатын тиісті валютадағы сыйақы ставкасының 0,5 (нөл бүтін оннан бес) есебінен аспауы тиіс.

< \* >

*Ескерту. 164-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*

қ а у л ы с ы м е н

164-5. Түпкі қарыз алушы үшін сыйақы ставкасының мөлшері 164-1, 164-2-тармақтарға сәйкес анықталатын тиісті валютадағы сыйақы ставкасының 1,5 (бір бүтін оннан бес) есебінен аспауы тиіс. <\*>

*Ескерту. 164-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*

қ а у л ы с ы м е н

164-6. Егер Қаржы министрлігі эмиссиялаған бағалы қағаздардың ұйымдастырылған қайталама рыногындағы операциялар ағымдағы кезеңде жүргізілмеген жағдайда, сыйақы ставкасы өткен кезеңдегі тиісті валютадағы сыйақы ставкасына тең белгіленеді. <\*>

*Ескерту. 164-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*

қ а у л ы с ы м е н

165. Бағдарламалар әкімшілері тиісті бюджеттерді қабылдағаннан кейін екі айдан аспайтын мерзімде қарыз алушы-банктерді анықтауға үміткерлерге қойылатын талаптар анықталады. <\*>

Қарыз алушы-банктерді анықтауға үміткерлерге қойылатын негізгі талаптарға :

бұған дейін республикалық және/немесе жергілікті бюджеттердің есебінен алынған несиелер бойынша берешектердің болмауы;

конкурс өткізілген күннен кейінгі соңғы үш ай ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің пруденциялық нормативтерін сақтау;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген жарғылық және меншікті капиталдардың ең аз мөлшерінің лимиттерін сақтау;

бюджеттік несиелерді уақытылы қайтару бойынша тиісті қамтамасыз етудің бар болуы ;

қажет болған жағдайда филиалдық желінің және/немесе корреспонденттік желінің бар болуы ;

қажет болған жағдайда ақпараттарды берудің халықаралық электрондық жүйесінің (SPRINT, SWIFT, REUTER) бар болуы жатады.

*Ескерту. 165-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816* қаулысымен .

166. Бағдарламалардың әкімшілері екінші деңгейдегі банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі берген лицензиясы бар ұйымдар (бұдан әрі - банктер-қатысушылар) бойынша сұрауды бұрын республикалық және/немесе жергілікті бюджеттердің ақшасы есебінен алынған кредиттер бойынша берешектің және бюджеттік кредиттерді уақытылы қайтару жөніндегі тиісті қамтамасыз етудің болуы жөніндегі талаптарды қоспағанда, нақтылы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде несиелерді алу үшін олардың арасында конкурс өткізу үшін негізгі талаптарды қоса Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жолдайды. < \* >

*Ескерту. 166-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

167. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бес мерзімдік күн ішінде конкурсқа қатысу үшін белгіленген талаптарға сәйкес банктердің-қатысушылардың тізбесін даярлайды және бағдарламалардың әкімшілеріне жолдайды.

Қаржы министрлігі және/немесе жергілікті атқарушы органдар бағдарламалар әкімшілерінің сұрау салулары бойынша бұрын республикалық және/немесе жергілікті бюджеттердің ақшасы есебінен алынған кредиттер бойынша қарыз алушы-банктерді анықтауға үміткерлер берешегінің бар-жоғы туралы ақпаратты жібереді. < \* >

*Ескерту. 167-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

168. Бағдарламалардың әкімшілері тізбеге сәйкес өтініш білдірген мерзімін көрсете отырып нақтылы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде олардың несиелерді алуы үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің оң қорытындысы бар банктер-қатысушылар арасында конкурс жариялайды.

169. Бағдарламалардың әкімшілері белгілеген конкурс өткізу мерзімінде банктер-қатысушылар конкурстың шарттарына сәйкестігін растайтын және бюджеттік несиелерді алудың шарттары мен нақтылы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде түпкі заемшыға олардың несие беруін жүзеге асыру бойынша ұсыныстары бар құжаттарды қоса конкурсқа қатысу үшін өтініш береді.

170. Конкурсқа қатысуға жіберілген банктер-қатысушылардың ішінен банк-заемшылардың құжаттарын қарау және іріктеу үшін бағдарламалардың әкімшілері конкурстық комиссия құрады.

Бюджеттік бағдарламалардың орындалуын және бюджеттік қаражаттың үнемделуін қамтамасыз ететін жеткілікті несиелендіру мақсатында конкурстық комиссия банктер-қатысушылардың өтініштерін қарайды және оларды:

түпкі қарыз алушылардың бюджеттік несиелендіруге байланысты

шығыстарының ең аз деңгейіне; <\*>  
камтамасыз ету сапасына (көлеміне, нысанына, өтімділігіне);  
банктердің қарыз ақша портфелінің сапасына;  
банктердің меншік капиталдарының көлеміне;  
банктердің несиелендіру саласындағы жұмыс тәжірибесіне негіздей отырып  
і р і к т е й д і .

*Ескерту. 170-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

171. Конкурстың қорытындылары бойынша бағдарламалардың әкімшілері белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның тиісті шешімдеріне жобалар енгізеді. Несие берушілер нақтылы бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға банк-заемшылар, олардың қатысу шарттары мен дәрежелері анықталатын түпкілікті шешім қабылдайды.

172. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның оң шешім қабылдауы негізінде, қажет болған жағдайда бағдарламалардың әкімшілерінің қатысуымен банк-заемшылармен бірлесе отырып несиелік шарттарды және оларға байланысты құжаттарды (кепіл, кепілдік туралы шарт, төлемдердің кестесі және басқалар) жасасуды жүргізеді.

Несие беруші теріс шешім қабылдаған жағдайда бағдарламалардың әкімшілері қайта конкурс өткізуді ұйымдастырады.

173. Жасасқан күннен бастап үш күндік мерзімде:  
республикалық бюджет қаражаты есебінен бюджеттік несиелер бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен;  
жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен бюджеттік несиелер бойынша жергілікті атқарушы органдармен жасасқан несиелік шарттар тіркеуге жатады.

174. Несиелік шарттар тіркелгеннен және несие беруші мен банк-заемшы арасындағы міндеттемелер тіркелгеннен кейін несие беруші банктердің-заемшылардың қаражатын алуға арналған өтінім және 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімі және 12-1, 12-2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша қабылданған міндеттемелерге арналған Хабарлама (Тапсырыс) негізінде және осы Ереженің 11-тарауында сипатталған тәртіппен жүзеге асырады.

*Ескерту. 174-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

175. Тараптардың бюджеттік несиелендіру кезінде туындаған барлық даулары мен пікір қайшылықтары жасасқан несиелік шарттардың талаптарымен және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

176. Несиелік ресурстардан түпкі заемшылардың бюджеттік несиелерін банк-заемшыларға беру қолданылып жүрген заңдарға, несие берушімен жасасқан несиелік шарттарға және банк-заемшының ішкі несиелік саясатына сәйкес жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

177. Банк-заемшы түпкі заемшының несиелік ұсыныстарына: түпкі заемшының төлем қабілетіне және өтелмеген бюджеттік несие тәуекелінің дәрежесіне талдау, жобаның экономикалық тиімділігіне, техникалық-экономикалық және қаржылық көрсеткіштеріне талдау, көздердің бар-жоғын және несиені өтеудің қамтамасыз етілуіне тексеру жүргізу арқылы с а р а п т а м а жү р г і з е д і .

178. Бағдарламалар әкімшілерінің келісімі бойынша банк-заемшылардың несиелік ұсыныстарының сараптамасы нәтижесінде түпкі заемшыны несиелендіру туралы шешім қабылданады, олармен несиелік шарттар және бюджеттік несиелерге байланысты басқа құжаттар жасасады.

179. Несиелік шарттар және оларға байланысты құжаттар жасасқаннан кейін банк-заемшылар түпкі заемшының атына қарыз ақша шотын ашады, оған несиелік шарттарға сәйкес бюджеттік несиелердің сомасы есептеледі. Көрсетілген шоттан түпкі заемшының есеп шотына ақшаны аудару арқылы несиелерді беру жүргізіледі.

180. Негізгі борышты өтеуді және есептелген сыйақыны төлеуді жасасқан несиелік шартқа сәйкес заемшы жүзеге асырады.

Бұл орайда, төлемдердің мынадай кезегі белгіленеді:  
есептелген айыппұлдар мен өсімдер;  
есептелген сыйақылар;  
негізгі борышты өтеу.

180-1. Бюджеттік кредиттің негізгі борышының жеңілдікті кезеңінің ұзақтығы қарыз алушы мен бюджеттік бағдарлама әкімшісінің тиісті есептеулерімен расталады. Бұл ретте жеңілдікті кезеңнің ұзақтығы кредит мерзімі ұзақтығының 1/3 (үштен бірі) аспауы тиіс. <\*>

*Ескерту. 180-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

180-2. Бюджеттік кредитті пайдаланғаны үшін сыйақы есептеу тиісті шарттарға қол қойған күннен бастап бюджеттік кредитті құрылымдау кезінде бюджеттік кредиттің қаражатын бюджеттік бағдарлама әкімшісінің шотынан қарыз алушының шотына аударған күннен бастап жүзеге асырылады. Кассалық алшақтықты жабуға берілген кредиттерді қоспағанда, бюджеттік кредит бойынша сыйақы төлеу бюджет кредитін беру кестесіне сәйкес бірінші күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады. <\*>

*Ескерту. 180-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

181. Банк-заемшы несиелік шарттың талаптарын бұзған жағдайда несие беруші несиелік шартты мерзімінен тыс бұзуға және есептелген сыйақылармен



және айыппұлдармен бірге несиенің іс жүзіндегі ұсынылған сомасын қайтаруға қ ұ қ ы л ы .

182. Бюджеттік кредитті мақсатсыз пайдалану фактілері анықталған кезде кредит беруші Қаржы министрлігі анықтайтын тәртіппен кредит шартында айтылған мөлшерде айыппұл сала отырып, заңсыз пайдаланылған кредит сомасын өндіріп алуға құқылы. <\*>

*Ескерту. 182-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

183. Заемшы несиелік шартта белгіленген мерзімде негізгі борышты өтемеген және/немесе бюджеттік несие бойынша сыйақыны төлемеген жағдайда жинақтаған берешектерге айыппұл проценттері есептеледі.

184. Бюджеттік несие бойынша заемшының берешектері пайда болған және несиелік шарттың талаптарымен анықталған мерзім ішінде ол өтелмеген жағдайда республикалық және жергілікті бюджеттен берілген несие бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі және жергілікті атқарушы органы не банк-заемшы (түпкі заемшы жағдайында) берешектерді қайтаруды қамтамасыз ететін мынадай:

жергілікті атқарушы органдардың жоғары тұрған бюджеттерге бұрын берілген кредиттер бойынша негізгі борышты өтегенге және мақсатына сай пайдаланылмаған қаражатты қайтарғанға дейін қаржы жылының басындағы бюджет қаражатының бос қалдықтарын өзге мақсаттарға жұмсауына тыйым салу ; < \* >

заңдарда белгіленген тәртіппен заемшының берешектерін өтеу жөніндегі олардың міндеттемелерін орындауы туралы құжаттарды гарантқа (алушыға) жіберу ;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес кепіл туралы шарттың негізінде заемшының салған мүлкін сату ;

заемшы несие берушінің не банк-заемшының пайдасына берген басқа тұлғаға заемшының талаптарын төлеуге ұсыну ;

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы "Банкроттық туралы" Заңына сәйкес соттың заемшыны банкрот деп жариялауға дейін сот тәртібіне өндіріп алу жүзеге асыру шараларын қолданады.

*Ескерту. 184-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

185. Республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен берілген несие банк-заемшы тиісті бюджетке негізгі борыштың сомасын қайтару және сыйақыларды және айыппұлдарды қоса алғанда осы несиелерге байланысты басқа ілеспе төлемдерді толық көлемде төлеген жағдайда өтелген болып есептеледі .

186. Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен

берілген несиелерді қайта құрудағы өзгерістер:  
сыйақылардың ставкалары;  
несиені өтеудің немесе кезекті төлемнің мерзімі;  
несие валютасы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті әкімияттардың шешімдері негізінде жүзеге асырылады.

Кредитті қайта құрылымдау кезінде кредит беруші мен қарыз алушы арасында қайта құрылымдау туралы келісім (шарт) жасалады.

Бұл ретте кредит беруші:  
сыйақы ставкасын белгілеуді осы Ереженің 90-тармағына сәйкес жүзеге асырады. < \* >

Бұл орайда, несиені өтеудің немесе кезекті төлемнің мерзімін өзгерту, сондай-ақ сыйақылардың ставкасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен немесе жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімімен бекіткен бюджеттің кіріс бөлігінің мөлшеріне ықпал етпеуі тиіс.

186-1. Даму Банкіне берілген кредиттерді қайта құрылымдау шарты Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде анықталады. < \* >

*Ескерту. 186-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен*

186-2. Даму Банкін және Қазақстан Республикасының азаматтарын қоспағанда, қарыз алушыларға кредиттерді қайта құрылымдау кезінде сыйақы ставкасы тиісті валютада 164-1, 164-2-тармақтарға сәйкес анықталады. < \* >

*Ескерту. 186-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен*

187. Республикалық бюджет қаражаты есебінен берілген несиелерді қайта құру туралы шешімді "Республикалық бюджеттен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекет берген кепілдігі бар, мемлекеттік емес сыртқа заемдар шеңберінде республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттан берілген несиелерді қайтару және қайта құру жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 маусымдағы N 813 қаулысына сәйкес құрылған Ведомствоаралық комиссияның ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі шешім қабылдайды.

187-1. Бюджеттік кредит беру туралы ақпаратты Қаржы және экономика және бюджеттік жоспарлау министрліктері арасында келісілген нысан бойынша және мерзімде Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Қаржы министрлігі береді. < \* >

*Ескерту. 187-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

**19-тарау. Мемлекет кепілдік берген заемдар алған заңды тұлғалардың қаржылық жағдайы және төлем қабілеті мониторингінің ресімдері**

**§1. Мемлекет кепілдік берген заемдар алған заңды тұлғалардың қаржылық жағдайы мониторингінің ресімдері**

188. Мемлекет кепілдік берген заемдар алған заңды тұлғалардың қаржылық жағдайы мониторингінің ресімдері Қазақстан Республикасының мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес сыртқы заемдар алған заңды тұлғалардың қаржылық жағдайы мониторингінің ақпараттық қамтамасыз етілуін және мониторингіті (бұдан әрі - мониторингі) жүзеге асырудың тәртібін анықтайды.

189. Мониторинг - мемлекет кепілдік берген заемдар алған заңды тұлғалардың қаржылық жағдайын анықтауға арналған іс-шараларын кешені және Қаржы министрлігі алған ақпараттардың жиынтығы.

190. Мониторинг базалық талдаудан (заңды тұлғаның басшысы, қызметтердің, салалардың түрлері, бәсекелестік және рынок, нормативтік құқықтық орта туралы ақпарат) және қаржылық ақпараттан (қаржылық есепті, бизнес-жоспарды талдау) тұрады, сондай-ақ мониторингіті қамтамасыз ету жүйесі үшін ақпараттарды беру мақсатында мониторинг құрылуы тиіс.

191. Мемлекет кепілдік берген заемдар алған барлық заңды тұлғалар мониторинг жасауға жатады.

192. Заемшының қаржылық коэффициентін талдау басқа заңды тұлғалар бойынша ұқсас көрсеткіштерді және салалар бойынша жалпы деректерді салыстыру арқылы жүргізіледі. Қаржылық коэффициенттер заңды тұлғалардың қаржылық көрсеткіштерінің ара қатынасын білдіреді. Әрбір коэффициент үшін оңтайлы мән осы заңды тұлғаның басқа қаржылық коэффициенттерін ескере отырып, заемшыға жататын салаға тәуелді айқындалады. Талдауды жүргізу үшін негізгі көрсеткіштердің екі тобы:

табыстылық көрсеткіш;  
капиталға айналатын көрсеткіш пайдаланылады.

193. Қаржылық коэффициенттер кәсіпорынның қаржылық жағдайының көрсеткіштеріне негізделі отырып, тоқсан сайын есептеледі (кәсіпорын балансының баптары және табыстар мен залалдар туралы есеп).

194. Мониторингіті іске асыру кезінде мынадай қаржылық коэффициенттер:  
өтімділік коэффициенті - қысқа мерзімді міндеттемелердің көлеміне ақшалай қаражаттың және қысқа мерзімді дебиторлық берешектің қатынасы;  
жабу коэффициенті - қысқа мерзімді міндеттемелерге ағымдағы активтердің қ а т ы н а с ы ;

заемдық және меншік қаражатының қатынасы - меншік капиталының

көлеміне ағымдағы міндеттемелердің қатынасы;

тарту коэффициенті - ағымдағы және ұзақ мерзімді активтердің сомасына міндеттемелердің қатынасы;

табыс нормасы - сату көлеміне салық салғанға дейінгі жиынтық кірістің қатынасы;

меншік капиталының рентабелділік коэффициенті - меншік капиталының көлеміне салық салғанға дейінгі жиынтық қатынасы;

несиелік берешектің айналымдық коэффициенті - несиелік берешекке сату көлемінің қатынасы;

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Қаржы министрлігінің қалауы бойынша басқа коэффициенттер назарға алынады. < \* >

*Ескерту. 194-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

195. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Қаржы министрлігі мониторингке жататын заңды тұлғалардың тізімдерін анықтайды және оны Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігіне жібереді. < \* >

*Ескерту. 195-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

196. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің шаруашылық қызметтері туралы статистикалық есепті жасауды аяқтағаннан кейін он күндік мерзім ішінде, тізімде анықталған шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық жағдайының көрсеткіштерін Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Қаржы министрлігіне тоқсан сайын ұсынады. < \* >

*Ескерту. 196-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

197. Қажет болған жағдайларда Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Қаржы министрлігі мемлекет кепілдік берген заемдар бойынша міндеттемелері бар шаруашылық жүргізуші субъектілерден олардың қаржылық көрсеткіштері туралы қосымша ақпараттарды сұрауға құқылы. < \* >

*Ескерту. 197-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

198. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Қаржы министрлігі ұсынылған көрсеткіштердің негізінде анықталған қаржылық коэффициенттерді осы шаруашылық жүргізуші субъектілердің өткен кезеңдегі ұқсас коэффициентімен, басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің ұқсас профилді қызметтерімен және осы коэффициенттердің жалпы қабылданған нормаларымен салыстыру арқылы шаруашылық жүргізуші субъектілердің төлем қабілеттеріне сараптама жүргізеді.

< \* >

*Ескерту. 198-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

199. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Қаржы министрлігі мемлекет кепілдік берген заемдар бойынша заемшы ретінде әрекет ететін шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық жағдайы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне тоқсан сайын ақпарат б е р е д і . < \* >

*Ескерту. 199-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

200. Ықтимал төлем қабілеті дәрменсіз заемшы анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Қаржы министрлігі бұл туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарлайды және мемлекеттік берген заемдар бойынша заемшының берешектерін жабу үшін республикалық бюджеттен қаражатты бөлудің алдын алу бойынша заңдарда көзделген шараларды ұсынады. <\*>

*Ескерту. 200-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

**§2. Мемлекет кепілдік берген заемдар алған заңды тұлғалардың төлем қабілеті мониторингінің ресімдері**

201. Мына төмендегілермен акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі, көрсетілген заңды тұлғалардың мемлекет берген кепілдігі заемдарын тарту бойынша міндеттемелерін атқару кезеңінде төлем қабілеті мониторингін қамтамасыз ететін, мемлекет берген кепілдігі бар заемдар алған және (немесе) үміткер, жарғылық капиталына немесе акционерлік қоғамға мемлекеттің жүз проценттік қатысуы бар заңды тұлғаларға қойылатын қосымша талаптар а н ы қ т а л а д ы .

202. Осы параграфта пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:  
жарғылық капиталында мемлекет берген кепілдігі бар заемшы - мемлекет кепілдік берген заемдар алған, бақылау пакеті мемлекетке тиесілі, жарғылық капиталына немесе акционерлік қоғамға мемлекеттің жүз проценттік қатысуы б а р з а ң д ы т ұ л ғ а л а р ;

мемлекет кепілдік берген заемдар бойынша күтілетін төлемдерді қамтамасыз ету жүйесі - Қаржы министрлігінің келісімі бойынша жарғылық капиталына мемлекеттің жүз проценттік қатысуы бар заемшылардың шартты салымның арнаулы шотын, сондай-ақ резервтік шотын құруы не белгіленген мерзімде олардан алынатын соманы мемлекеттік емес заем бойынша заемшы төлемеген жағдайда оларға Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің не шетел банктерінің кепілдерін беру;

шартты салымның арнаулы шоты (қызмет көрсету шоты) - банк-агентте ашылған және Қазақстан Республикасының мемлекет берген кепілдігімен тартылған, мемлекеттік емес заемдар бойынша күтілетін төлемдерді өтеуді

қамтамасыз ету үшін ғана арналған шартты салымның арнаулы шотындағы ақшаның бөлігін кезең-кезеңде төлеу арқылы жарғылық капиталға мемлекеттің қатысуы бар заемшылардың міндетті жинақтауы;

резерв шоты (депозитті шот) - заем туралы шартқа (келісімге) сәйкес қызмет көрсету шотынан кезекті төлемдерді төлеу үшін банк-агент жарғылық, капиталында мемлекет берген кепілдігі бар заемшылар ашқан Қаржы министрлігінің бақылауындағы шот. Резерв шотының жинақтаушы ақшасының сомасы есептелген проценттермен (сыйақылармен), сондай-ақ заем туралы шартқа (келісімге) сәйкес өзге төлемдермен негізгі борыштың күтілетін төлемдерінен 110 (жүз он) процент мөлшерінде белгіленеді. Резерв шотының ақшасын қалыптастырудың және пайдаланудың шарттарын Қаржы министрлігі т а ғ а й ы н д а й д ы ;

банк-агент - мемлекет берген кепілдіктен тартылған мемлекеттік емес сыртқы заемдарға қызмет көрсететін екінші деңгейдегі банк. Жарғылық капиталға мемлекеттің қатысуы бар заемшылар Қаржы министрлігі мен ҚҰБ анықтайтын екінші деңгейдегі банктердің тізбесінен банк-агентті таңдайды;

банк-кепіл - белгіленген мерзімде олардан алынатын соманы мемлекеттік емес заем бойынша заемшы төлемеген жағдайда берешектерді өтеуге кепілдік беретін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі не шетел банкі. ҚҰБ ұсынған тізбеден Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері ішінен банк-кепілді анықтайды. Жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар, "Жоғары" деңгейден төмен емес, мерзімнен тыс деген рейтингі бар шетел банктерінің ішінен Қаржы министрлігінің келісімімен заемшы банк-кепілді анықтайды;

жыл сайынғы бизнес-жоспар - табыс көздерін көрсете отырып заемдардың күтілетін төлемдері бойынша нақтылы сандарды қамтитын, күтілетін қаржы жылына арналған заемшы әзірлейтін бизнес-жоспар.

203. Жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшыларға қойылатын қосымша талаптар Қаржы министрлігінің жарғылық капиталда мемлекеттік қатысуы бар заемшылармен және міндетті түрде мыналарды қ а м т и т ы н :

1) мемлекет берген кепілдігі бар заемдар алуға арналған үміткер, жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшының міндеттемесі заем бойынша өзінің ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін қажетті ақшаның кезеңдік төлем сомаларының есебінен жинақтауды жүргізетін;

жарғылық капиталында мемлекеттік қатысуы бар заемшының заңдарда белгіленген тәртіппен банктік, оның ішінде ҚҰБ және екінші деңгейдегі банктердегі шоттар туралы мәліметтерді Қаржы министрлігіне және банк-агентке ұ с ы н у м і н д е т т е м е с і н ;

жарғылық капиталында мемлекеттік қатысуы бар заемшының заемды толық өтегенге дейінгі жыл сайынғы бизнес-жоспарын банк-агентке ұсыну міндеттемесін;

2) Қаржы министрлігі мен банк-агенттің резерв шотындағы (депозитті шотындағы) шартты салымның арнаулы шоттың есебін жүргізу, сондай-ақ екі данада акт жасай отырып ұсынылған құжаттарды кезең-кезеңде салыстыруды жүргізу міндеттемесін;

банк-агенттің жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшының қаржы-экономикалық жағдайына талдау жүргізу міндеттемесін;

3) ҚҰБ және екінші деңгейдегі банктерде ашылған, мемлекеттің қатысуы бар заемшының банктік шоттары туралы мәліметтерді кезең-кезеңде ұсыну; шартты салымның арнаулы шотындағы ақшаны кезең-кезеңде жинақтау; жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшының қаржылық есептіліктің үлгілік нысанын (бухгалтерлік баланс, қаржы-шаруашылық қызметтердің нәтижелері туралы есеп) банк-агентке ай сайын ұсыну міндеттемесін;

банк-агенттің жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшының қаржылық жағдайына талдау жүргізу және талдау қорытындылары бойынша Қаржы министрлігіне ақпаратты ұсыну міндеттемесін;

4) Ішкі несиелік келісімдегі тиісті міндеттемелерді енгізу арқылы Қаржы министрлігінің келісімімен мемлекет кепілдік берген заемдар алған жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшы күтілетін төлемдерді қамтамасыз етудің кез-келген мынадай жүйесін:

1) резерв шотын (депозитті шотты);

2) несие берушілерге кезекті төлемдерді өтеуге кепілдік беретін банк-кепіл ұсынған кепілді таңдауға құқығы бар мемлекеттік емес заемдар бойынша Қазақстан Республикасының мемлекет берген кепілдіктерді ұсыну шарттары туралы банк-агентпен келісім жасасуды қосатын мемлекет кепілдік берген заемдар бойынша күтілетін төлемдерді қамтамасыз ету жүйесін қамтиды.

Егер, резерв шотын (депозитті шотын) пайдалануды қамтамасыз ету жүйесі анықталған жағдайда жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшы шартты салымның арнаулы шотынан кезекті төлемді жүргізудің сақтандыру резервін (резерв шотын) қамтамасыз ететін алдын ала жинақтау қаражатын жүргізудің сөзсіз міндеттемесін қабылдайды және мемлекет берген кепілдікпен берілген мемлекеттік емес заем бойынша мемлекет берген кепілдікті толық кепілдікпен қамтамасыз етуді, сондай-ақ кезекті төлемнің сомасына екінші деңгейдегі банктің ұсынатын алдын ала кепілдікті ұсынады. Банк-кепілдің кепілдікті ұсыну мерзімі мен шарттарын мемлекет берген кепілдікпен берілген мемлекеттік емес заемды ұсынудың шарттарына тәуелді Қаржы министрлігі

б е л г і л е й д і .

Банк-агент пен банк-кепілдің жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшымен Қаржы министрлігі арасындағы жасасқан шартта екінші деңгейдегі банктердің кепілдіктерін ұсынуды қамтамасыз ету жүйесі анықталған жағдайда шартты салымның арнаулы шотында қаражат жоқ болған жағдайда мемлекет берген кепілдікпен берілген мемлекеттік емес заем бойынша жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшының күтілетін міндеттемелерінің атқарылуын қамтамасыз ететін банк-кепілдің сөзсіз және кезек күттірмейтін міндеттемесі бар болуы тиіс.

Банк-кепіл банк активтері сыныптамаларының тәртібі мен шартты міндеттемелерін және олар бойынша провизиялардың есептерін-реттейтін ҚҰБ нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес берілетін кепілдіктердің провизияларын қ а л ы п т а с т ы р у ы т и і с .

Олар Қазақстан Республикасының мемлекет берген кепілдігімен тартылған мемлекеттік емес заемды толық өтегеннен кейін резерв шотының ақшасы мемлекет кепілдік берген заемдар алған жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшыға қайтарылады.

Шартты салымның арнаулы шоты және резерв шотына ақшаны аударудың нормасы мен кезең-кезеңдігін (кестесін) мемлекет кепілдік берген заем алған жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшымен бірлесе отырып Қаржы министрлігі және банк-агент анықтайды.

Жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшы салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін Ішкі несиелік келісімнің сомасына сәйкес тиісті соманы тұрақты аудару арқылы ақшаны шартты салымның арнаулы шотына және резерв шотына аударады.

Мемлекет кепілдік берген заемдар алған жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшы Қазақстан Республикасының мемлекет берген кепілдігімен тартылған мемлекеттік емес заемның мерзімі өткен төлемдерін өтеу үшін резерв шотынан ақшаны толық немесе бір бөлігін пайдаланған жағдайда резерв шотын толықтыру резерв шотынан ақша алынған 3 (үш) айдан кешіктірілмей жүзеге а с ы р ы л у ы т и і с .

204. Мемлекет берген кепілдіктер бойынша міндеттемелердің атқарылуы үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлінген жағдайда егер ішкі кредит келісінде өзгеше көзделмесе, Ішкі несиелік келісімге республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты қайтару туралы қосымша келісім (бұдан әрі - Қосымша келісім) жасалады. < \* >

*Ескерту. 204-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

205. Қосымша келісімде республикалық бюджеттен бөлінген мемлекет



кепілдік берген қарыз бойынша міндеттемелерді орындау кезінде бюджеттік кредит болып табылатын қаражатты қайтарудың шарттары, мерзімі, тәртібі анықталады (нақтыланады). < \* >

*Ескерту. 205-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

206. Мемлекеттің қатысуы бар заемшы Қосымша келісім бойынша міндеттемелерін орындаған жағдайда төлемнің мынадай:

- 1) айыппұлдар мені өсімдерді есептеу;
- 2) сыйақыларды есептеу;
- 3) негізгі борышты өтеу кезектілігі белгіленеді.

207. Тараптардың қалауы бойынша Қосымша келісімде жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшының сыйақылар мен айыппұлдарды есептей отырып республикалық бюджеттен бөлінген ақшаны мерзімнен тыс қайтару құқығы көзделуі мүмкін.

Ішкі несиелік келісімнің және Қосымша келісімнің шарттарын жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшы бұзған жағдайда Қаржы министрлігі олардан сыйақылар мен айыппұлдарды есептей отырып республикалық бюджеттен бөлінген ақшаны мерзімнен тыс қайтаруды талап етуге құқығы бар .

208. Жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшы негізгі борышты және/немесе Қосымша келісімде белгіленген сыйақыларды мерзіміне төленбеген жағдайда пайда болған берешектерге айыппұл проценттер мерзімінде

209. Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат бойынша берешек пайда болған жағдайда және жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшы Қосымша келісімнің шарттарында белгіленген мерзім ішінде өтемеген жағдайда Қаржы министрлігі немесе банк-агентке өкілдік берген жағдайда берешектерді қайтаруды қамтамасыз ететін мынадай:

- 1) берешектерді қайта құру;
- 2) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес кепіл туралы шарт негізінде салынған мүлікті сату ;

3) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы "Банкроттық туралы" Заңына сәйкес жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшыны және/немесе банк-кепілді банкрот деп сот хабарлағанға дейін сот тәртібімен өндіріп алу шараларын қолдануы мүмкін.

210. Мемлекет берген кепілдік бойынша міндеттемелерді орындау үшін жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заемшы және/немесе банк-кепіл негізгі соманы республикалық бюджетке және айыппұлдарды қоса алғанда сыйақыларды және басқа ілеспе төлемдерді толық көлемде төлесе

республикалық бюджеттен бөлінген қаражат қайтарылған болып есептеледі.

211. Жарғылық капиталына Қазақстан Республикасының мемлекеттің қатысуы бар заемшыға беру кезінде туындаған даулар мен пікірқайшылықтары мүмкіндігінше келіссөз арқылы шешеді немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешімін табады.

**6-бөлім. Міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізудің ресімдері және бюджетті нақтылау**

**20-тарау. Бюджеттік бағдарламаның іске асырылуын бағалау**

212. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру:

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бекітілген құжат;  
бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ұсынған бюджеттік бағдарламаның іске асырылу барысы туралы есеп;  
мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларының атқарылуы туралы есеп негізінде жүзеге асырылады.

Бюджеттік бағдарламаның іске асырылуын бағалау құжатта көрсетілген деректермен бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу барысы туралы есептік деректерімен салыстыру арқылы жүргізіледі.

213. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мемлекеттік мекемелердің ұсынған, бағдарламалардың іске асырылу барысы туралы есеп негізінде бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу мониторингін және бағалауды тұрақты жүргізеді.

214. Қаржы министрлігі:

тоқсан сайын республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ұсынған бюджеттік бағдарламаның іске асырылу барысы туралы есеп негізінде бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын бағалауды жүргізеді;

бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуының нәтижелері туралы ақпаратты және құжаттарды нақтылау және бюджеттік бағдарламаны одан әрі іске асыру жөніндегі ұсыныстарды республикалық бюджеттік комиссияға ұсынады.

215. Жергілікті уәкілетті орган:

тоқсан сайын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ұсынған бюджеттік бағдарламаның іске асырылу барысы туралы есеп негізінде бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын бағалауды жүргізеді;

бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуының нәтижелері туралы ақпаратты және құжаттарды нақтылау және бюджеттік бағдарламаны одан әрі іске асыру жөніндегі ұсыныстарды жергілікті бюджеттік комиссияға ұсынады.

## 21-тарау. Қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

216. Қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына, республикалық бюджетке түсетін түсімдер жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі ағымдағы қаржы жылының ішінде қабылданатын: <\*>

Қазақстан Республикасының заң актілері, Үкіметтің және жергілікті атқарушы органдардың актілері;  
жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілері;

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық индикативтік жоспары көрсеткіштерінің, аумақтардың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының дамуының және ағымдағы жылдың бюджеті негізінде жасалған, ағымдағы жылға арнап Үкімет және жергілікті өкілетті және атқарушы органдар бекіткен үш жылдық кезеңге арналған республикалық және Жергілікті бюджеттердің болжамдық көрсеткіштерінің өзгеруі;

бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын нақтылау жөніндегі және бюджеттік бағдарламаларды одан әрі іске асыру жөніндегі республикалық және жергілікті бюджеттік комиссиялардың ұсыныстары;

соттардың шешіміне, үкіміне, анықтауына және қаулысына сәйкес берілген ақшаны өндіріп алу туралы атқарушы парақтарды немесе соттардың бұйрықтарын;

және нәтижесінде;

ағымдағы қаржы жылында бюджетке түсетін бекітілген соманың күтілетін жылдық көлемдегі бюджетке түсетін ақша түсімінің сәйкессіздігі;

бюджеттік бағдарлама бойынша іс-шаралар жоспарының өзгеруі;

бюджеттік бағдарламаларды іске асыруды бағалауды жүргізу;

бюджетке ай сайын түсетін түсімдерге ықпал ететін факторлардың өзгеруі негізінде т у ы н д а й д ы .

*Ескерту. 216-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

216-1. Бюджетке түсетін түсімдердің жиынтық жоспарына өзгерістер енгізуді 15-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтамалар бойынша Қаржы министрлігі және уәкілетті орган жүргізеді.

Тиісті қаржы жылының өткен айларындағы (есепті кезеңдегі) түсімдердің бекітілген жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтыруларға жол берілмейді. Заң кесімдеріне сәйкес өзгерістерден және Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына өзгерістерден басқа, ағымдағы қаржы жылының соңғы айында түсімдердің жиынтық жоспарын нақтылауға жол берілмейді. <\*>

*Ескерту. 216-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*

қ а у л ы с ы м е н

217. Қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізудің тәртібі мемлекеттік мекемелердің 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жоспарларын өзгертуге арналған Хабарламаны (Тапсырысты) (бұдан әрі - Мемлекеттік мекемелердің өтінімін) қалыптастырудан басталады, одан кейін оның негізінде бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісі 17-қосымшаға сәйкес Міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жоспарларын өзгертуге арналған Хабарламаны (Тапсырысты) (бұдан әрі - Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімі) қалыптастырудан басталады.

Мемлекет алдында салық міндеттемелерінің орындалуын салықтық бақылауды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган және кеден ісіне басшылық етуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган ұсынылатын өзгерістердің есептеулері мен себептерін көрсете отырып, 17-1-қосымшаға сәйкес республикалық бюджетке түсетін түсімдердің жоспарларына өзгерістер енгізу үшін **Өтінім бере алады.** < \* >

*Ескерту. 217-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен.*

218. Мемлекеттік мекемелердің Хабарламаны (Тапсырысты) 16-қосымшаға сәйкес міндеттемелер немесе төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларының бекітілген шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктерінің сомасы шегінде қалыптастырылады.

Мемлекеттік мекемелердің Хабарламасын (Тапсырысын) қалыптастыру кезінде мынадай нормаларды сақтау керек:

Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларының сомасына өзгерістер енгізуге, Қазақстан Республикасының заң актілеріне және Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына өзгерістер енгізуге сәйкес мемлекеттік мекемелердің ұйымдық құрылымы өзгертілген жағдайды қоспағанда тиісті қаржы жылының алдындағы айлары үшін рұқсат етуге және кассалық шығыстарға жол берілмейді;

жоспарлы мақсаттар, рұқсаттар және кассалық шығыстар сомаларының арасындағы сәйкестікті сақтау;

кабылданған, бірақ орындалмаған міндеттемелердің есебі;

инкассалық өкімдердің есебі;

осы Ережеде көзделген, бюджеттік ақшаны қайтаруға арналған алғы ш а р т т а р д ы ң е с е б і ;

ағымдағы айда шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарлы берілген сомалар мен рұқсаттарды азайту кабылданған міндеттемелерді шегере отырып жоспарлы мақсаттардың сомасына жүргізіледі. Бюджеттің тиісті шығыстарының экономикалық сыныптамасының

ерекшеліктері бойынша жоспарлы сомасының артуы және рұқсаттар беру басқа ерекшеліктер бойынша оларды азайту есебінен бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша жылдық сома шегінде жүзеге асырылуы мүмкін. <\*>

Мемлекеттік мекемелердің өтініміне басшы қол қояды және енгізілген өзгерістердің тиісті есептемелермен қоса тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне беріледі.

*Ескерту. 218-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

219. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімін бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің өтініміне сай және шығыстардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшеліктері бойынша бекітілген сома шегінде 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қалыптастырады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімін қалыптастыру кезінде:

бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларының сомаларына өзгерістер енгізуге Қазақстан Республикасының заң актілеріне және Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына өзгерістер енгізуге сәйкес мемлекеттік мекемелердің ұйымдық құрылымы өзгертілген жағдайды қоспағанда тиісті қаржы жылының алдындағы айлары үшін рұқсат етуге және кассалық шығыстарға жол берілмейді;

жоспарлы мақсаттар, рұқсаттар және кассалық шығыстар сомаларының арасындағы сәйкестікті сақтау;

кабылданған, бірақ орындалмаған міндеттемелердің есебі;

инкассалық өкімдердің есебі;

осы Ережеде көзделген, бюджеттік ақшаны қайтарып алуға арналған алғы шарттардың есебі;

ағымдағы айда бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарлы берілген сомалар мен рұқсаттарды азайту қабылданған міндеттемелерді шегере отырып жоспарлы мақсаттардың сомасына жүргізіледі. Бюджеттің тиісті шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарлы сомасының артуы және рұқсаттар беру басқа ерекшеліктер бойынша оларды азайту есебінен бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша жылдық сома шегінде жүзеге асырылуы мүмкін; <\*>

бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша республикалық бюджет шығыстарының жылдық сомасына өзгерістер енгізу ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда көзделген бағдарламалар Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген кіші бағдарламалар бойынша бекітілген сомалар шегінде жүзеге асырылады ;

бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері

бойынша жергілікті бюджет шығыстарының жылдық сомасына өзгерістер енгізу ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде көзделген бюджеттік бағдарламалар және ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті атқарушы органның актілерінде көзделген кіші бағдарламалар бойынша бекітілген сомалар шегінде жүзеге асырылады.

Алдағы айдағы қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізуге арналған Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтініміне бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшы қол қояды және енгізілген өзгерістердің тиісті есептемелерімен қоса Қаржы министрлігіне немесе жергілікті уәкілетті органға ағымдағы айдың 20 күніне дейінгі, ал Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органның шешімдері бойынша - сол сияқты және ағымдағы айдың 20-күнінен кейін мерзімде беріледі. <\*>

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі алдағы айларға арналған Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізуге тиісті өтінімдерді Қаржы министрлігіне береді. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізуге арналған өтінім қағаз және магниттік түрде, ал мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарларына - магниттік түрде беріледі. < \* >

Ағымдағы қаржы жылының соңғы айында міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша ұсынылатын өзгерістерге тиісті есептеулермен ағымдағы қаржы жылының 15 желтоқсанына дейінгі мерзімде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Қаржы министрлігіне немесе жергілікті атқарушы органға берген Өтінімнің негізінде - ағымдағы қаржы жылының 15 желтоқсанынан кейін жүзеге асырылады. <\*>

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және ведомстволық бағыныстағы мекемелер алдағы айға арналған тиісті қаржыландыру жоспарларына айына кемінде бір рет өзгерістер енгізе алады. <\*>

*Ескерту. 219-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

220. Міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу үшін Қаржы министрлігі және жергілікті уәкілетті орган Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімін қарайды және 18-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша Міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы (бұдан әрі - Анықтама) қалыптастырады.

Анықтаманы қалыптастыру кезінде мынадай нормаларды сақтау керек:

қаржыландырудың жиынтық жоспарларының сомаларына өзгерістер енгізуге Қазақстан Республикасының заң актілеріне және Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына өзгерістер енгізуге сәйкес мемлекеттік мекемелердің ұйымдық құрылымы өзгертілгенін қоспағанда тиісті қаржы жылының алдындағы айлары үшін рұқсат етуге және кассалық шығыстарға жол берілмейді;

жыл басынан бері өсу қорытындысымен жыл бойынша және жылдың әр айы бойынша жалпы тепе-теңдікті немесе шығыстардан жоғары түскен түсімдердің а с п а у ы н с а қ т а у ;

жоспарлы мақсаттар, рұқсаттар және кассалық шығыстар сомаларының арасындағы сәйкестікті сақтау қабылданған, бірақ орындалмаған м і н д е т т е м е л е р д і ң е с е б і ;

инкассалық өкімдердің есебі;

осы Ережеде көзделген, бюджеттік ақшаны қайтарып алуға арналған алғы ш а р т т а р д ы ң е с е б і ;

ағымдағы айда шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарлы берілген сомалар мен рұқсаттарды азайту қабылданған міндеттемелерді шегере отырып жоспарлы мақсаттардың сомасына жүргізіледі. Бюджеттің тиісті шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарлы сомасының артуы және рұқсаттар беру басқа ерекшеліктер бойынша оларды азайту есебінен бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша жылдық сома шегінде жүзеге асырылуы мүмкін; <\*>

бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша республикалық бюджет шығыстарының жылдық сомасына өзгерістер енгізу ағымдағы қаржы жылына арналғалы республикалық бюджет туралы заңда көзделген бағдарламалар, Үкімет актілерінде көзделген кіші бағдарламалар бойынша бекітілген сомалар шегінде жүзеге асырылады;

бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жергілікті бюджет шығыстарының жылдық сомасына өзгерістер енгізу ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде көзделген бюджеттік бағдарламалар және ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті атқарушы органның актілерінде көзделген кіші бағдарламалар бойынша бекітілген сомалар шегінде жүзеге асырылады;

түсім көлемінің өзгеруі және бюджет тапшылығын қаржыландыруды өтеу (профицитті пайдалану) тек бюджет тапшылығын қаржыландыруды өтеудің (профицитті пайдаланудың) бекітілген көлемін сақтаған жағдайда ғана жүзеге а с ы р ы л у ы м ү м к і н .

*Ескерту. 220-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

220-1. Қаржы министрлігі Республикалық бюджетке түсетін түсімдердің жоспарларына өзгерістер енгізуге арналған өтінімдерді қарайды. Егер өзгерістер

түсімдердің жиынтық жоспарына енгізілген жағдайда Түсімдердің жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтама қалыптастырылады.

Қаржы министрлігі Республикалық бюджетке түсетін түсімдердің жоспарларына өзгерістер енгізуге арналған өтінімді қабылдамаған кезде жіберілген ұсыныстарды қабылдамау себептерінің негіздемесімен Өтінім берген мемлекеттік органды бас тарту туралы хабардар етеді. <\*>

*Ескерту. 220-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*

қ а у л ы с ы м е н

221. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімдерін Қаржы министрлігіне олардың түскен күнінен бастап бес жұмыс күнінен артық емес мерзімде Қаржы министрлігі қарайды.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімдерін уәкілетті органға олардың түскен күнінен бастап бес жұмыс күнінен артық емес мерзімде уәкілетті орган қарайды.

Мемлекет алдында салық міндеттемелерінің орындалуын салықтық бақылауды қамтамасыз ететін мемлекеттік органның және кеден ісіне басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органның өтінімдерін Қаржы министрлігі бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды. <\*>

Қаржы министрлігі немесе жергілікті уәкілетті орган осы Ереженің 200-тармағында белгіленген ұсынылатын өзгерістер бойынша және тәртіпті сақтай отырып негіздемені және есептемелерді тексереді.

Егер Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері өтінімдерінің сомасы бюджеттік бағдарламалардың кіші бағдарламалары бойынша бекітілген жылдық соманың ұлғаюына және жыл басынан бері түзетілетін айға күтілетін бюджеттік түсімдердің артуына әкелсе, онда Қаржы министрлігі немесе жергілікті уәкілетті орган олардың кейінге қалдырылғаны туралы бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне хабарлайды.

*Ескерту. 221-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816* қаулысымен .

222. Осы Ереженің 220-тармағында көрсетілген нормалар сақталған жағдайда Қаржы министрлігі немесе жергілікті уәкілетті орган Анықтаманы беттеді. Жергілікті уәкілетті орган бекіткен Алдағы ай қаржыландыру жоспарларын өзгертуге арналған анықтама қазынашылықтың тиісті аумақтық органына ағымдағы ай аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ұсынылады . < \* >

*Ескерту. 222-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816* қаулысымен .

223. Қаржы министрлігі бекітілген Анықтаманың негізінде 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемелер мен төлемдер жөніндегі қаржыландырудың жиынтық жоспарларына және Өтінімдердің негізінде 16-



қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелер-республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізеді.

Жергілікті уәкілетті орган бекітілген Анықтаманың негізінде 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзгерістерді міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларына енгізеді.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және олардың ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелері Өтінімдердің негізінде 16 және 17-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және олардың ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізеді. <\*>

*Ескерту. 223-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*

қ а у л ы с ы м е н

224. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және олардың ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларына өзгерістер Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және олардың ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің Өтінімдері негізінде 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қалыптастыратын Анықтамаларға (бұдан әрі - Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің анықтамалары) сәйкес енгізіледі. <\*>

*Ескерту. 224-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*

қ а у л ы с ы м е н

225. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің анықтамасын қалыптастыру кезінде мынадай талаптар:

құжатпен бекітілген іс-шаралардың жоспарын сақтау;  
азайтылатын ерекшеліктер бойынша не өзгерістің қатысы жоқ басқа ерекшеліктер бойынша орындалмаған міндеттемелер жоқ болған жағдайда;  
азайтылған сомаға азайтылатын ерекшеліктер бойынша тіркелген міндеттемелер жоқ болған жағдайда;

мемлекеттік мекемелердің белгіленген тәртіппен тіркелген міндеттемелерінің атқарылуына байланысты емес жоспарлы сомасы қалдықтарының бар-жоғы сақталуы тиіс.

226. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің анықтамаларын осы Ереженің 225-тармағында санамаланған нормалар сақталған кезде жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бекітеді және ағымдағы ай аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей аумақтық қазынашылық органдарына қағаз және магниттік түрде беріледі. <\*>

*Ескерту. 226-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*

қ а у л ы с ы м е н

227. Қазынашылықтың аумақтық органы Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің анықтамасы негізінде:

мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жоспарына өзгерістер енгізеді;

міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының бюджеттік сыныптамасы шығыстарының тиісті кодтары бойынша сомасына мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жоспарының бюджеттік сыныптамасы шығыстарының тиісті жергілікті кодтары бойынша сомасының сәйкестігін тексереді. Жоғарыда сипатталған сәйкестіктер сақталмаған жағдайда Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің анықтамасы тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне қайтарылады.

< \* >

*Ескерту. 227-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816* қаулысымен.

**22-тарау. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу**

228. Бюджеттік бағдарламалардың құжаттарына сәйкес және кіші бағдарламалар бойынша және кіші бағдарлама бойынша бекітілген жылдық сома шегінде іс-шараларды іске асыру мүмкін болмаған жағдайда бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік бағдарламалардың кіші бағдарламалары арасындағы соманы қайта қарау жөніндегі ұсынысты (бұдан әрі - актілерге енгізілген өзгерістер бойынша ұсыныс) Қаржы министрлігіне немесе жергілікті атқарушы органға жолдайды.

Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі және жергілікті атқарушы орган актілерге енгізілген өзгерістер бойынша ұсынысты қарайды және олардың негізінде тиісті Бюджет комиссиясына республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолданылып жүрген актілерге және жергілікті атқарушы органның актілеріне өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды жолдайды.

< \* >

*Ескерту. 228-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816* қаулысымен.

229. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолданылып жүрген актілеріне және жергілікті атқарушы органның актілеріне өзгерістер енгізу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

230. Бюджеттік бағдарламалардың құжаттарына сәйкес және бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бағдарламасы бойынша бекітілген жылдық сома шегінде бюджеттік бағдарламалардың мақсатына жетуіне мүмкіндігі болмаған жағдайда Үкіметке және тиісті жергілікті атқарушы органға хабарланады.

## 23-тарау. Бюджетті нақтылау

231. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы ақпараты негізінде бюджеттік комиссия заңдарда белгіленген тәртіппен бюджетті нақтылау, бюджеттік бағдарламалардың құжаттары және оларды одан әрі іске асыру жөнінде қарайды және ұсыныс әзірлейді.

232. Бюджет нақтыланған жағдайда Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі және жергілікті атқарушы органдар бюджеті бағдарламалардың әкімшісімен бірлесе отырып, Бюджет жүйесі туралы заңға сәйкес тиісті актілердің жобаларын әзірлейді. <\*>

*Ескерту. 232-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

233. Қазақстан Республикасының Үкіметі ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізеді, ал жергілікті атқарушы органдар тиісті Бюджеттік комиссияның ұсыныстарына сәйкес тиісті жергілікті бюджеттерді бекіту туралы шешімге өзгерістер енгізу туралы ұсынысты тиісті мәслихаттарға енгізеді.

234. Бюджетті нақтылау Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа заң шығарушылардың бастамасының негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу кезінде қаржы жылының ішінде жергілікті бюджеттерді нақтылау жүргізілмейді. <\*>

*Ескерту. 234-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

235. Ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде :

егер бюджетті нақтылау құнға мақсатқа, міндетке және іс-шараларға, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалардың күтілетін нәтижелеріне ықпал етсе нақтыланған құжаттарға өзгерістер енгізіледі;

мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жоспарын мемлекеттік мекемелер, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі - бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жоспарын, ал Қаржы министрлігі және жергілікті атқарушы органдар - қаржы жылына арналған қаржыландырудың жиынтық жоспарын нақтылайды.

Егер ағымдағы жылға арналған республикалық бюджет туралы заңды немесе жергілікті бюджеттерді бекіту туралы мәслихаттың шешімін нақтылау кезінде жоспарлы сомаларды, берілген рұқсаттардың және жасалған төлемдердің сомаларын - кассалық шығыстарды бір бағдарламадан, кіші бағдарламадан, экономикалық сыныптаманың ерекшеліктерінен басқасына жылжыту талап

етіледі, яғни мемлекеттік мекеменің, ұсынысы бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен шарттарды қайта тіркеу жүзеге асырылады.

Белгіленген тәртіппен бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі енгізген ұсыныс негізінде Қаржы министрлігінің аумақтық органдары жоспарлы сомаларды, берілген рұқсаттардың және жасалған төлемдердің сомаларын - кассалық шығыстарды бір бағдарламадан, кіші бағдарламадан, экономикалық сыныптамааның ерекшеліктерінен басқасына жылжытуды жүзеге асырады.

236. Ағымдағы қаржы жылына арналған бюджет нақтыланған жағдайда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері тиісті бюджеттік бағдарламалардың құжаттарын, мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жоспарын және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жоспарын, Қаржы министрлігі және жергілікті атқарушы орган - осы Ережеге сәйкес оларға өзгерістер енгізу арқылы қаржыландырудың жиынтық жоспарын нақтылайды.

Б ұ л о р а й д а :

міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары, мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарының жоспарлы сомасы жасалған төлемдердің - кассалық шығыстар сомасынан аз болмайды;

бюджеттік бағдарламалардың кіші бағдарламалары бойынша, бұрын бекітілген мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жоспары және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жоспары өзгертілмеген жылдық жоспарлы сомалар алдыңғы айлар ішінде оларды ай сайын бөлуді нақтылау қажет етілмейтін болса нақтыланбайды;

жылдық жоспарлы сомалар өзгертілген бюджеттік бағдарламалардың кіші бағдарламалары бойынша Анықтама жасалады және бекітіледі, осы Ереженің 219-тармағына сәйкес оларға сай міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жоспары және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жоспары нақтыланады;

қосымша бюджеттік бағдарламалар бойынша міндеттемелер мен төлемдер бойынша мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жоспары және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жоспары осы Ереженің 26-32-тармақтарына сәйкес жасалады және бекітіледі.

237. Қаржы министрлігі мемлекет алдында салық міндеттемелерінің орындалуын салықтық бақылауды қамтамасыз ететін мемлекеттік органға және

кеден ісіне басшылық етуді жүзеге асыратын орталық атқарушы органға 5-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республикалық бюджетке түсетін түсімдердің нақтыланған жоспарын жеткізеді. <\*>

*Ескерту. 237-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

238. Қаржы министрлігі мен оның аумақтық органдары бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыруды оның міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарлары Шығыстардың бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кодтары бойынша да және айлар бойынша да оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің тиісті жоспарларының сомасына сәйкес келмеген жағдайда тоқтатуға құқығы бар. <\*>

*Ескерту. 238-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

### **7-бөлім. Операцияларды есепке алу**

#### **24-тарау. Бюджеттің атқарылуы бойынша операцияларды есепке алу**

239. Операцияларды есепке алу - бюджеттің және мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарларының атқарылуын, кірістер жоспарының және ақылы қызметтердің қаражаты есебінен қаржыландырудың атқарылуын, демеушілік пен қайырымдылықтан түсетін қаражаттың және депозиттік қаражаттың түсуін және жұмсалуды есепке алуды қамтамасыз ететін рәсімдердің жиынтығы.

240. Республикалық бюджеттің, үкіметтік борыштың және мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес борыштың, қайтарымды негізде республикалық бюджет қаражатын алушылар борышының атқарылуы бойынша операцияларды есепке алуды Қаржы министрлігі, жергілікті бюджет бойынша жоғарыда аталған операциялар бойынша есепке алуды - Қаржы министрлігі органдарының ақпараттары негізінде жергілікті уәкілетті органдар жүргізеді.

Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері, мемлекеттік мекемелердің қабылдаған міндеттемелері мен кредиторлық берешегі, бюджет қаражатын алушылардың мемлекеттік мекемелер алдындағы орындалмаған міндеттемелері бойынша қаржыландыру жоспарларының, ақылы қызметтер қаражаты есебінен кірістер мен қаржыландыру, демеушілік көмектен және қайырымдылық көмектен түсетін қаражаттың, депозиттік қаражаттың, бюджет қаражатының есебінен де, сол сияқты ақылы қызметтер, демеушілік және қайырымдылық көмек қаражаты есебінен де сатып алынған активтер мен материалдық құндылықтар есебінен түсімдер мен жұмсалу бойынша жоспардың атқарылуы жөніндегі операцияларды есепке алуды мемлекеттік мекеме жүргізеді .

241. Қаржы министрлігі жоғарыда аталған операцияларды есепке алуды

мемлекеттік мекемелер деректерінің, БҚЖ бойынша, ҚҰБ, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде ашылған шоттар бойынша және елімізден тыс жерлердегі банктерде ашылған шоттар бойынша электрондық төлем құжаттары мен жазбалары негізінде жүргізеді.

Жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджеттердің атқарылуы бойынша операцияларды есепке алуды қазынашылықтың аумақтық органдары мен мемлекеттік мекемелердің ақпараттары негізінде жүргізеді.

Мемлекеттік мекемелер бюджеттің атқарылуы және мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары жөніндегі операцияларды есепке алуды:

мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер мен төлемдер бойынша бекітілген қаржыландыру жоспарының көрсеткіштері;

берілген рұқсаттар туралы, қазынашылық органдарында тіркелген міндеттемелер туралы, бюджет қаражаты есебінен де, ақылы қызметтер, демеушілік және қайырымдылық көмектің қаражаты есебінен де сатып алынған активтер мен материалдық құндылықтар туралы қазынашылық органы ақпараты;

мемлекеттік мекеменің кассасында бар қолма-қол ақша түріндегі бюджет қаражатын есепке алу негізінде жүргізеді.

242. Мемлекеттік мекемелердегі есепті жүргізуге жауапты адамдар оның басшысының бұйрығымен тағайындалады және мемлекеттік мекемелердегі операцияларды есепке алудың уақытылы және дұрыс жүргізілуіне жауап береді.

243. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі операцияларды есепке алу Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

244. Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен, өзінің құзыреті шегінде бухгалтерлік есепті жүргізу жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді әзірлейді, бюджеттің атқарылуы және мемлекеттік мекемелердегі есепке алу бойынша операцияларды есепке алуды жүргізу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер шығарады.

**25-тарау. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген заемды және кредит беруді есепке алу рәсімдері**

245. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген заемды, бюджеттерден кредит беруді есепке алу мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты уақытылы басқару үшін және мемлекеттік функцияларды орындау үшін жүргізіледі.

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты, бюджеттерден кредит беруді есепке алуды жүргізу үшін мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген заемдар мен бюджеттен кредит берулерді тіркеу және есепке алу жүргізіледі.

246. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген заемдарды және олардың

нәтижесінде туындаған борыштарды тіркеуді және есепке алуды Шоттардың бірыңғай стандарты жоспарына сәйкес Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен ө з і жү р г і з е д і .

247. Мыналар тіркеуге және есепке алуға жатады:

Қазақстан Республикасының Үкіметі,  
Қ Ұ Б ,

Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары тартқан: Қазақстан Республикасының мемлекеттік заемдары (бұдан әрі - мемлекеттік з а е м д а р ) ;

Қазақстан Республикасының мемлекет кепілдік берген заемдары (бұдан әрі - мемлекет кепілдік берген заемдар).

248. Заем туралы шарт (келісім) жасасу нысанында тартылған мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген заемдарды тіркеу кезінде Қаржы министрлігі 19 және 20-қосымшаларға сай нысанда тіркеу куәліктерін береді.

249. Тіркелген құжаттарға, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген заемдарды тіркеуге өздері негіз болған құжаттарға енгізілген өзгерістер туралы ақпараттарды заемшы мұндай өзгерістер енгізілгеннен кейін 10 күн ішінде Қаржы министрлігінде есепке алу үшін ұсынуы тиіс.

### **26-тарау. Үкіметтік заемдарды тіркеу және есепке алу**

250. Қазақстан Республикасының Үкіметі тартқан заемдарды тіркеу және е с е п к е а л у :

заем туралы шарт (келісім) жасасу нысанында - заем туралы шарт (келісім) негізінде жүзеге асырылады;

Капиталдың халықаралық рыноктарында орналастырылған бағалы қағаздар эмиссиясы нысанындағы - мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссиясы және оларды орналастыру нәтижелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының негізінде жүзеге асырылады;

капиталдың ішкі рыноктарында орналастырылған мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясы нысанында - аукцион жүргізу немесе жазылу әдісі және мемлекеттік заемдарды орналастырудың көлемін "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" жабық акционерлік қоғамының қуаттауы арқылы мемлекеттік бағалы қағаздарды бастапқы орналастырудың нәтижелері негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

251. Қазақстан Республикасының Үкіметі тартқан заемдарды тіркеу заемға тіркеу номерін беру және оны мемлекеттік заемдар тізіліміне енгізу арқылы жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

252. Қазақстан Республикасының Үкіметі тартқан заемдарды есепке алу заем туралы шарттың (келісімнің) немесе мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының (заемды ресімдеудің номері және күні, заемның түрі, несие беруші, заемның

валютасы және сомасы, заемның мерзімі, сыйақылардың ставкасы) негізгі есептік сипаттамасын дерекқорға енгізу арқылы жүргізіледі.

253. Мынадай нысанда Қазақстан Республикасының Үкіметі тартқан үкіметтік заемдарды тіркеу:

заем туралы шарт (келісім) жасасу - заем туралы шартқа (келісімге) қол қойылған күннен кейін 15 күн ішінде жүзеге асырылады;

Мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссиясы - Қаржы министрлігі эмиссияларды жүргізгеннен кейін 5 күн ішінде жүзеге асырылады.

**27-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заемдарын тіркеу және есепке алу**

254. ҚҰБ тартқан заемдарды тіркеу және есепке алу:

заем туралы шарт (келісім) жасасу нысанында - заем туралы шарттың (келісімнің) көшірмесін нотариалды растау негізінде;

мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссиясы нысанында - ҚҰБ мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастырудың көлемін "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" жабық акционерлік қоғамының қуаттауы негізінде жүзеге асырылады.

255. ҚҰБ тартқан (айналымдағы ақша базасын реттеу үшін шығарылған қысқа мерзімді ҚҰБ ноталарынан басқа) заемдарды тіркеу заемға тіркеу номерін беру және оны мемлекеттік заемдар тізіліміне енгізу арқылы жүзеге асырылады.

256. ҚҰБ тартқан заемдарды есепке алу (айналымдағы ақша базасын реттеу үшін шығарылған қысқа мерзімді ҚҰБ ноталарынан басқа) заемдарды тіркеу заем туралы шарттың (келісімнің) немесе мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының (заемды ресімдеудің номері және күні, заемның түрі, несие беруші, заемның валютасы және сомасы, заемның мерзімі, сыйақылардың ставкасы) негізгі есептік сипаттамаларын дерекқорға енгізу жолымен жүргізіледі.

257. Өздері тартқан заемдарын тіркеу үшін заемдарын тіркеу үшін ҚҰБ осы ереженің 254-тармағында көрсетілген құжаттарды заем туралы шартқа (келісімге) қол қойғаннан немесе мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссиясы жүргізілгеннен кейін 15 күн ішінде Қаржы министрлігіне ұсынады.

258. ҚҰБ заемдарын тіркеу тиісті құжаттар ұсынылғаннан кейін 10 күн ішінде жүзеге асырылады.

**28-тарау. Жергілікті атқарушы органдардың заемдарын тіркеу және есепке алу**

259. Жергілікті атқарушы органдардың заемдарын тіркеу және есепке алу:

заем туралы шарт (келісім) жасасу нысанында - заем туралы шарттың (келісімнің) көшірмесін нотариалды куәландыру негізінде;

мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссиясы нысанында - аймақтық инвестициялық бағдарламаны келісу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің



қаулысы және жергілікті атқарушы органның мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастырудың көлемін "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" жабық акционерлік қоғамның қуаттауы негізінде жүзеге асырылады.

260. Жергілікті атқарушы органдар тартқан заемдарды тіркеу заемға тіркеу номерін беру және оны мемлекеттік заемдар тізіміне енгізу арқылы жүзеге асырылады.

261. Жергілікті атқарушы органдар тартқан заемдарды есепке алу заем туралы шарттың (келісімнің) немесе мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының (заемды ресімдеудің номері және күні, заемның түрі, несие беруші, заемның валютасы және сомасы, заемның мерзімі, сыйақылардың ставкасы) негізгі есептік сипаттамасын дерекқорға енгізу арқылы жүргізіледі.

262. Өздері тартқан заемдарын тіркеуі үшін жергілікті атқарушы органдар Заем туралы шартқа (келісімге) қол қойғаннан немесе мемлекеттік бағалы қағаздардың эмиссиясы жүргізілгеннен кейін 15 күн ішінде, осы Ереженің 259-тармағында көрсетілген құжаттарды Қаржы министрлігіне ұсынады.

263. Жергілікті атқарушы органдардың заемдарын тіркеу тиісті құжаттар берілгеннен кейін 10 күн ішінде жүзеге асырылады.

### **29-тарау. Мемлекет кепілдік берген заемдарды тіркеу және есепке алудың рәсімдері**

264. Мемлекет кепілдік берген заемдарды тіркеу және есепке алу заем туралы шарттың (келісімнің) нотариалды куәландырылған көшірмесінің негізінде жүзеге асырылады.

265. Өздерінің тартқан мемлекет кепілдік берген заемдарын тіркеу үшін заемшылар заем туралы шартқа (келісімге) қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде заем туралы шарттың (келісімнің) нотариалды куәландырылған көшірмесін Қаржы министрлігіне ұсынады.

266. Мемлекет кепілдік берген заемдарды тіркеу заемға тіркеу номерін беру және оны мемлекеттік заемдар тізіміне енгізу арқылы жүзеге асырылады.

267. Мемлекет кепілдік берген заемдарды есепке алу заем туралы шарттың (келісімнің) немесе мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының (заемды ресімдеудің номері және күні, заемның түрі, несие беруші, заемның валютасы және сомасы, заемның мерзімі, сыйақылардың ставкасы) негізгі есептік сипаттамасын дерекқорға енгізу арқылы жүргізіледі.

268. Мемлекет кепілдік берген заемдарды тіркеу тиісті құжаттар ұсынылғаннан кейін 10 күн ішінде жүзеге асырылады.

### **30-тарау. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты есепке алу**

269. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес борышты (бұдан әрі - борыш) есепке алу борышты басқару мақсатында жүргізіледі.

270. Борышты есепке алу Қаржы министрлігі анықтаған, ол белгіленген

тәртіппен мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың бухгалтерлік есебі шоттарының жоспарына сәйкес жүргізіледі.

271. Қаржы министрлігінде тіркелген заем туралы шарттың (келісімнің) талаптарына сәйкес борыш сомасы, борыштың негізгі сомасын өтеу, сыйақыларды (мүдделерді) төлеу мөлшерін есепке алу жүргізіледі.

272. Мемлекеттік борыштың бухгалтерлік есебі шоттарының жоспарына сәйкес келетін борыш көлемінің өзгеруін есепке алу Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен мыналардың негізінде жүргізіледі:

қарыз ақша шотынан алынған қаражатты растайтын шетел несие берушісінің көшірмесі. Мұндай көшірме есептік деректерде мемлекеттік сыртқы борыштың негізгі сомасын арттыру үшін негіздеме болып табылады;

ішкі несие берушінің төлем құжатын. Мұндай құжат есептік деректерде мемлекеттік ішкі борыштың негізгі сомасын арттыру үшін негіздеме болып табылады;

мемлекеттік сыртқы борышты өтеу және қызмет көрсету мақсатында ашылған Қаржы министрлігінің валюталық шотынан ҚҰБ көшірмесі. Бұл орайда, есептік деректердегі мемлекеттік сыртқы борыштың негізгі сомасын азайту және ол бойынша сыйақыларды (мүдделерді) төлеуді есепке алу ол бойынша мемлекеттік сыртқы борыштың негізгі сомасын өтеу және қызмет көрсету есебіне тиісті төлемдер туралы шетел несие берушісінің хабарламасы негізінде жүргізіледі;

ішкі борыштың негізгі сомасын өтеу және ол бойынша сыйақыны (мүддені) төлеу жөніндегі төлем құжаты. Мұндай құжат есептік деректерде мемлекеттік ішкі борыштың негізгі сомасын азайтуға және ол бойынша сыйақыны төлеуді есепке алуға негіз болып табылады.

273. Есепке алу заем валютасында жүргізіледі. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың жағдайы туралы есептілік нысаны белгілі бір күнге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен анықталған валюта айырбастаудың рыноктық бағамы бойынша АҚШ доллары және/немесе ұлттық валютада беріледі. <\*>

*Ескерту. 273-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

### **31-тарау. Бюджеттен кредит беруді тіркеу**

274. Бюджеттен кредит беруді есепке алу шартқа сәйкес оның негізгі сомасының бюджеттік қаражатын өтеу мен ол бойынша сыйақыларды (мүдделерді) төлеуге Қаржы министрлігі мен республикалық бюджеттен қаражат алушы арасындағы, жергілікті уәкілетті орган мен шартқа сәйкес тиісті жергілікті бюджеттік қаражаттарды алушы арасындағы шарт жағдайының сақталуын бақылау мақсатында жүргізіледі.

275. Бюджеттен алынған кредит сомасын есепке алу, бюджетке өтеу және сыйақыларды (мүдделерді) төлеу Қаржы министрлігінде тіркелген Шарт жағдайларына және белгіленген тәртіпте Қаржы министрлігімен анықталатын мемлекеттік және мемлекет қарызымен кепілденген бухгалтерлік есепке алу есептерінің жоспарымен жүргізіледі.

276. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың бухгалтерлік есебінің шоттары жоспарының тиісті шоттарында кредиттер көлемінің өзгеруін есепке алу Қаржы министрлігі белгілеген тәртіп:

тиісті бюджеттен кредит бөлу жөніндегі төлемдерді жүзеге асыру Қаржы министрлігі мен жергілікті уәкілетті органның төлем құжаты негізінде жүргізіледі. Бұл ретте осындай құжат есепке алынған деректердегі кредит беру көлемінің артуы үшін негіз болып табылады;

бюджет қайтарымдық негізде бюджеттік қаражатты алушының төлем құжаты негізінде жүргізіледі. Бұл ретте есепке алынған деректердегі кредит беру көлемінің азаюы және тиісті кредит беру бойынша сыйақыны (мүддені) төлеуді есепке алу үшін негіз болып табылады.

### **32-тарау. Мемлекеттік мекемелердің активі бойынша операцияларды есепке алу**

277. Активтер - құндық бағасы бар мемлекеттік мекеменің мүліктері.

Мемлекеттік мекемелердің активтері мемлекеттік басқарудың қызметтерін және мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға п а й д а л а н ы л а д ы .

278. Қаржы министрлігі:

мемлекеттік мекемелер активтерінің бірыңғай жіктелімін әзірлейді және б е к і т е д і ;

өзі бойынша тозу есептемейтін активтердің тізбесін және активтерді есептен шығару тәртібін анықтайды.

Қазынашылықтың аумақтық органдары:

мемлекеттік мекемелер активтеріне жүйелі түгендеу нөмірін береді;

мемлекеттік мекемелер активтерінің болжамын және олардың тозуын есептеуді жүзеге асырады. Тозу активтер санаты бойынша олар есепті жылдың қандай айында сатып алынғанына немесе белгіленген нормаларға сәйкес пайдаланылуға берілгеніне қарамастан толық күнтізбелік жылға анықталады. Активтер құнының 100 процентінен артығына тозуды есептеу жүргізілмейді;

тозудың белгіленген нормасына 100 проценттік қатынас ретінде мемлекеттік мекемелер активтерінің қызмет мерзімін (пайдалы) анықтайды. Құнның 100 проценттік мөлшерінде тозуды есептеу немесе оларды одан әрі пайдалану мүмкін болған жағдайда активтің қызмет мерзімінің (пайдалы) асып түсуі есептен шығаруға негіз болып саналмайды;

мемлекеттік мекемелер активтердің бар-жоғын және оның қозғалысын есепке

алуды жүзеге асырады.

279. Мемлекеттік мекемелер Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен нысандар бойынша қазынашылықтың аумақтық органдарына: мемлекеттік мекемелердің активтері бойынша ақпаратты; заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік мекемелерге өтеусіз негізде берілген активтерді қоса алғанда олардың мемлекеттік мекемелер алғаннан кейін 10 күн ішінде мемлекеттік мекемелерге түскен активтер туралы ақпаратты; есептен кейінгі келесі айдың 5-і күні мемлекеттік мекемелердің активтері туралы ақпаратты беруге міндетті.

Қаржыландырудың ерекше тәртібі белгіленген мемлекеттік мекемелер активтер жөніндегі ақпаратты аумақтық қазынашылық органдарына бермейді, олардың активтерін есепке алу тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен басқа мемлекеттік мекемелердің активтерін есепке алудан бөлек жүргізіледі. <\*>

*Ескерту. 279-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен.*

280. Қаржы министрлігінің аумақтық органдарына берілген активтер бойынша ақпараттың дұрыстығына және оның мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік есебінің деректеріне салыстырмалылығына мемлекеттік мекеменің басшысы жауап береді.

**33-тарау. Құпиялық белгісі қойылған бюджеттің атқарылуы жөніндегі операцияларды есепке алу**

281. Өздері үшін қаржыландырудың ерекше тәртібі белгіленген мемлекеттік органдардың бюджеттің атқарылуы бойынша ақпарат беру, операцияларды есепке алу және есептілік Қаржы министрлігі тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп айқындайтын тәртіппен жүргізіледі.

**8-бөлім. Мемлекеттік мекемелер үшін есептілік (мерзімдік және жылдық) нысандарын жүргізудің рәсімі**

282. Бюджеттің атқарылуы бойынша есептілік нысандарының тізбесін, олардың нысандарын, мерзімділігін, оларды қалыптастыру тәртібі мен мерзімін Қаржы министрлігі белгілейді.

283. Қазынашылықтың аумақтық органдары заңдарда белгіленген тәртіппен есептік нысандарды күн сайын, ай сайын және тоқсан сайын қалыптастырады.

284. Қаржы министрлігі және жергілікті уәкілетті органдар бюджет жүйесі туралы заңға сәйкес Қаржы министрлігі бекіткен нысандар бойынша бюджеттің атқарылуы туралы есептілікті ұсынады.

285. Қазынашылық комитеті мен оның аумақтық органдары жергілікті уәкілетті органдар үшін қаражатты тиімді пайдалану және олардың төлемдерді жүзеге асыру жөнінде шешім қабылдауы мақсатында 30-3-қосымшаға сәйкес 5-

34-нысан бойынша "Шоттардағы қалдықтар туралы есеп" жасайды. <\*>

*Ескерту. 285-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101 қ а у л ы с ы м е н .*

286. Қаржы министрлігі мен оның аумақты органдары салық және жергілікті уәкілетті органдар үшін күн сайын мынадай:

22-қосымшаға сәйкес 2-08-нысаны бойынша шикізат секторының ұйымдарынан алынатын түсімдер туралы;

23 және 24-қосымшаларға сәйкес 2-15 және 2-16 нысандары бойынша Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кірістер жіктелімінің кодасы бойынша бюджетке түскен түсімдер туралы;

25-қосымшаға сәйкес 2-19 нысаны бойынша республикалық облыстық, Астана және Алматы қалалары және аудандық (қалалық) бюджеттердің арасындағы бюджетке түсетін түсімдерді бөлу туралы;

26-қосымшаға сәйкес 2-30 нысаны бойынша Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кірістер жіктелімі кодтарының арасындағы түсімдерді көшіру туралы;

27-қосымшаға сәйкес 2-31 нысаны бойынша салық органдарының арасындағы түсімдерді көшіру туралы;

28-қосымшаға сәйкес 2-29 нысаны бойынша салық төлеушілерге бюджеттен түсімдерді қайтару туралы есептілік нысандарын қалыптастырады.

287. Аумақтық қазынашылық органдары мемлекеттік мекемелер үшін мынадай е с е п н ы с а н д а р ы н :

21-1-қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік мекемелер бойынша төлемдер тізілімі" 5 - 1 5 - н ы с а н ы н ;

21-2-қосымшаға сәйкес "Төлемдер тізілімі" 5-17-нысанын;

30-2-қосымшаға сәйкес "Ақылы қызметтер бойынша шоттардағы қалдықтар туралы е с е п " 5 - 3 3 - н ы с а н ы н ;

21-қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік мекеменің шотынан үзінді көшірме" 5-20 - н ы с а н ы н ;

29-қосымшаға сәйкес "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" 4-20-нысанын;

31-қосымшаға сәйкес "Орындалмаған міндеттемелердің егжей-тегжейі" 4-12- н ы с а н ы н ;

31-1-қосымшаға сәйкес "Ақы төлеуге қойылған төленбеген шоттар бойынша жиынтық е с е п " 4 - 1 3 - н ы с а н ы н ;

30-қосымшаға сәйкес "Шығыстарды талдау жөніндегі есеп" 5-25-нысанын;

32-қосымшаға сәйкес "Ақы төлеуге шоттар бойынша талдау" 5-26-нысанын;

30-1-қосымшаға сәйкес "ақылы қызметтер шоттарындағы қалдық" 5-30- н ы с а н ы н қ а л ы п т а с т ы р а д ы . < \* >

*Ескерту. 287-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101*

## **қ а у л ы с ы м е н .**

288. Жоғарыда санамаланған есептілік нысандары бюджет ақшалары тиімді басқару үшін, мемлекеттік мекемелердің қаржыландырылуын егжей-тегжейлі жоспарларын орындау жөнінде бухгалтерлік есепті жүргізу және олардың активтерін есепке алу үшін пайдаланылады.

289. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджет жүйесі туралы заңға сәйкес Қаржы министрлігіне немесе жергілікті уәкілетті органға есептер ұсынады.

### **9-бөлім. Бюджеттің атқарылуын бақылау**

290. Қаржы министрлігі мен оның аумақтық органдарының және жергілікті атқарушы органдардың бақылау жүргізуі нәтижесінде мемлекеттік мекемелердің бюджеттен бөлінген қаражаттарды бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) мақсаттарына сәйкес келмейтін мақсаттарға пайдалануының анықталған фактілері бойынша мынадай құжаттар толтырылады:

34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада бақылау жүргізу актісі; <\*> нұсқама - төрт данада мемлекеттік мекемелердің лауазымды тұлғаларының міндетті түрде орындауы үшін жіберілетін 9-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы құжат (бұдан әрі - нұсқама).

Бақылау жүргізу актісі мен нұсқаманың бірінші данасы бақылауды іске асыратын мемлекеттік органда қалады, тексеру актісі мен нұсқаманың екінші данасы бақылау объектісінде қалады, нұсқаманың үшінші және төртінші даналары тиісінше бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне және бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі беретін рұқсатнамалар шегінде бюджеттік қаражатты қайтарып алу жөнінде міндеттемелер қабылдауға арналған өтінімді қалыптастыратын мемлекеттік мекемеге жіберіледі. <\*>

Республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алуды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар Қаржы министрлігі, жергілікті бюджеттердің қаражатын қайтарып алуды жүзеге асыратын мемлекеттік орган жергілікті уәкілетті органдар болып табылады.

Нұсқамада көрсетілген мақсатқа сай пайдаланылмаған қаражат сомасы республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын қайтарып алуды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қайтарып алуын жүзеге асыру үшін міндетті болып табылады.

Республикалық немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен берілген кредиттерді мақсатқа сай пайдаланбаған жағдайда заемшы мақсатқа сай пайдаланылмаған қаражаттың сомасын қайтарады және мақсатқа сай пайдаланылмаған соманың 25% мөлшерінде айыппұл төлейді.

Мақсатқа сай пайдаланылмаған кредиттің сомасына, сол сияқты бюджетке қайтарылуға жататын және заемшының осы Ережелерге сәйкес кредит шартында

белгіленген игерілу мерзімінен кейін пайдаланылған сомаларда жатады.

*Ескерту. 290-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

290-1. Жергілікті атқарушы орган мақсатты инвестициялық трансферттерді, Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын мақсатсыз пайдаланған кезде, Қаржы министрлігі мақсатсыз пайдаланылған сомалар республикалық бюджетке толық аударылғанға дейін жергілікті атқарушы органның шығыс операцияларын тоқтата тұрады.

Жергілікті атқарушы органның шығыс операцияларын тоқтата тұру олар бойынша қаражаттың мақсатсыз пайдаланылуына жол берілген сомалар мен Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың кодтары көрсетіле отырып, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің ұсынымдары, Қаржы бақылау комитетінің немесе оның аумақтық органдарының бақылау жүргізу актісі мен ұйғарымы негізінде жүргізіледі.

Трансферттер ретінде бөлінген қаражатты мақсатсыз пайдалану фактілері анықталған жағдайда, қаражатты қайтару оларды жергілікті атқарушы орган резервінен оның шешімі негізінде бөлу және республикалық бюджетке Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың "Республикалық бюджетке түсетін салыққа жатпайтын басқа да түсімдер" кодына жергілікті атқарушы органның аударуы ж о л ы м е н ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (жете пайдаланылмаған, конкурстық рәсімдердің нәтижелері бойынша үнем) мақсатты инвестициялық трансферттердің сомалары, Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражаты ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанына дейін аталған трансферттерді бөлген жоғары тұрған бюджетке міндетті қайтаруға жатады. <\*>

*Ескерту. 290-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101*

*қ а у л ы с ы м е н .*

291. Бюджеттік кредиттерді игеруге, мақсатты пайдалануға, уақтылы және толық өтеуге бақылау жасауды:

Қаржы министрлігі - тиісті бюджеттерден берілген барлық кредиттер б о й ы н ш а ;

жергілікті атқарушы орган - жергілікті бюджеттерден берілген кредиттер б о й ы н ш а ;

банк-заемшылар - түпкі заемшыға байланысты жағдайда барлық бюджеттік кредиттер бойынша жүзеге асырады.

292. Бюджеттік кредиттердің тиімділігін бағалауды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады.

293. Кредит беруші бақылау мақсатында бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінен және банк-заемшылардан бюджеттік кредиттерге байланысты қажетті ақпаратты талап етуге құқықты.

## 10-бөлім. Қаржы жылын аяқтау жөніндегі және есептік кезеңде бюджеттің атқарылуы жөніндегі рәсімдер

294. Қаржы министрлігі, жергілікті уәкілетті орган және мемлекеттік мекеме ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін және есептік кезеңде осы Ереже мен Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен бюджеттің атқарылуы жөніндегі барлық операцияларды жүзеге асырады.

294-1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландыру жоспарларының және мемлекеттік мекеменің ақылы қызметтерді іске асырудан алынатын қаражат жөніндегі қаржыландыру жоспарларының және кірістер және шығыстарды қаржыландыру жоспарларының қолданылуы ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанында тоқтатылады.

Бюджеттік бағдарламалар, тиісті инвестициялық жобалар бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарлары сомасының қалдықтары Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен есептік кезеңнің ішінде қолданылады. <\*>

*Ескерту. 294-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816*

қаулысымен

295. Қаржы министрлігі және жергілікті уәкілетті орган есепті қаржы жылынан кейінгі бірінші банктік күні есептік кезеңде операциялар жүргізу үшін тиісті инвестициялық жобалар бойынша міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары қалдығының (бұдан әрі - жоспардың қалдығы) сомасын айқындайды.

Жаңа қаржы жылының бірінші қаңтарындағы ҚБШ қалдығы есептік кезеңде шығыстарға бағытталатын сомалар шегінде есептік кезеңнің шотына аударылады.

296. Жаңа қаржы жылының 10 қаңтарына дейінгі мерзімінде Қаржы министрлігі және жергілікті уәкілетті органдар бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен келісім бойынша міндеттемелер, тиісті инвестициялық жобалар, сондай-ақ ресми трансферттер жөніндегі қаржыландырудың жиынтық жоспарының қалдықтары сомасына жоспар қалдықтарының шегінде және Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен тиісті ҚБШ рұқсат береді. <\*>

қаржы жылының ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен жергілікті бюджеттерге бөлінген, пайдаланылмаған қаражат ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанына дейін республикалық бюджетке қайтаруға жатады. <\*>

*Ескерту. 296-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен.*

297. Қазынашылық органы:

Қаржы министрлігінің аумақтық органдарында тіркелген және орындалмаған мемлекеттік мекемелердің бюджеттік бағдарламалары (кіші бағдарламалары)



бойынша міндеттемелерді Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен есепті қаржы жылының ішінде қайта тіркейді; < \* >

ағымдағы қаржы жылына берілген рұқсаттардың шегінде, Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен үкіметтік сыртқы заемның шеңберінде қабылданатын міндеттемелер бөлігінде әрекет ету мерзімі бір қаржы жылынан асатын шартты тіркейді. < \* >

міндеттемелерді тіркеуді жүзеге асырады және осы Ереженің 5-бөлімінің 10, 11-тарауларына сәйкес төлемдер жүргізеді.

*Ескерту. 297-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

*Ескерту. 297-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 қаулысымен .*

## 298. Мемлекеттік мекемелер:

Қаржы министрлігіне және жергілікті уәкілетті органдарға 10 қаңтарға дейінгі мерзімде ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша заң актілеріне және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен шетелдік мемлекеттердің, халықаралық қаржы ұйымдарының, шетелдік фирмалардың арасындағы келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде ашылған шоттарының көшірмелерін ұсынады;

төлем құжатында Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде ашылған шоттарынан ақша аудару үшін есепті кезеңнің шоттарына сәйкес келетін және Қаржы министрлігі жеткізген ИИК-тің деректемелері көрсетіледі.

299. Есепті кезеңдегі операциялар аяқталғаннан кейін мемлекеттік мекемелердің және аккредитивтердің шоттарын қоспағанда барлық шоттар жабылуға жатады. Мемлекеттік мекемелер шоттарының қалдықтарын дербес түрде Қаржы министрлігі көшіреді және мемлекеттік мекемелер мынадай т ә р т і п п е н :

ақылы қызметтерден түсетін қаражаттың есебінен шоттардың қалдықтары ақылы қызметтердің барлық түрі сақталған жағдайда өздері жаңа қаржы жылы пайдаланады, ақылы қызметтердің тиісті түрлері жоқ болған жағдайда - тиісті бюджеттің кірісіне аударылады;

қаржы жылының аяғында демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен қаражаттың қалдығы келесі қаржы жылында тағайындау бойынша;

жаңа қаржы жылында депозиттік қаражаттың есебінен қаражаттың қалдығы депозит шарттарына сәйкес пайдаланады.

Есептік кезең аяқталғаннан кейін Қаржы министрлігі есептік кезең шоты қалдығының сомасын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтініші бойынша аккредитивке аударуы мүмкін. < \* >

*Ескерту. 299-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

300. Қаржы жылының аяқталуы бойынша операциялар ҚҰБ келісім бойынша Қаржы министрлігі анықтайтын тәртіпте жүзеге асырылады.

#### **11-бөлім. Бюджетті атқарудың қосымша рәсімдері**

#### **34-тарау. Бірыңғай қазынашылық шот және басқа шоттар <\*>**

*Ескерту. 34-тараудың тақырыбы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

301. Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚҰБ-да ұлттық валютада БҚШ және ҚҰБ белгілеген тәртіпке сәйкес шетелдік валютада корреспонденттік шоттар (бұдан әрі - валюталық шот) ашады. <\*>

СБШ - түсімдер бойынша операцияларды есептеуге және тиісті бюджеттен жүргізілген төлемдерді есептеуге арналған. <\*>

БҚШ - барлық СБШ, мемлекеттік мекемелердің шоттары және басқа да шоттар қаражатының қалдықтарын қамтиды. <\*>

*Ескерту. 301-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

302. Мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен заем туралы шарттың (келісімнің) ережелеріне сәйкес Қаржы министрлігінің рұқсаты бойынша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде мынадай шоттар ашуы мүмкін:

инвестициялық жобаның арнайы шоты - үкіметтік сыртқы заемның немесе гранттың қаражатынан аванстық төлем арқылы жаңарып отыратын заем туралы шартта (келісімде) айтылған заем туралы шартта (келісімде) келісілген, шетелдік валютадағы банк шоты. Арнаулы шотты тауарлар (жұмыстар, қызметтер) сатып алуға және заем мен грант туралы тиісті шартта (келісімде) көзделген инвестициялық жобаға әкімшілік жүргізуге арналған шығыстардың үлесін мемлекеттік сыртқы заем немесе грант қаражаты есебінен өтеу үшін және белгіленген заңнамалық тәртіппен бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ашады;

ұлттық валютада төлемдерді жүзеге асыру үшін инвестициялық жобаның арнаулы шотына қосымша шот (бұдан әрі - теңгелік шот); <\*>

инвестициялық жобаның арнаулы шоты жүргізетіннен бөлек шетелдік валютада төлемдерді жүзеге асыру үшін инвестициялық жобаның арнаулы шотына қосымша шот (бұдан әрі - валюталық шот).

*Ескерту. 302-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

*Ескерту. 302-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 қаулысымен .*

#### **35-тарау. Мемлекеттік мекемелердің шоттарын жүргізу тәртібі**

303. Мемлекеттік мекемелердің бюджеттік шоттары және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда мынадай шоттары:

ақылы қызметтер бойынша шоттары;  
демеушілік және қайырымдылық көмек бойынша шоттары;  
депозиттік қаражат бойынша шоттары;

Алматы қаласы әкімінің бюджеттен тыс қоры бойынша шоты;  
басқа да шоттары болады. <\*>

*Ескерту. 303-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

304. Мемлекеттік мекемелердің шоттары Шоттардың бірыңғай стандарттық жоспарына сәйкес жүргізіледі, Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен ашылады және жабылады .

305. Мемлекеттік мекемелер Қаржы министрлігінің аумақтық органдарына:  
бюджеттік шоттарды ашу үшін мынадай құжаттарды:  
шотты ашуға өтініш ;

қайтадан құрылған мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің Қазақстан Республикасының заңдарында белгілеген тәртіппен куәландырылған көшірмесін ;

Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіппен куәландырылған ереженің (Жарғының) көшірмесін ;

бюджеттің орындалуы жөніндегі мемлекеттік мекеменің құжаттарына бірінші және екінші қолдарды қою құқығы оның басшысына және уәкілеттік қызметкерге жүктелуі туралы бұйрықтың көшірмесін ;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісінің мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру туралы уәкілетті органның шешімі (өкімі, қаулысы, бұйрығы) бекітілгеннен кейін он жұмыс күні өткен соң Қаржы министрлігінің аумақтық органына береді ;

салық төлеушінің тіркелу нөмірін (СТН) бере отырып, мемлекеттік мекеменің салық органында есепке тұру фактісін растайтын аумақтық салық органы берген белгіленген нысандағы құжат ; <\*>

ақылы қызметтер бойынша шоттарды ашу үшін :

бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекіткен, мемлекеттік мекемені ақылы қызметті сатудан алған қаражаттың кірістер мен қаражаттың шығыстарды қаржыландыру жоспарын ;

демеушілік және қайырымдылық көмек бойынша шот ашу үшін :

демеушілік және қайырымдылық көмекті берушілердің өтінішін ;

жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме үшін жергілікті уәкілетті органның рұқсаты ;

Алматы қаласы әкімінің бюджеттен тыс қоры бойынша шот ашу үшін : <\*>

Алматы қаласының өкілді органы бекіткен Қор туралы ереженің көшірмесін  
табыс етеді .

депозиттік шот ашу үшін :

Қаржы министрлігінің рұқсатын ;

аккредитив ашу үшін :

мемлекеттік мекеменің өтінішін және аккредитивті ашу және жүргізу қажеттілігін растайтын басқа құжаттарды табыс етеді. <\*>

*Ескерту. 305-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

306. Осы Ереженің 305-тармағында санамаланғаннан басқа қазынашылықтың аумақтық органдарына бюджеттік бағдарлама әкімшісінің басшысы куәландырған, мөр бедерімен анықталған немесе нотариалды куәландырылған төлем құжаттарына бірінші және екінші қол қою құқығы бар тұлғалардың қолдарының және 35-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мөр бедерінің үлгісі бар құжаты тапсырылады. Нотариалдық кеңселер жоқ елді мекендерде құжатты жергілікті әкім куәландырады.

Қазынашылықтың аумақтық органы белгілеген кезең ішінде жаңадан құрылған мемлекеттік мекеменің мөрі уақытша болмаған жағдайда мемлекеттік мекемелердің құжаттарын, егер олар бір елді мекенде орналасқан жағдайда тиісті бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісінің мөр бедерімен қабылдауға, болмаған жағдайда құжаттарды мөр бедерінсіз қабылдауға рұқсат етіледі.

Егер тіпті бір қолдың ауыстырылған немесе қосылған немесе мөрді ауыстырған жағдайда Қаржы министрлігінің аумақтық органына осы Ережеде бекітілген тәртіппен куәландырылған қолдың және мөр бедерінің үлгілері бар жаңа құжат тапсырылады.

Бірінші және екінші қол қою құқығы бар тұлғалардың біреуінің қолы уақытша ауыстырылған кезде әрекет ету мерзімі көрсетіле отырып қолдардың тиісті үлгілері бар уақытша құжат ресімделеді.

Қазынашылықтың аумақтық органына ұсынылатын құжаттың дұрыстығы мен уақтылылығына мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы жауап береді.

3 0 7 . < \* >

*Ескерту. 307-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

308. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мемлекеттік мекемелерді құру туралы нормативтік құқықтық кесімдердің негізінде Қаржы министрлігіне құрылған мемлекеттік мекемелерді мемлекеттік мекемелердің анықтамасына кіргізу туралы қолдаухатты береді.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мемлекеттік мекемелерді құру туралы нормативтік құқықтық кесімдердің негізінде Қаржы министрлігінің аумақтық органдарына құрылған мемлекеттік мекемелерді мемлекеттік мекемелердің анықтамасына кіргізу туралы қолдаухатты береді. <\*>

*Ескерту. 308-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

309. Шоттардың бірыңғай стандарттық жоспары бюджеттік шоттары, ақылы қызметтер бойынша шоттары, демеушілік және қайырымдылық көмек бойынша

шоттары, депозиттік қаражаттары бойынша шоттары, Алматы қаласы әкімінің бюджеттен тыс қоры бойынша шоттары үшін осы Ереженің 305-тармағында санамаланған құжаттар болған жағдайда, депозиттік қаражаттың шоттары үшін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес, ал жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін жергілікті уәкілеттік органдардың рұқсаттары бойынша қалыптастырылады. <\*>

*Ескерту. 309-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

310. Мемлекеттік мекемелер Қаржы министрлігінің аумақтық органдарына берілген құжаттардың жалғандығы үшін жауап береді және:

шоттар жоспарын қалыптастыру және жүргізу, төлем құжаттарын ресімдеу, бюджет қаражатын бюджеттік бағдарламаның паспортында көзделген мақсаттарға пайдалану тәртібін сақтауға міндетті;

шот жоспарына сәйкес бекітілген жоспарлық соманың кассалық шығыстардан асып түсуі нәтижесінде пайда болған қаражаттың қалдықтарына билік етуге және Қаржы министрлігінің аумақтық органдарынан шоттардың жоспарларына сәйкес көрсетілген операциялар бойынша қажетті ақпаратты алуға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

311. Қаржы министрлігі мен оның аумақтық органдарының: мемлекеттік мекемелерден Қаржы министрлігінің аумақтық органдарына ұсынылатын құжаттарды осы Ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес ресімдеуді т а л а п е т у г е ;

мемлекеттік мекемелердің бюджет қаражатын бюджеттік бағдарламалардың паспортына сәйкес мақсаттарға пайдалануын тексеруге құқығы бар.

**36-тарау. Уақытша бос бюджет ақшасын салымдарға (депозиттерге) орналастыру рәсімі**

312. Уақытша бос бюджет ақшасын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі (бұдан әрі - ҚҰБ) салымдарға (депозиттерге) орналастыруды оларды ұтымды пайдалану және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен ҚҰБ арасында жасалған 2002 жылғы 8 мамырдағы N 230 Салым операцияларын жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын стандартты шарттар туралы бас келісім (бұдан әрі - Келісім) негізінде республикалық бюджетке кіріс алу мақсатында Қаржы министрлігі жүзеге асырады. <\*>

*Ескерту. 312-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101 қаулысымен .*

313. Ақшаны ҚҰБ-дағы салымдарға (депозиттерге) орналастыру жөніндегі әрбір операция салымды (депозитті) әрбір орналастыру жөніндегі барлық деректерді: салым (депозит) сомасын, салымды (депозитті) орналастыру мерзімін , салымды (депозитті) орналастырудың басталған және аяқталған күнін, сыйақы

ставкасын, сыйақы сомасын, қайтарылатын салым (депозит) пен есептелген сыйақы сомасын, салымды (депозитті) мерзімінен бұрын талап еткен кезде қолданылатын сыйақы ставкасын қамтитын мәміле паспортымен ресімделеді. Салымды (депозитті) қайтару мерзімі бұзылған немесе орындалмаған кезде тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) мөлшері көрсетілуі тиіс. <\*>

*Ескерту. 313-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101 қаулысымен.*

314. Келісімнің мерзімі аяқталғаннан кейін ҚҰБ банктік салымның сомасын Келісімдегі келісілген деректеме бойынша Қаржы министрлігіне қайтарады, ал сыйақыны Келісімге сәйкес Келісімдегі келісілген деректеме бойынша республикалық бюджеттің кірісіне аударады.

ҚҰБ-да ашылған Қаржы министрлігінің шоттарында дебеттік қалдыққа жол бермеу мақсатында Келісім Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда біржақты тәртіппен бұзылуы, және де банктік салым Қаржы министрлігінің тиісті шоттарына қайтарылуы мүмкін. <\*>

*Ескерту. 314-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.10.27. N 1101 қаулысымен.*

**12-бөлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына ақша есептеу және оны пайдалану жөніндегі рәсімдер**

**37-тарау. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына ақша есептеу ережесі**

315. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры (бұдан әрі - Қор) Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен белгіленген түсімдердің есебінен қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

316. Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

күн сайын шикізат секторы ұйымдарынан түскен жоспардан тыс түсімдерді, республикалық меншіктегі және тау-кен өндіру және өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түскен қаражатты және мемлекет ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін жеке меншікке сатудан түскен қаражатты Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінде ашылған Қордың арнайы шотына, содан кейін Қордың арнайы шотынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қ Ұ Б ш о т ы н а ;

қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден ресми трансферттерді аударады.

Шикізат секторы ұйымдарынан түсетін жоспардан тыс түсімдерді Қаржы министрлігі шикізат секторы ұйымдарынан бюджетке түскен іс жүзіндегі түсімдердің жергілікті бюджеттердің, тұтастай алғанда республикалық бюджет бойынша және жеке жергілікті бюджеттер бойынша бұрын Қорға аударылған соманы және Қордан алынған шығындар өтемақысын ескере отырып, кірістер

сыныптамасының кодтары бөлінісінде қаржы жылынан бастап өспелі қорытынды республикалық бюджетке түсетін түсімдердің бекітілген жылдық көлемінен және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдердің бекітілген тоқсандық көлемдерінен артық сомасы ретінде анықтайды. <\*>

*Ескерту. 316-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

*Ескерту. 316-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.03.15. N 320 қаулысымен .*

317. Шикізат секторы ұйымдарынан республикалық бюджетке түсетін түсімдердің жылдық көлемі тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітіледі. <\*>

Қазақстан Республикасының Үкіметі шикізат секторы ұйымдарынан жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдердің тоқсандық көлемдерін бекіткенге дейін шикізат секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді бюджетке есептеу республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жылдық соманың шегінде жүзеге асырылады .

Егер Қазақстан Республикасының Парламенті 15 желтоқсанға дейінгі мерзімде кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды қабылдамаған жағдайда, шикізат секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді бюджетке есептеу Қазақстан Республикасы Президентінің "Алдағы қаржы жылының 1-тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспары туралы" Жарлығында белгіленген соманың шегінде жүзеге асырылады.

*Ескерту. 317-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.14. N 816 қаулысымен .*

318. ҚҰБ инвестициялық кірістерді есепке алуды кастодиандардан алынатын ақпараттың негізінде жүргізеді.

Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге түсімдер мен кірістерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚҰБ шотына заңды және жеке тұлғалар аударды .

319. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚҰБ шотының деректемелері заңды және жеке тұлғаларға - резиденттер мен резидент еместерге, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне хабарланады. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері Қазақстан Республикасы Үкіметі шотының деректемелерін Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінде сұратады.

### **38-тарау. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану тәртібі**

320. Қордың қаражаты Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес пайдаланылады .

